

Шухрат Эргашев, Бегзод Ходжаев,  
Жамшид Абдуллаев

# ДУНИЕ ТАРИХЫ

(1991–2017 жылдар)

*Орта білім беру мекемелерінің II-сынып оқушылары  
үшін оқулық*

Бірінші басылым

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі бекіткен

Ташкент  
«TURON-IQBOL»  
2018

УДК 94(100)(075.3)=512.122

ББК 63.3(0)

Д 81 Эргашев, Шухрат

Дүние тарихы [Мәтін]: Орта білім беру мекемелерінің 11-сыныбы оқушылары үшін оқулық / Ш. Эргашев, Б. Ходжаев, Ж. Абдуллаев. «TURON-IQBOL».  
– Ташкент: 2018. – 144 б.

ББК 63.3(0)

**Жауапты редактор:**

**М. Рахимов** – тарих ғылымдарының докторы, профессор;

**Т. Бобоматов** – тарих ғылымдарының кандидаты.

**Пікір жазғандар:**

**Қ. Ражабов** – тарих ғылымдарының докторы, профессор;

**Г. Пазилова** – Ташкент қаласы Юнусабад ауданындағы 257-мектебінің тарих пәнінің оқытушысы;

**Ф. Аманова** – Ташкент қаласы Мырза Ұлықбек ауданындағы 248-мектептің тарих пәнінің оқытушысы;

**О. Эргашев** – Ташкент облысы Ахангаран ауданындағы 22-мектептің тарих пәнінің оқытушысы;

**Шартты белгілер**



Интернетпен істеуге байланысты тапсырма



Терминдердің сипаттамасы



Еске ал



Есте сақта



Картамен істеуге байланысты тапсырма



Өзіңді сынап көр



Шығармашылық жұмыстың тапсырмасы

Республикалық мақсатты кітап қоры қаражаттары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-14-537-5

© Ш. Эргашев және басқ., 2018.  
© «TURON-IQBOL», 2018.

## КІРІСПЕ

Дүние тарихының 1991 жылдан басталған кезеңінде дүниенің әлеуметтік-саяси және экономикалық жүйесінде үлкен өзгерістер орын алды. Бұл дәуірде қоғам өмірінің барша салаларына күшті әсер еткен фактор ғылыми-техникалық төңкерістің жаңа басқышы – компьютер-ақпарат төңкерісі болды. Бұл төңкерістің әсері негізінде дамыған мемлекеттерде цивилизацияның индустриалды басқышынан постиндустриал, ақпарат басқышына өту басталды.

Аталмыш оқулық сол дәуір оқиғаларын баяндаумен қатар, қоғам өркениетінің қазіргі басқышын талқылау және еркін өмірге қадам басу қарсаңында тұрған. Сен оқушыларға өз өмірлік болашағын белгілеп алу мүмкіндігін беретін білімдерді қалыптастырады. Бұл білімдер дүние халықтары мәдениетінің әрбірі өзіне тән құндылығын, гуманизм және отансүйгіштік жақтары, азаматтық қоғамы мен құқықтық мемлекет идеяларына негізделген жалпыадамилық құндылықтарды танып білуге көмектеседі. Қоғам өркендеуінің қажетті заңдылықтарын біліп алу, дамудың өзіне тән жолдарын түсіну мен болашақтары туралы көз алдына елестетуге ие болу мүмкіндігін береді. Сондай-ақ алған білімдерің жетекші мемлекеттердің тарихи тәжірибесін Өзбекстанда шығармашылықпен қолдануға көмек береді.

### ОҚУЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР:

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы  
 НАТО (ағыл. North Atlantic Treaty Organization) – Солтүстік Атлантика әскери блогы  
 ЕО – Еуропа Одағы  
 СССР (орыс Союз Советских Социалистических Республик) – бұрынғы Советтік Социалистік Республикалар Одағы  
 РСФСР – Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы  
 АҚШ – Америка Құрама Штаттары  
 БРИКС (ағыл. BRICS – Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка) – Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка мемлекеттерінен құралған одақ.  
 ГТТ – ғылыми-техникалық төңкеріс.  
 ЖІӨ – жалпы ішкі өнім.  
 АСЕАН – Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері ассоциациясы.

## I ТАРАУ. XX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ – XXI ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕ ДҮНИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### 1-ТАҚЫРЫП. XX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XXI ҒАСЫР БАСТАРЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Дүние тарихы ең жаңа дәуірдің үшінші басқышы 1991 жылдан басталып, қазіргі күнге дейін болған оқиғаларды үйренеді. Бұл дәуірде социалистік жүйенің құлдырауы, СССР-дің таралып кетуі дүние шеңберінде күштердің санына, күдіретті мемлекеттер арасында қалыптасқан тепе-теңдікке үлкен әсер етті.



#### Біріккен Ұлттар Ұйымы қашан құрылған еді?

Бұл дәуірде экономикалық және мәдени өмірдің жаһандануы, экология проблемаларының шиеленісуі, дүниенің өте үлкен бөлігінде модернизация процестерінің аяқталмағандығымен байланысты қарама-қайшылықтардың күшеюі халықаралық тұрақтылыққа шынайы қауіп төндіре бастады, көптеген мемлекеттердегі күрделі проблемалардың көзіне айналды.

**XX ғасырдың 90-жылдары аяғында халықаралық қатынастар.** Екінші дүние соғысынан соң дүниедегі күштердің тепе-теңдігін белгілеп келген капиталистік және социалистік әскери-саяси блоктар арасындағы қарама-қарсылық 1990 жылдарда пайда болды. Бірақ, дәл сол кезде, өңірлік проблемалар мен «кіші соғыстар» қауіп күшейіп, тұлға әрі халықтардың құқық пен қауіпсіздігін қорғау, гуманитар-құқықтық, мәдени байланыстарды қамтамасыз ету, объективті ақпарат тарату мәселелері дүние саясатының өзекті проблемаларына айналды.

1990 жылдар бастарында халықаралық қатынастар жүйесінде түп бұрылыс пайда болды. Алдымен Орталық пен Шығыс Еуропа мемлекеттерінде социализмнің құлдырауы, ал кейін СССР-дің таралып кетуі және «екі полюсті дүние» моделінің пайда болуы нәтижесінде дүниеде бір полюс, яғни АҚШ басшылығында Батыс мемлекеттерінің үстемдігі орнатылды. Бұрынғы социалистік лагерь мемлекеттеріндегі қиындықтар, Германияның бірігуі мен Батыс мемлекеттеріндегі интеграциялану процестері XX ғасыр аяғы – XXI ғасыр бастарындағы халықаралық қатынастардың қажетті факторына айналды.

Дәл қазір екі полюсті дүние жүйесінің өзгеруі бірқатар мемлекеттердің саяси дамуының күрт өзгеруге, тоталитарлық идеологияның пайда болуына алып келді. Жүзеге асқан идеологиялық кеңістікке ұлтшылдық, діни фанатизм, агрессияшылдық идеялары кіріп келе бастады. БҰҰ-ның тыныштықсүйер әрекеттері әрдайым да тиімді болмады. Екі полюсті дүние пайда болғаннан кейін ғаламдық қақтығыс қаупінің орнын локалды соғыстар қаупі иеленді.

Бұрынғы СССР мен Югославия территорияларындағы проблемалардан тыс Таяу Шығыстағы жағдай да қиындығынша қалды. Сондай-ақ Үндістан мен Пәкістанның ядро қаруына ие болу үшін жасаған ұмтылулары сол өңірдегі карама-қайшылықтарды күшейттірді.

Дүниенің түрлі өңірлеріндегі саяси тұрақсыздық жаңадан жаңа оқиғаларды келтіріп шығарды. 1990 жылдардың аяғында Тропикалық және Оңтүстік Африканың бірқатар мемлекеттері қанды соғыстар, мемлекет төңкерістері, партизандық әрекеттер майданына айналды.

**XXI ғасыр бастарындағы халықаралық қатынастар.** XXI ғасырдың бастарына келіп дүниеде жаңа құдіретті мемлекеттердің пайда болуы және олардың альтернативтік орталықтарға айналу процесі көзге түсіп қалды. Бұл мемлекеттер ықпалының артуында олардың экономикалық мүмкіндіктерінің өсуі негізгі фактор болды. Үндістан, Пәкістан мен Солтүстік Кореяның ядро қаруына ие болуы бұл мемлекеттердің халықаралық қатынастарда тәуелсіздігін асырды. Иран да өз рөлін асыруға ұмтылып, бастаған ядролық бағдарламасы дүние қоғамын үлкен әбігерге салды.



Түрлі-түсті дүние

Қытай және Бразилияның жедел дамуы оларды «үшінші дүние» мемлекеттері қатарынан экономикалық дамыған мемлекеттердің күшті ондығына және дүние саясатының жетекшілері қатарына алып шықты. Осындай жедел дамып келе жатқан басқа мемлекеттер—Туркия, Сауд Арабиясы, Мексика, Парсы шығанағы өңіріндегі араб мемлекеттері мен басқа мемлекеттер халықаралық және өңірлік қатынастарға күшті ықпал жасай бастады. Дәл қазір АҚШ-тың халықаралық қатынастарда бұл мемлекеттерге ықпалы кемейіп барды. Осылайша көпжүзді дүние моделінің қалыптасу процесі басталды. Бұл процесте әрбір мемлекет өз орнына ие болуға ұмтылуда.

Өзбекстан Республикасы Президенті Ш.Мирзиёевтің 2017 жыл 19 қыркүйекте БҰҰ-ның 72-сессиясында жасаған баяндамасы көпжүзді дүниенің қалыптасуы мен жаһандану процесінде Өзбекстанның орнын белгілеп беруге қаратылды. Оның Орталық Азияны тыныш және гүлденіп жатқан территорияға айналдыру, Арал проблемасын шешуде бүкіл дүниенің қатысуы, Ауғанстанда тыныштық орнату және бүкіл дүние жастарын террорлық қаупінен сақтап қалу қажеттігі туралы ұсыныстары дүние қоғамы тарапынан қызыға күтіп алынды.

Дүние қарқынды өзгеріп баруда. Дүниеде жаңа пайда болған күдіретті мемлекеттер 2008 – 2009 жылдардағы дүние қаржылық дағдарысы ЕО мен АҚШ-қа шынайы ықпал еткенінен пайдаланып, әлем экономикасында күштер тепе-теңдігін өзгертуге ұмтылуда. Дәл қазір әлем экономикасының басқарушылығын асыру мақсатында Батыс мемлекеттерінің дамып жатқан мемлекеттермен жақындасуы пайда болуда. Сол мақсатта дүниенің 20 экономикалық ең ірі мемлекеттері өкілдерін бірлестірген «Үлкен жиырмалық» – G-20 клубы ұйымдастырылды. G-20 мемлекеттері дүние экономикасына байыпты әсер ету мүмкіндігіне ие. Дегенмен, дүние ЖІӨ-нің 80%-ы сол мемлекеттердің үлесіне тура келеді. Жер шары тұрғындарының 2/3 бөлігі осы мемлекеттерде жасайды.



**2017 жыл 19 қыркүйекте...**

**2008 – 2009 жылдардағы ...**

**Ең жаңа дәуірдің үшінші басқышы – бұл ...**

Экономикалық қатынас пен интеграцияның күшеюіне қарамай, дүние қоғамдастығы алдында шешілуі шарт болған бірқатар проблемалар тұрыпты. Олар алдымен, Таяу Шығыс (Ирак, Палестина, Сирия), Солтүстік Корея, Украина және Африкадағы

проблемалармен байланысты. Бұл проблемаларды шешуге Батыс мемлекеттері, Ресей мен Қытайдың түрліше жандасуы олардың арасындағы қатынастарды шиеленістіруде.

Екі жетекші ядролық мемлекет – АҚШ пен Ресей арасындағы күрделі қатынас дүние қоғамы алдында тұрған бірқатар өзекті проблемаларды шешуге кедергі жасауда. Осындай проблемалар ішінде ең қауіптісі халықаралық терроризм. Ол қазір глобалды дүние өркениетінің қалыптасу процесі өз қорытынды межесіне өтіп жатқан дәуірде жаңа сапаны құрайды және дүние саясатында үлкен проблемаға айналды.

Халықаралық қатынастардағы өзгерістер ХХІ ғасырда халықаралық қауіпсіздік пен қатынасқа негізделген жаңа дүние тәртібін орнату идеясының ілгері сүрілуіне алып келді. Бірақ бұл міндетті жүзеге асыру дүние мемлекеттері, бірінші орында, жетекші мемлекеттер арасында ынтымақтастықты талап етеді.

«Суық соғыс» аяқталғаннан кейін халықаралық қатынастарда, алдымен АҚШ пен Ресей арасында жүзеге асқан ынтымақтастық жағдайы 2014 жылға дейін жалғасты. Сол жылы Украинада басталған саяси төңкеріс Ресей мен Батыс мемлекеттері арасындағы шынайы қарама-қарсылықтың жаңа басқышына алып келді.



**1990 жылдардың бастарында халықаралық қатынастар жүйесінде бетбұрыс болды.**

**АҚШ пен Ресей арасында пайда болған ынтымақтастық жағдайы 2014 жылға дейін жалғасты.**

ХХІ ғасырға кіріп келген адамзат тек қана глобалды үндеулерге, бәлкім геосаяси жағдайдың өзгеруімен байланысты проблемаларға да кез келуде. Жалғыз ұлы мемлекет болып қалған АҚШ өзінің жетекшілік рөлін дүние қоғамдастығының қалауы ретінде ұсынып келді. Ирак пен бұрынғы Югославия, Ауғанстан мен Сирияда әскери күштің қолданылуы, Солтүстік Атлантика одағының кеңеюі, планетамыздың басқа өңірлерінде де күштен кең пайдалану АҚШ-тың дүниеде шүбәсіз үстемдігін көрсетті. Бірақ бүгін халықаралық қатынастарда барған сайын үлкен рөл ойнап жатқан Қытай, Ресей, Үндістан сияқты мемлекеттердің бұған разы болуы қиын. Жүзеге асқан жағдайда адамзаттың шынайы қауіпсіздігі мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарама-қарсылықтың тереңдеуімен емес, цивилизацияны сақтап қалу және оның гүлденуін қамтамасыз етуге қабілетті болған өзара қатынаспен байланысты болып қалуда.



**Жаһандану** – бұл дүние мемлекеттерінің экономикалық, саяси, мәдени және діни тұрғыдан бірігуі яки жақындасу процесі.

**Модернизация** – бұл әлеуметтік жүйені жедел дамыту мақсатында оны толық немесе жартылай жаңалау, дәстүрлі қоғамнан жаңаланған қоғамға, аграрлық цивилизациядан индустриалды цивилизацияға өту процесі.

**Тоталитарлық идеология** – идеологиялық режим формасы болып, тоталитарлық қоғамда тұрғындарды кең деңгейде бұқаралық түрде идеологиялық қайта тәрбиелеу құралы.

**Көпполюсті дүние** – дүниеде бір-бірінен үстем болмаған бірнеше саяси, экономикалық, әскери және мәдени орталықтардың (полюстердің) бар болу жағдайы.

**Үшінші дүние** – XX ғасырдың екінші жартысына тән болған саяси термин. Ол «суық соғыста» және онымен байланысты қарулану жарысына тікелей қатыспай жатқан мемлекеттерге қатысты қолданылған. Алғаш АҚШ жақтаушылары мен социалистік лагерге кірмеген барша мемлекеттер «үшінші дүние» деп аталған.

**ҒТТ (ғылыми-техникалық төңкеріс)** – ғылым мен техниканың дамуында жаңа сапа басқышына өту, үлкен секіру және оның негізінде істеп шығарушы күштерді түптен қайта құру.

**Интеграция** – бұл суверен мемлекеттер арасында тауарлар, қызметтер, қаржы, инвестиция, жұмысшы күші еркін әрекеттенетін экономикалық кеңдікті ұйымдастыру мақсатында бірігу процесі.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Екі қарама-қарсы әскери-саяси блоктар пайда болғаннан кейін халықаралық қатынастардың өзекті проблемалары нелерден құралды?
2. 1990 жылдардың бастарында халықаралық қатынастарда пайда болған түп өзгерістер нелерде көрініс тапты?
3. XXI ғасырда көпполюсті дүние моделінің қалыптасуы халықаралық қатынастардағы қандай процестерде көзге түсуде?
4. Оқулықтағы материалдардан пайдаланып XX ғасыр аяғы–XXI ғасыр бастарында халықаралық қатынастарға әсер етіп жатқан қажетті факторлардың тізімін түз.



## Өзіндік жұмыс



Мәтінде берілген картамен таныс және «Түрлі түсті әлем» тақырыбында эссе жаз.

## 2-ТАҚЫРЫП. ШЫҒЫС ЕУРОПА МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТӨҢКЕРІСТЕР МЕН СОЦИАЛИСТІК ЛАГЕРЬДІҢ ЫДЫРАУЫ


**Социалистік жүйенің ыдырауы.** Шығыс Еуропа мемлекеттерінде социалистік жүйенің аударылуы түрліше көріністе жүзеге асырылды. Қайта құру дәуірінде белсенді реформалар алып барған, идеологиялық плюрализмді орната алған және басшылары өзгерістердің болуын сезінген мемлекеттерде социализмнің құлауы әлдеқайда тыныш өтті.



**Екінші дүние жүзі соғысы Шығыс Еуропа мемлекеттері үшін қандай нәтижелермен аяқталды?**

Польшада тұрғындардың мемлекеттегі социалистік жүйеден наразылық шығулары 1988 жылдан бастап күшейіп барды да олар саяси реформаларды, Лех Валенса басшылығындағы «Бірлік» кәсіподағының еркін қызмет жүргізу құқығын талап етті.

1989 жылы болып өткен сайлаулар билеуші Польша Біріккен жұмысшы партиясының (ПБЖП) абыройы түсіп, оппозициядағы «Бірлік» кәсіподағының бара жатқанын көрсетті. Жаңа құрамдағы парламент конституцияға өзгеріс енгізіп, Польшаны демократиялық құқықтық мемлекет деп жариялады. ПБЖП өз қызметін тоқтатты. 1990 жылы кезектен тыс президенттік сайлауларында Лех Валенса жеңіске жетті.



Лех Валенса



Йон Илеску

Румынияда коммунистік режимнің құлауы шынайы әскери қақтығыс салдарынан пайда болды. 1989 жыл желтоқсанда Тимишоара қаласында тұрғындардың Н. Чаушеску режиміне қарсы тыныш ереуілі Румыния жасырын қызметінің қызметкерлері тарапынан оққа ұшуы мемлекет бойлап көтерілістің басталуына алып келді. Армия көтерілісшілер тарапына өтті. Бірнеше мың кісілік топ танк бөліктері көмегінде Мемлекет кеңесін камал жасады. Көтеріліс Н. Чаушеску және оның әйелін соттау, соттың үкіміне қарай атып тастау процесімен аяқталды. Төңкерісте мыңнан астам адам қайтыс болды. Билік көтеріліс күндері құрылған Ұлттық құтқару фронтының қолына өтті. Комитет төрағасы болған Йон Илеску 1990 жылғы сайлауларда мемлекет президенті етіп сайланды.



1988 жылдан Польшада ...  
1989 жылда Польшада ...

1990 жылда ...  
ПБЖП – бұл...

Екінші дүние жүзі соғысынан кейінгі ең қажетті оқиғалардың бірі Германияның бірігуі болды. 1980 жылдардың аяғында Германия Демократиялық Республикасында әлеуметтік-экономикалық және саяси төңкеріс басталып, 1989 жылы қарашада екі неміс мемлекетін ажыратып тұрған Берлин қабырғасының құлауына алып келді. Бұл іс жүзінде екі Германия арасындағы шекараның ашылуы еді. 1990 жылы Мәскеуде екі неміс мемлекетін бір – Германия Федеративтік Республикасына біріктіру туралы келісімге қол қойылды.

**Шығыс Еуропа Мемлекеттері XX ғасырдың аяғы – XXI ғасыр бастарында.** Негізінен тыныш жолмен жүзеге асырылған демократиялық төңкерістер нәтижесінде Шығыс Еуропа мемлекеттері дамуының экономикалық және саяси бағыты етіп Еуропа Одағын таңдады. Шығыс Еуропаның барша мемлекеттері НАТО-ға мүше болды.

Базар экономикасына жедел өту бірқатар байыпты проблемаларды келтіріп шығарды. Инфация дәрежесі мен жұмыссыздықтың артуы, тұрмыс дәрежесінің төмендеуі, қоғамның байлар мен көп санды кедейлерге ажыралуы байқалды. Нәтижеде, реформалар үшін жауапты болған үкіметтерді тұрғындар қолдамай қойды. Польшада әлеуметтік ортаның өзгеруі нәтижесінде 1990 жылдардың ең атақты

саясатшыларының бірі Лех Валенса президенттік сайлауларында жеңіліске ұшырады. Күшті идеологиялық қысымға қарамай, солдар Литвада, кейіннен Албанияда билікке келді.



Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттері

Өзгерістер басқа Еуропа мемлекеттеріне қатысты Югославияда біраз күрделі өтті. Алты Республикадан құрылған Югославия Федеративтік Республикасында социалистік жүйенің құлауы ұлтшыл және айырмашыл күштердің белсенді болуы үшін мүмкіндік жаратты. Нәтижеде 1991–1992 жылдары Югославия мемлекеті таралып кетті. Тек Сербия мен Черногория федерацияда қалды. Словения, Хорватия, Босния мен Герцеговина және Македония тәуелсіз мемлекеттерге айналды. Бірақ, тәуелсіз мемлекеттерге ажыралу этникалық қарама-қайшылықтарды шиеленістіріп жіберді.



**1989 жыл қарашада ...1990 жылы Мәскеуде ...  
1991–1992 жылдары ...**

1990 жылдан кейін Сербияда мұсылман-албандар өздерінің «Косово Республикасын» жариялады. Бұл Сербиямен қарулы қақтығысқа алып келді де оған НАТО араласты. 1999 жылы НАТО әскерлері Югославияны талқандады. Оқиға Еуропа деңгейіндегі ыдырауға айналды.



Югославияның ыдырауы

Тағы бір ауыр жағдай Босния және Герцеговинада жүзеге асты. Бұл жерде сербтер, хорваттар мен мұсылмандар тарихтан көрші жасаған. Осы себепті этникалық айырмашылыққа діни қарама-қайшылық та қосылды. Босния мен Герцеговинада ұлттық қарама-қайшылықтар жеке күрт рең алды. Тұрғындардың жартысын құрған сербтер Югославия құрамынан шығуды қаламады және өздерінің Босния серб Республикасын жариялады. 1992 – 1994 жылдары сербтер, мұсылмандар мен хорваттар арасында әскери қақтығыстар басталып кетті де бұл тыныш тұрғындар арасында да көптеген құрбандарға алып келді. Босниядағы этникалық қақтығыстарды жою үшін бұл жерге БҰҰ бітімгерлік күштері енгізілді және соғыс әрекеттері тоқтатылды. 2006 жылы өткізілген референдум нәтижесіне қарай Черногория Сербиядан ажыралып шықты. Югославия Республикасы пайда болды.

**Чехословакия** ұлттық проблемаларды шешудің тыныш жолын таңдады. 1992 жылы өткізілген референдум нәтижесіне қарай, мемлекет тұрғындары бөлінуге шешім қабылдады. Бөліну процесі шынайы талқыланып, мұқият дайындалды. 1993 жылдың 1 қаңтарынан дүние картасында екі тәуелсіз мемлекет – Чехия Республикасы және Словакия Республикасы пайда болды.



**Чехословакияда ұлттық проблемаларды шешу мақсатында 1992 жылы референдум өткізілді. 1999 жылы НАТО әскерлері Югославияны талқандады.**

Шығыс Еуропа мемлекеттерінде болған оқиғалар сезілерлі халықаралық саяси өзгерістерге алып келді. Бұл мемлекеттерді енді Батыс Еуропа мемлекеттерінің экономикалық және әскери-саяси ұйымдары – алдымен ЕО және НАТО өзіне қаратты. Венгрия, Латвия, Литва, Эстония, Польша, Словения, Словакия мен Чехия, Румыния және Болгария ЕО-ға мүше болды. Бұл мемлекеттерде демократиялық дәстүрлердің бар болғандығы және Батыс Еуропамен жалпы цивилизацияға қатыстылығы олардың дамуына оң әсер етуде. Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттерінде тұрғындар жасау дәрежесінің жақсарғандығы қоғамда демократиялық реформаларға сенімді күшейттірді.

Бірақ бұл мемлекеттердің көпшілігінде жұмыссыздық едәуір жоғары, бір бөлігі тұрғындар Батыс Еуропаның дамыған мемлекет-

теріне шығып, жұмыс істеуге мәжбүр болуда. Соған қарамай, Орталық және Шығыс Еуропа Батыс Еуропамен экономикалық және мәдени теңдік нық қадам тастауда. Бұл мемлекеттердің ең үлкен проблемаларының бірі қоғамда коррупция дәрежесінің жоғарылығы болып қалуда.



**Көппартиялылық принципі** – бұл заманауи демократиялық мемлекеттерде саяси өмірді ұйымдастырудың негізгі конституциялық бағыттарының бірі болып, идеологиялық плюрализмнің (көп түрлілік) жарқын көрінісі.

**Этникалық қақтығыс** – әдетте, бір-бірімен көрші жасайтын түрлі этникалық топқа тиісті командалар арасындағы қақтығыс.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Шығыс Еуропа мемлекеттерінде социалистік жүйенің ыдырауы қандай көріністерде жүзеге асырылды?
2. Шығыс Еуропа мемлекеттері НАТО-ға мүше болуда өз қауіпсіздігінің кепілдігінен тыс тағы қандай ерекшеліктерін көрді?
3. Шығыс Еуропа мемлекеттерінде социализм ыдырағаннан кейін қандай проблемалар пайда болды?
4. Мәтіннен пайдаланып социализм ыдырағаннан кейін Шығыс Еуропада жүзеге асқан жаңа мемлекеттердің тізімін түз.

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттеріне тиісті аймақтарды атағына қарай ажырат және түсінік бер..



Мәтіннен пайдаланып, Шығыс Еуропа мемлекеттерінде демократиялық өзгерістер хронологиясын құрастыр.

### 3-ТАҚЫРЫП. СОВЕТ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҮДЫРАУЫ ЖӘНЕ БҰРЫНҒЫ СОВЕТТІК РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ

**ТМД-ның пайда болуы.** 1991 жылдың аяғына келіп барша бұрынғы республикалар СССР құрамынан шыққандығын жариялады. 1991 жылдың 8 желтоқсанында Ресей, Украина және Беларусь басшылары жиналып, СССР саяси бірлік ретінде аяқталғандығын және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылғандығын бекітті.



**СССР қашан және қайсы мемлекеттердің қатысуында құрылған еді?**

1991 жыл 25 желтоқсан күні СССР Президенті М.Горбачев мемлекет жетекшісі өкілеттігін өзінен алып тастағандығы туралы мәлімдеме берді.

1991 жыл желтоқсанда Түрікменстан астанасы Ашхабад қаласында бес Орталық Азия республикалары басшыларының кездесуі болып, онда мүше мемлекеттердің теңдігі және баршасының ТМД құрылтайшысы ретінде одаққа қосылуы белгілі болды. 1991 жыл желтоқсанда Қазақстанның Алматы қаласында болып өткен кездесуде Декларация қабылданып, СССР халықаралық құқық субъекті және геосаяси реалдық ретінде өз қызметін аяқтағандығы белгіленді. Сол жылдың аяғына дейін Балтық бойы республикалары – Латвия, Литва, Эстониядан тыс барша бұрынғы Советтік республикалары ТМД құрамына енді. Бірақ Грузия 2008 жылы, Украина 2014 жылдан ТМД қызметінде қатыспайтындығын білдірді. Моңғолия ТМД-ның бірқатар құрылымдарында байқаушы ретінде қатысып келуде. 2008 жылы Ауғанстан ТМД-ға кіру ықыласын білдіріп, қазір ТМД парламентаралық ассамблеясында бақылаушы ретінде қатысуда.



ТМД жалауы

ТМД-ның құрылуы СССР ыдырағаннан кейін бұрынғы Советтік республикалары арасында экономикалық және гуманитарлық байланыстарды сақтап тұруда, әлеуметтік және гуманитар апаттардың алдын алуда, пайда болған проблемаларды ынтымақтастықта шешуде қажетті рөл атқарды.

**СССР таралғаннан кейінгі проблемалар.** СССР ыдырағаннан кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттерде бірқатар проблемалар

жүзеге асты. Солардың біріншісі саяси дамумен байланысты еді. Бұрынғы СССР аумағында құрылған тәуелсіз мемлекеттерде саяси тұрғыдан демократиялық жүйенің қабылдануы өте ауыр өтті, кейбір мемлекеттерде авторитарлық режимдер орнатылды. Мұның бірнеше себептері бар. Ең негізгісі, демократиялық бағыттардың жариялануына қарамай, басшылық әдістерінде, әлеуметтік салада совет дәуірінен бері жасап келе жатқан тоталитарлық ойлау үстемдік жасады. Нәтижеде, бұрынғы Советтік республикаларында дерлік демократиялық жолмен билікке келген жетекшілер осы жолды жалғастырмады, әр түрлі әдістер және желеулермен өз жеке үкіметін нығайту мен оны сақтап қалу жолынан барды. Оппозиция аяусыз жойылды да нәтижеде авторитарлық режимдер қалыптасты.

Бұрынғы Советтік республикаларының экономикалық дамуы біраз басқаша өтті. Олардың бір бөлігінде советтік жоспарлы экономикасының белгілері сақталып қалған болса да, негізгі бөлігі базар экономикасы жолын таңдады.



**1991 жыл желтоқсанда ...**  
**1991 жыл 25 желтоқсан күні ...**

**2008 жылы ...**

СССР-дің таралып кетуі бұрынғы республикалар арасындағы дәстүрлі экономикалық байланыстардың бұзылуына алып келді. Тәуелсіздікке қол жеткізген бұрынғы Советтік республикалары қайтадан Ресейдің ықпалына түсіп қалмау үшін сақтықпен әрекет жасады. Ресейдің экономикалық, технологиялық және әскери мүмкіндіктерінің төмендеуінен оның халықаралық алаңдағы абыройы да түсіп кетті. XX ғасырдың кейінгі он жылында Ресейдің әлем қожалық байланыстарында қатысуы күрт қысқарды.

СССР-дің ыдырауы Ресей үшін геостратегиялық жағдайдың шынайы өзгеруіне алып келді. Ресейдің халықаралық абыройы да төмендеп, Югославия, Ирактағы сияқты күрт халықаралық проблемаларды шешуде дерлік қатыспады.

1990 жылдардың екінші жартысында Ресейдегі экономикалық-әлеуметтік жағдай және Ресейден сырттағы орыстар проблемасы жеке өзектілікті көрсетеді. Бұған бұрынғы СССР-дің түрлі территорияларынан Ресейге көшіп келе жатқан проблемасы да қосылды. Осы дәуірде орыстар дүниедегі ең үлкен бөлінген ұлт болып қалды. СССР таралып кеткеннен кейін 80 млн орыс Ресей аумағынан сыртта қалып кетті.





**1990** жылдардың екінші жартысында...  
**1999** жыл аяғында...  
**XXI** ғасырдың бастарында...

1999 жыл аяғында Б.Ельцин президенттік өкілеттігін В.Путинге тапсырды. 2000 жылдың наурыз айында болып өткен сайлауларда В.Путин Ресей Президенті етіп сайланды. Ол мемлекетті басқару жүйесін реформалады. Орталық үкіметті нығайтып, жерлердегі озбырлыққа шек қойды. Ойлап алып барылған экономикалық, әлеуметтік, қаржылық саясат кесірінен 2000 жылдар бастарына келіп, Ресей ауыр жағдайдан шығып алды. Сыртқы саясатта АҚШ пен Батыстың жетекші мемлекеттерімен қатынастар дұрдараздығынша қалды. Әсіресе, 2014 жылы Украинада пайда болған кезектегі «түсті төңкеріс» кесірінен Әкімшілік алмасқаннан кейін Қырымның Ресейге қосылуы артынан Батыс мемлекеттері Ресейге қарсы экономикалық санкциялар жариялады, ол «Үлкен сегіздік»–G-8-ден шығарылды. Ресей экономикасында бірқатар проблемалар пайда болды, рубльдің құны түсіп кетті. Қазір Ресей, БРИКС және ШЫҰ деңгейінде қатынасты күшейтуде. ТМД мемлекеттері арасындағы өзара қатынастар да оңай болмады. Ресей мен Украина арасында Қара теңіз флотын бөліп басып алу, Қырым жарты аралындағы Севастополь қаланың атағы туралы күрт таластар кетті. Ресей мен Балтық бойы мемлекеттері арасында да ол жерде жасайтын көп санды орыс тілді тұрғындардың құқықтары мен өңірлік мәселелер бойынша қатты тартыстар болып өтті. Тәжікстан және Молдова республикаларында азаматтараралық проблемалар пайда болғанда, Ресей өзінің экономикалық және стратегиялық мүдделері тұрғысынан бұл проблемаларды жоюда қатысты.



**2000** жылдардан бастап ТМД мемлекеттері жақсы экономикалық өсу қарқындарын көрсетуде.  
**2014** жылы Украинада «түсті төңкеріс» кесірінен үкімет алмасты.

XXI ғасырдың бастарында Ресей сыртқы саясатында да байыпты өзгерістер болды. ТМД мемлекеттерімен де қатынастарға үлкен мән беріле бастады. Мәселен, 2017 жылы Өзбекстан мен Ресей қатынастары жаңа басқышқа көтеріліп, екіжақты ірі ынтымақтастық келісімдеріне қол қойылды.

2000 жылдардан бастап ТМД мемлекеттері жақсы экономикалық өсу қарқындарын көрсетіп келуде. 2012 жыл нәтижелері бойынша ТМД мемлекеттерінде ЖІӨ-нің өсуі 4 %-ды құрады. Тұрғындардың жан басына ЖІӨ-нің көлемі бойынша ТМД мемлекеттері Латын Америкасы, Таяу Шығыс сияқты аймақтарды озып өтті.

Бүгінгі күнге келіп, ТМД-дан тыс өңірлік халықаралық ұйымдар да пайда болды. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Кеден Одағы солардың қатарынан болып, Өзбекстан Республикасы бұл ұйымдар қызметінде өзара мүдделік және теңдік негізінде қатысып келуде.



**Геостратегия** – мемлекеттің халықаралық алаңда алып баратын сыртқы саяси және экономикалық қызметінің бағыттары. Геостратегия Ұлттық қауіпсіздік доктринасының ажырамас бөлігі болып, геосаяси яки геэкономикалық кеңістікте өз мақсатына жету үшін мемлекет тарапынан қолданылатын әрекет технологияларын да өз ішіне алады.

«Түсті төңкеріс» – бұл ХХ ғасыр аяғы – ХХІ ғасыр бастарындағы наразылық шығулары мен олар нәтижесінде пайда болған билік алмасуларының жалпы аты.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. СССР ыдырағаннан кейін бұрынғы советтік мемлекеті аумағында ТМД қандай рөл атқарды?
2. Тәуелсіздікке қол жеткізген бұрынғы советтік республикалары дамуында қандай саяси және экономикалық проблемалар жүзеге асты?
3. 2010 жылдардан кейін Ресей мен ТМД мемлекеттері арасындағы қатынастарда қандай өзгерістер пайда болды?
4. 2000 жылдардан бастап ТМД мемлекеттері дамуында қандай өзгерістер болды?

### Өзіндік жұмыс



Интернеттен пайдаланып Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына тиісті суреттерді іздеп тап және түсті кластер құрастыр.

## II ТАРАУ. 1991 – 2017 ЖЫЛДАРДА ДҮНИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

### 4-ТАҚЫРЫП. 1991 – 2017 ЖЫЛДАРДА РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

**Экономикалық реформалар.** 1991 жылғы тамыз төңкерісінен кейін Ресейде негізгі лауазымдарға демократиялық күштердің өкілдері емес, коммунистік партияның белсенділері келді. Қайта құру жылдарында бұл белсенділердің көпшілігі коммунистік партиямен байланыстарын үзген болса да, олардың реформашылық мүмкіндіктері шектелген еді. Б.Ельцин тарапынан Бас министр лауазымына ұсынылған Ю.Гайдар Ресейдегі реформалардың «архитекторы» болды.



**«Қайта құру» қандай себептерге байланысты өзін ақтамады?**

Реформалар өте ауыр өтті. Ұлттық пайда мен кәсіпорын істеп шығаруы төмендеп кетті. 1992 жыл 1-қаңтардан еркін қойып жіберілген бағалар күрт көтерілді. Көпшілік жанұяларда азық-түлік қаражаттары жанұя пайдасының негізгі бөлігін құрады. Нәтижеде соғыстан кейінгі дәуірде бірінші рет Ресей тұрғындары азая бастады.

Инфляция және саяси тұрақсыздық инвестициялардың кіріп келуіне тосқауылдық жасады. 1999 жылға келіп Ресейдің сыртқы қарызы 130 млрд доллардан асып кетті. Халықаралық қаржы ұйымдары қарыз бермей қойды. Мемлекеттің экономикалық жағдайы әлеуметтік жағдайға да әсер көрсетті. Жұмыссыздар, босқындар, кедейлер және баспанасыздардың саны күрт көбейді.



**1991 жылғы тамыз ... 1992 жыл 1 қаңтардан ...**  
**Ю.Гайдар ... 1999 жылға келіп ...**

**Ішкі саяси өмір.** Саяси салада да қажетті өзгерістер орын алды. 1991 жылғы тамыз оқиғалары, СССР-дің таралуы және «шок терапиясы» қоғамда әлеуметтік қиындықты асырды. Жұмысты тастаулар және саяси ереуілдер кең құлаш жайды.

1993 жылы президент Б.Ельцин Халық депутаттары съезі мен Жоғары Советті таратып жіберді, мемлекет билігінің жаңа орган-

дары – Федерация Кеңесі және Мемлекет Думасына сайлаулар мен мемлекеттің жаңа конституциясы туралы референдум өткізу туралы жарлығына қол қойды. Жоғары Совет басшылығы және Конституциялық соттың көпшілік мүшелері президенттің жарлығын конституцияға қайшы деп есептеп, оған қарсы шықты.



Ресей Федерациясы

Бұған жауап ретінде Жоғары Советтік ғимараты әскерлер тарапынан орап алынды және артиллериядан оққа ұшты.

1993 жыл желтоқсанда Федерация Кеңесі және Мемлекет Думасына сайлаулар болып өтті. Ол бірінші рет партиялық жүйе бойынша өткізілді. Сайлау нәтижелеріне қарай, Мемлекет Думасында «Ресей жолы», КПРФ (Ресей либерал-демократиялық партиясы), КПРФ (Ресей Федерациясы коммунистік партиясы) партиялары ең көп орындарды иеленді.



Борис Ельцин

Дауыс беруде қатысқандардың көпшілігі президент тарапынан ұсынылған Ресей Конституциясының жобасын бекітті. Жаңа Негізгі заң қабылдануымен биліктің Советтік жүйесі тоқтатылды.

Осылайша, Ресейде ХХ ғасырдың 90-жылдарында жүзеге асырылған ең қажетті саяси реформалар советтерден қалған әкімшілік жүйесін бұзу, оның орнында заманауи және демократиялық әкімшілік жүйесін жарату үшін әрекеттің басталуы болды.

**Ўлтаралық қатынастар.** Ресей көпұлтты мемлекет. Сол себепті ұлтаралық қатынастар Ресей үшін әрдайым өзекті болып келген. Әсіресе, үлкен өзгерістер дәуірінде бұл проблема бірінші орынға шығады. СССР таралғаннан кейін ауыр жағдай жүзеге асты. 1991 жылдың аяғы – 1992 жылдың бастарында Татарстан, Башқұртстан және Якутиядағы Ұлттық әрекеттер өздерінің съездерін өткізіп, оларда РСФСР құрамынан шығу мәселесі қойылды. Чечен-Ингуш Автономиялық республикасында Чечен халқының жалпыұлттық конгресі автономияны Шешенстан және Ингушетияға бөлуді, Шешенстанның РСФСР құрамынан шығуын білдірді. 1992 жылы Татарстан да өз мемлекет тәуелсіздігін жариялады.

Бұлардың баршасы Орталық үкіметті Федеративтік Келісімге қол қоюын тездетуге мәжбүр етті. Федеративтік Келісімге 1992 жылы наурызда Татарстан және Шешенстаннан тыс барша субъекттер тарапынан қол қойылды. Орталық және аймақтардың өкілеттіктері Ресей Конституциясында да өз шешімін тапты.



**1992 жылы Татарстан өз мемлекет тәуелсіздігін жариялады.**

**1999 жылға келіп, Ресейдің сыртқы қарызы 130 млрд доллардан асып кетті.**

Татарстан президенті етіп сайланған М.Шаймиев оқиғалардың дамуын өз қолына алуға қол жеткізді. Татарстан 1994 жылда федерал әкімшілік пен өкілеттерін бөлу туралы келісімге қол қойды.

Шешенстан орталықпен әр түрлі келісімдерді түзуден бас тарту жолынан барды. Онымен қатынастар трагедиялы характерге ие болды. 1996 жылы Шешенстанмен федерал орталық арасында басталған соғыс 2000 жылға дейін жалғасты. Бұл соғыс Екінші дүние жүзі соғысынан кейін СССР аумағында пайда болған ең үлкен әскери қақтығыс болды. Соғыс Ресейге бірнеше млрд. доллар зиян жеткізді, екі тараптан 120 мыңнан астам адам құрбан болды.

**1990 жылдардағы сыртқы саясат.** СССР-дің таралып кетуі Ресей үшін шынайы геосаяси өзгерістерге алып келді. Мемлекет Шығыс және Орталық Еуропадағы дәстүрлі одақтастарынан айрылды, олар НАТО-мен қатынас жасай бастады. Балтық бойы және басқа ТМД мемлекеттерінде ұлттық жетекшілердің әкімшілікке келуі олардың көпшілігімен Ресей қатынастарын күрделендірді.

Қалай етіп болса да, Батыспен қатынастарды жақсарту үшін жасалған әрекеттер Ресей жайбарақат халықаралық алаңда өзінің

тәуелсіз рөлін жоғалтты. Жылдан-жылға артып бара жатқан Ресейдің Батыс мемлекеттеріне экономикалық тәуелділігі де мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтірді.

**Ресей XXI ғасырда.** Б.Ельцин 1999 жыл желтоқсанда қызметтен кетті. Уақытынша президент лауазымын иелеген Владимир Путин 2000 жыл наурыз айында болып өткен сайлауларда Ресей президенті етіп сайланды.



**1993 жыл желтоқсанда...**

**1992 жыл наурызда...**


**1996 жылы...**

**2000 жыл наурызда...**

В.Путин өзінің күшті мемлекет билігінің жақтаушысы екендігін көрсетті. Жаңа президенттің алғашқы әрекеттері қоғам өмірінде мемлекет билігінің рөлі мен абыройын күшейтуге қаратылды. Халықаралық алаңда да Ресейдің рөлі тіктеле бастады.

2008 жыл тамыз айында Грузия өзінің құрамдық бөлігі есептелген Оңтүстік Осетия мен Абхазияда конституциялық тәртіпті тіктеу мақсатында бұл өңірлерді артиллериямен талқандауды бастады. Содан кейін қақтығысқа Ресей әскерлері араласып, Грузия аумағына дейін бастырып кірді. Әскери қақтығыс лезде аяқталды. Бірақ Ресей – Грузия қатынастары күрт нашарлады.

2014 жыл ақпан айында Украинада әкімшілік алмасты. Қырымда әкімшілікке келген орыстанғандар Киевтегі жаңа үкіметті тән алмады. Олар референдум өткізіп, оның нәтижесіне сәйкес Қырымның тәуелсіздігін жариялады да Ресей Федерациясы құрамына кіру туралы келісімге қол қойды.



Владимир Путин

Ресейдің Украинаға қатысты саясатындағы тағы бір проблемалы мәселе Украинаның шығысында, атап айтсақ, Донецк пен Луганск облыстарында болып жатқан оқиғалармен байланысты. Бұл жерде де Украинадағы әкімшілік алмасуын тән алмаған бір топ орыс тілді жетекшілер тарапынан Донецк пен Луганск Халық республикалары жарияланып, өз армияларын қалыптастырды.

Сыртқы саясатта Ресей шешуі шарт болған мәселелердің бірі Сирия проблемасы болды. Ресейдің әскери-ғарыштық күштері 2015 жыл қыркүйек айынан бастап Сириядағы соғыстарда қатысуда.

Сирияда ИШИМ (Ирак және Шам ислам мемлекеті) және басқа халықаралық террорлық ұйымдарға қарсы күресте Ресей бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Бұл оған өзінің геосаяси беделін нығайту мүмкіндігін берді.



**Шок терапиясы** – бұл экономикалық теория, сондай-ақ сол теорияларға негізделген күрт экономикалық реформалар.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Ресейде Ю.Гайдар үкіметі тарапынан жүзеге асырылған экономикалық реформалар қандай нәтижелерге алып келді?
2. 1990 жылдары Ресейде жүзеге асырылған ең қажетті саяси реформаның маңызы неден құралған еді?
3. Ресейде 1990 жылдары жүзеге асқан ұлтаралық келіспеушіліктер қандай әдістермен шешілді?
4. ХХІ ғасырда Ресей сыртқы саясатта қандай проблемаларды шешуге ұрынуда?

### Өзіндік жұмыс



**Картаға негізделіп, СССР ыдырағаннан кейінгі Ресей Федерациясының аумағын талқыла.**

## 5-ТАҚЫРЫП. 1991 – 2017 ЖЫЛДАРДА УКРАИНА, БЕЛАРУСЬ ЖӘНЕ МОЛДОВА РЕСПУБЛИКАЛАРЫ

**Украина.** 1991 жылдың 24 тамыз айында Украина өз тәуелсіздігін жариялады. 1991 жыл желтоқсанда өткізілген референдумда шүбәсіз көпшілік тұрғындар Украина тәуелсіздігі үшін дауыс берді.

Референдуммен бірге Украина президенттігін өткізілген сайлауларда Леонид Кравчук Украинаның бірінші президенті етіп сайланды.

Тәуелсіздік жарияланды. Бірақ жоғары тиімді, тұрақты ұлттық экономиканы құрмай реал саяси тәуелсіздікті



Леонид Кравчук

құру мүмкін емес еді. СССР-ді қамтыған экономикалық төңкеріс, жалпыодақ экономикалық комплексінің жойылуы басқалар сияқты Украинаға да шынайы ықпал жасады. Тәуелсіздік жариялануы кезінде Украина экономикасы күшсіз жағдайда еді.

Құлдырау кәсіпорын және ауыл шаруашылығын қамтып алды. Құлдыраудан шығудың көптеген бағдарламалары істеп шығылды, бірақ олардың біреуі де соңына дейін жүзеге асырылмады.



**Бұрынғы Одақта 1991 жыл 19–21 тамыз күндері қандай оқиғалар болған еді?**



Украина Республикасы



XX ғасыр 90 жылдарының екінші жартысынан жұмыс жалақысынан қарыздарлықты жою, шетел кредиттері мен валюта базарын тәртіпке салудың есесіне экономикалық жағдай өзгерді, 1996 жылы ұлттық валюта–гривна мәмілеге енгізілді. Бірақ күтілгендей, шетел инвестициясы мемлекетке ағып келмеді, гривна тез құнсызданды.

XX ғасырдың аяғына келіп, көптеген кәсіпорындарда жер иелері алмасты, жаңа басшылар істеп шығаруды тіктеуге кірісті. Жоғары тәжірибелі және өте арзан жұмысшы күші мен құдіретті кәсіпорын базасы Украина экономикасына қаражат кіргізуін пайдалы етіп қойды. Бұл өзгерістер экономиканың тұрақтануын, кейін экономикалық өсуін қамтамасыз етті. Бірақ бұл көпшілік ТМД мемлекеттеріндегі сияқты Украинада да басшы элитаның коррупциялануына, тұрғындардың басым бөлігінің кедейленуіне алып келді.

**Украинада мемлекет құрылуы және саяси процестер.** Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Украинаның алдында тұрған ең қажетті міндеттердің бірі мемлекет құрылу проблемасы еді. 1996 жылы қабылданған Украина конституциясы бұл процестің құқықтық негізі болды.

Бірақ саяси тұрақсыздық пен экономикалық қиыншылықтар ұзақ жылдардан бері шешілмей келе жатқан әлеуметтік проблемалармен қосылып, бірқатар саяси құлдырауларға алып келді. 2004 жылғы сайлауларда Виктор Януковичтің жеңімпаз деп жариялануы мыңдаған кісілік наразылық ереуіліне себеп болды. Нәтижеде, өткізілген үшінші кезең сайлауларында «Біздің Украина» блогы жетекшісі Виктор Ющенко Украина президенті етіп сайланды. Бірақ В.Ющенко мемлекетте үлкен оңды өзгерістер жасауға қол жеткізе алмады. Сол себепті 2010 жылғы сайлауларда В.Янукович жеңіске шықты. Ол мемлекеттегі әлеуметтік жүйені толық реформа жасауға кірісті. Бірақ оның 2013 жылы Еуроодақпен қатынас туралы келісімге қол қоюдан бас тартуы саяси құлдырауға себеп болды. Киев және басқа қалаларда жаппай наразылық ереуілдері болып, олар әлеуметтік тармақтарда «Евромайдан» атын алды. В.Янукович Украиндан кетті. 2014 жыл болып өткен сайлауларда Петр Порошенко Украина президенті етіп сайланды.

Қырым Автономиялық Республикасы мен Севастополь қаласы Ресейге қосылғаннан кейін Украина мен Ресей арасындағы қатынастар өте шиеленісті.



Петр Порошенко



**1991 жыл 24-тамызда ...**  
**2004 жылғы ...**

**1996 жылы ...**  
**2014 жыл ...**

Украинадағы жаңа үкіметті дүние қоғамдастығы тән алды. Егер астанада, солтүстік, орталық және батыс аймақтарда Еуроинтеграцияға қарай ұмтылып жатқан жаңа үкімет тез тән алынып, тұрғындардың қалауына қол жеткізген болса, оңтүстік-шығыс өңірлерде орыс тілді тұрғындардың наразылық ереуілдері күшейе түсті. Бұл өңір тұрғындары тарихи Ресеймен байланысты болғаны үшін екі мемлекет арасындағы байланыстарды сақтап қалуды талап етті де өте оң, экстремистік, ұлтшыл топтардың өз өңірінде таралуына қарсы шықты. Ресейшіл жетекшілер басшылығындағы бұл әрекеттер Донецк және Луганск облыстарында қарулы қарама-қарсылыққа айналып кетті. Украина басшылары бұл өңірлерде антитеррор операция басталуын жариялады, бұл екі жақ арасында кең деңгейдегі соғыс әрекеттеріне алып келді. 2014 жыл қыркүйек айында Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында Ресей, Украина және Донецк пен Луганск облыстары өкілдері арасында әскери әрекеттерді тоқтату туралы келісімге қол қойылды. Бірақ 2015 жыл қаңтар айының орталарынан соғыстар тағы басталып кетті. Сол жылы ақпан айында Германия, Франция, Ресей және Украина мемлекет басшылары Минск қаласына жиналып, Украина шығысында әскери қақтығыс шешу туралы жаңа келісімге қол қойды (Минск–2). Бірақ соғыс тоқтамай жатыр. 2017 жыл қараша айында артиллериядан өзара атыстар жаңадан басталып кетті. Батыс мемлекеттері мен Украина бұл келіспеушілік Ресей көтерілісшілерін қолдап-қуаттауда айыптап келуде. Ресей бұдан бас тартып, оқиға Украинаның ішкі жұмысы екендігін атап өтуде.



Александр Лукашенко

**Беларусь Республикасы.** Беларусь астанасы Минск қаласының 1944 жылы неміс фашисттерінен азат еткен күні – 3 шілде Тәуелсіздік күні ретінде атап өтіледі.

1994 жыл қабылданған конституцияға сәйкес Беларусь Республикасы унитар демократиялық әлеуметтік-құқықтық мемлекет деп жарияланды. 1994 жыл болып өткен сайлауларда Александр Лукашенко мемлекет президенті етіп сайланды. Оның

ұсынысымен референдум өткізіліп, беларусь тілімен бірқатарда орыс тіліне де мемлекет тілі атағы берілді, мемлекет жалауы өзгертірілді, президенттің өкілеттіктері кеңейтірілді.

Беларусь және Ресей арасында Достық, жақсы көршілік және ынтымақтастық туралы, кейін Ресей мен Беларусь арасында Одақ мемлекетті құру туралы келісімдерге қол қойылды. Келісім Ресей және Беларусь арасындағы жақындасу және құқықтық, экономикалық, қаржылық, кеден және басқа жүйелерін бірлестіруді, мемлекеттералық Әкімшілік жүйелерін қалыптастыруды, сол уақытта мемлекеттер тәуелсіздігі мен суверенитеті сақталып қалуын назарда тұтты.

1996 жылы бірінші Жалпы беларусь халық жиыны мемлекеттің 1996–2000 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын бекіткеннен кейін Беларусьте баяу экономикалық жоғарылау байқалды. 2000 жылға келіп өнеркәсіп және халық пайдаланатын өнімдерін істеп шығару мен тұрғындардың реал пайдалары құлдыраудан алдыңғы дәрежеден асып кетті. Азаматтардың орташа айлық пайдасы ТМД мемлекеттері арасында ең жоғарыларының бірі болып қалды.

Азық-түлік өнімдерін істеп шығару бойынша да Беларусь ТМД мемлекеттері арасында алдыңғы орындардың біріне иелік етеді. Беларусь сүт және сүт өнімдері жеткізіп беретін дүниенің жетекші мемлекеттері қатарына кіреді.

**Молдова Республикасы.** Молдова 1991 жыл 27 тамызда өз тәуелсіздігін жариялады. Молдова Республикасы атын алған мемлекеттің бірінші президенті етіп Мирча Снегур сайланды.

1990 жылы Молдованың Румыниямен интеграциялану процесінде республиканың оңтүстік-шығыс өңірлеріндегі жергілікті орыс тілді тұрғындар арасында ажырату көңіл күйлері күшейді. Олар өздері жасайтын өңірді Днепр бойы Молдова Республикасы деп жариялады. Бұл қанды қақтығысқа алып келді және Ресей армиясы араласқаннан кейін соғыс тоқтатылды.



**1991 жыл 24 тамызда Украина өз тәуелсіздігін жариялады.**

**Беларусьте 3 шілде Тәуелсіздік күні ретінде атап өтіледі.**

**Молдова 1991 жыл 27 тамызда өз тәуелсіздігін жариялады.**



Игорь Додон

Молдова экономикалық тұрғыдан аграр-индустриалды мемлекеттер қатарына кіреді. Оның ауа-райы ауыл шаруашылығы үшін өте қолайлы. Мемлекетте минерал ресурстар қоры жоқ, сол себепті экономика ауыл шаруашылығына негізделген. Тұрғындардың жартысынан көбі ауылдарда жасайды. Экспорттың негізгі бөлігін азық-түлік пен тоқымашылық өнімдері құрайды. Молдова – Еуропаның

ең кедей мемлекеттерінің бірі. Бірақ 2009 жылғы құлдыраудан кейін Молдова жедел дамуды бастады.

Солай болса да, жағдай тұрақсыздығынша қалуда. 2017 жыл мамыр айында болып өткен президент сайлауларында Ресеймен жақсы қатынастар жақтаушысы болған Игорь Додон жеңіске шықты.



**Коррупция** – бұл атқамінер тұлға тарапынан өз өкілеттіктерін және оған сеніп тапсырылған құқықтарды, сондай-ақ ресми лауазыммен байланысты абырой байланыстарын, заңға және әдеп мөлшерлеріне заңсыз түрде өз жеке мүдделері жолында пайдалану.

**Антитеррор операциясы** – бұл террорлық актті жою, тұрғындар, ұйым және мекемелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ террорлық акттің салдарын жою үшін өткізілетін арнайы шаралар (жауынгерлік, әскери) кешені.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. XX ғасырдың аяғына келіп қандай өзгерістер Украинада капиталистік экономиканың қалыптасуына алып келді?
2. Украинада 2014 жылғы саяси төңкеріс нәтижесінде қандай проблемалар пайда болды?
3. Беларусь Республикасының тәуелсіздік жылдары экономикалық дамуда қандай жетістіктерге қол жеткізді?
4. Молдова Республикасы алдында тәуелсіздік жылдары қандай саяси және экономикалық проблемалар пайда болды?
5. Украина, Беларусь пен Молдова республикалары дамуындағы жалпы ерекшеліктерін көрсетіп бер.

## Өзіндік жұмыс



Мәтіннен пайдаланып, Украина, Беларусь пен Молдова республикаларының тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктері мен кемшіліктерін SWOT-сызбасы негізінде талқыла және дәптеріңе жаз.



Петр Порошенко, Александр Лукашенко, Игорь Додондар туралы мәліметтерді іздеп тап және тарихи тұлғалардың қызметіне баға бер.

## 6-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА БАЛТЫҚ БОЙЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Балтық бойы республикалары дегенде, әдетте, Латвия, Литва және Эстония түсініледі.



**Орта ғасырларда Балтық бойы республикалары аумағында қайсы халықтар жасаған?**

Тәуелсіздік жарияланғаннан бастап Балтық бойы республикалары жедел түрде базар экономикасын жариялауға, өздерінің Батыс мемлекеттерімен қатынастарын нығайтуға кірісті. Үш мемлекет те 2004 жылда НАТО-ға, осы жылы ЕО-ға мүше болды.

Тәуелсіздік жылдарында беделді халықаралық ұйымдарға мүше болған бұл мемлекеттер қарқынмен экономикалық даму жолына кірді. Сол жедел даму салдарынан олар «Балтық жолбарыстары» деп аталды. Бірақ мұндай қарқынды даму 2008–2009 жылдардағы құлдырауға дейін жалғасты.

**Латвия.** 1988 жылы құрылған Латвия Халық фронты тәуелсіздік үшін күрес бастады. Нәтижеде 1990 жыл 4 мамырда Латвия өз тәуелсіздігін жариялады.

Тәуелсіздік жылдарында Латвия совет дәуірінде құрылған ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын, соның ішінде, электротехника бұйымдарын істеп шығарушы ең ірі ВЕФ, микроавтобустар істеп шығаратын РАФ зауыттарын жапты. Бұл көптеген тәжірибелі жұмысшы-мамандардың қысқаруына, жұмыссыздар санының күрт асуына алып келді. Балық



Латвия президенті  
Раймондс Веронис

өнімдерін қайта өңдеу зауыты да үлкен зиян көрді. Билікке келген жаңа саяси күштер банк секторы мен логистиканы дамытуға шешім қабылдады. Алғаш Батыс мемлекеттерінің инвестициялары жедел экономикалық өсуге алып келді. Бірақ 2008 жылғы дағдарыс шетел инвестицияларына толық тәуелді болған мемлекет экономикасының өте тұрақсыздығын көрсетті және үлкен зиян жеткізді. Осы дәуірден Латвияда экономикалық даму көрсеткіштері түсіп кетті. 2010 жылға келіп мемлекеттің жалпы ұлттық өнімінің көлемі 1990 жылғы көрсеткішке де жетпеді.

Жұмыссыздықтың жоғары дәрежесі салдарынан тұрғындар жұмыс іздеп жаппай Батыс мемлекеттеріне кетуге мәжбүр болуда. СССР таралғаннан кейін Латвия тұрғындары 400 мың кісіге азайды.

Мемлекет алдында тұрған проблемалардың тағы бірі этникалық проблема. Тәуелсіздік жылдары советтер дәуірінде бұл жерге көшіп келген орыс тілді тұрғындарға және олардың ұрпақтарына Латвия азаматтығы берілмеді. Орыс тілді тұрғындар қазір Латвия тұрғындарының 30%-ын құруда. Мемлекетте латыш және орыс ұлтына тиісті азаматтар арасында қатынас және тығыздығынша қалуда.

**Литва.** 1988 жыл маусымда Литвада «Саюдис» («Әрекет») ұйымы құрылды және өз алдына Литваның тәуелсіздікке жетуін қамтамасыз ету міндетін қойды.



Балтық бойы мемлекеттері

1990 жыл 11 наурызда Литва Жоғары Советі Литва Республикасының тәуелсіздігін жариялады. Бірақ тәуелсіздік оңайлықпен қолға алынбады. 1991 жыл 13 қаңтар күні Вильнюсте тәуелсіздікке қолдап өткізілген ереуілде телемұнара және парламент ғимаратын Советтік әскерлерінен қорғаған 14 шақты ереуілші қайтыс болды. Сол дәуірден Литвамен аяқталып бара жатқан СССР басшылары арасындағы қатынастар дерлік үзілді.



**«Балтық бойы жолбарыстары»...**

**1991 жыл 13 қаңтар күні...**

**2008 жылғы...**

**2010 жылға келіп...**

Бұл республиканың этникалық құрамы Латвия мен Эстонияға қарағанда бірдейлігімен ажыралып тұрады. Тұрғындардың 90%-ға жуығын литвалықтар құрайды. Сол себепті тәуелсіздіктен кейін мемлекетте жасайтын барша тұрғындарға ұлтынан тыс Литва азаматтығы берілді.

Литва да 2008 жылдан кейін ауыр әлеуметтік-экономикалық құлдырауды бастан өткізді. 2010 жылы жұмыссыздар саны 20%-ға жақындады. Адамдардың жұмыс іздеп көптеген Еуропа Мемлекеттеріне көшіп кетуі нәтижесінде тұрғындар саны мүлдем өспей жатыр, керісінше, азаюда. Құлдыу салдарынан көптеген литвалықтар Батысқа көшіп кетті.



Литва президенті  
Даля Грибаускайте

**Эстония.** Эстонияда «Халық фронты» 1988 жылы ұйымдас-тырылды. Ол қайта құруды қолдап-қуаттауды жариялап, республиканың СССР құрамынан шығуын өзінің ашық міндеті етіп қоймады.



**1990 жыл 4 мамырда Латвия өз тәуелсіздігін жариялады.**

**1990 жыл 11 наурызда Литва Жоғары Советі литва Республикасының тәуелсіздігін жариялады.**

**1988 жыл 16 қарашада Эстония Жоғары Советі «Эстония ССР-дің мемлекет суверенитеті туралы декларацияны» қабылдады.**

Солай болса да, 1988 жыл 16 қарашада Эстония Жоғары Советі «Эстония ССР-дің мемлекет суверенитеті туралы декларацияны» қабылдады.



Эстония президенті  
Керси Калюлайд

Балтық бойы республикалары ішінде ең солтүстігі болған Эстония да совет дәуірінде жедел индустрияландырылды. Көптеген тәжірибелі жұмысшылардың жұмылдырылуы мемлекеттегі демографиялық және этникалық жағдайды өзгертті. Мемлекет тұрғындарында эстондардың үлесі қысқарып барды, тұрғындардың едәуір бөлігін орыстар құрады. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Эстония орыстардың азаматтық алуына тосқауылдың жасайтын қатаң заңдар қабылдады. Бұл орыстардың Эстониядан шығып кетуіне алып келмеді, бірақ ұлтаралық қатынастарды күрделендірді. Мұның үстіне, Эстонияда (мүлдем Балтық бойы мемлекеттерінде) совет дәуірі, әсіресе, соғыс дәуірінен қалған ескерткіштерді жою яки қала шетіне көшіру Ресейдің наразылығына себеп болып, екі тарап қатынастарында үлкен проблемаларды келтіріп шығаруда. 2011 жылы орыс тілді тұрғындар өкілдерімен эстон полициясы арасында болып өткен қақтығыста 1 адам қайтыс болды, көпшілігі жарақаттанды.

Қиындықтарға қарамай, Балтық бойы мемлекеттері Еуроодаққа интеграциялануы жолынан кетуде. Олардың баршасы еуро ақша бірлігі аймағына кірген.

Украинадағы құлдыраудан кейін Ресейдің агрессорлық саясатынан уайымға түскен Балтық бойы мемлекеттері мен НАТО басшылары бұл мемлекеттердегі НАТО әскери күштерін көбейтуге кірісті. 2016–2017 жылдары Балтық бойы мемлекеттеріне НАТО-ның аз санды әскери техникасы мен әскерлері жайғастырылды. Әсіресе, Ресей мен Беларусь тарапынан ынтымақтастықта өткізілген «Батыс – 2017» әскери жаттығуларынан кейін Балтық бойы мемлекеттерінде Ресейдің бұл жердегі саясатынан үрей және орысқа қарсы үгіттер күшейіп кетті. Мұндай жағдай, өз кезегінде, Ресейдің де наразылығына себеп болуда.



**Демография** – бұл тұрғындар мен оның көбею заңдылықтары туралы ғылым. Ол тұрғындардың сан тұрғысынан құрамы, оның өзгеруі, орналасуы және сол сияқтыларды үйренеді.

**Логистика** – бұл тауарлар, жүктер және сол сияқтыларды бір өңірден басқасына жеткізіп берудің жүйесін ұйымдастыру.



## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік жылдары Балтық бойы мемлекеттері Батыспен қатынастарда қандай жолдан барды?
2. Тәуелсіздік жылдары Латвия қандай экономикалық және әлеуметтік проблемаларға кез келді?
3. Литва Республикасы қандай ерекшеліктерімен Латвия және Эстониядан айырмашылық етеді?
4. Эстония мен Ресей арасындағы қатынастарда қандай проблемалар бар?

### Өзіндік жұмыс



1991 жыл Совет Одағы ыдырағаннан кейін соңғы Балтық бойы мемлекеттері картасын талдау жаса және шекараларын анықта.

## 7-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА КҮНГЕЙ КАВКАЗ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

**Әзербайжан Республикасы** 1991 жыл 18 қазан күні өз тәуелсіздігін жариялады. Әзербайжан 1991 жылдан бері өткен уақыт барысында өзінің тәуелсіз жолына ие мемлекет екендігін дәлелдеп келуде. Ол аймақ саясатында қажетті рөл атқарады. Әзербайжан үлкен мұнай және газ қорларына иелігі, стратегиялық орналасуынан Ресей мен Батыс мүдделері арасында шеберлікпен тепе-теңдікті сақтап, өз мүдделерін қамтамасыз етіп келуде.

Бірақ, сыртқы саясаттағы жетістіктерге қарамай, бірқатар ішкі проблемалар сақталып қалуда. Бұлардың қатарына, бірінші кезекте, Таулы Қарабақ проблемасын айтуға болады.

XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысында Әзербайжан мен Армения арасындағы ежелгі проблема – Таулы Қарабақ проблемасы тағы көтерілді. Таулы Қарабақ Әзербайжан аумағында орналасқан және негізінен армян ұлтына тиісті тұрғындар жасайтын автономиялық облыс еді. Таулы Қарабақ автономиялық облысы басшыларының облысты Арменияның құрамына қосуын сұрап жасаған үндеуі өңірдегі ұлттық проблемаларды шиеленістіріп жіберді.

1990 жылы Баку қаласында оппозицияшыл саяси ұйым—Әзербайжан Халық фронтының ереуілі басталды. Халық фронты Абулфайз Елшібай басшылығында Ұлттық қорғаныс кеңесі құрылғандығын жариялады. Халық фронтының ұлтшылдық рухындағы митингтері Бакудегі армяндардың қырылуына тікелей түрткі болды. Бұған қарсы Бакуге Совет армиясы әскерлері кірітілді. Мемлекетте төтенше жағдай жарияланды. Армияның кірітілуі Әзербайжан үшін үлкен трагедия болды.



Кавказарты мемлекеттері



Абулфайз Елшібей

1992 жыл мамырда Бакуде мемлекет төңкерісі жүзеге асырылып, президент Аяз Муталибов биліктен аударылды және А.Елшібей басшылығындағы халық фронты билікке келді. Бірақ Халық фронты мемлекетте тыныштық пен татулықты қамтамасыз ете алмады. Нәтижеде Ұлттық Мәжіліс А.Елшібейді лауазымынан айырып, оның өкілеттігін Әзербайжан Ұлттық Мәжілісі төрағасы болған Гейдар Алиевке тапсырды.

1993 жылы болып өткен президенттік сайлауларында Г.Алиев Әзербайжан Республикасы Президенті етіп сайланды.

Г.Алиев билікке келгеннен кейін республикадағы шиеленіскен жағдайды жұмсатуға қол жеткізді. Ол президенттік жасаған он жыл Әзербайжанда оншалықты демократиялық болмаса да, мемлекеттің тыныш дамуын қамтамасыз етті, көршілермен жақсы ынтымақтастық қатынастары орнатылды. Таулы Қарабақ мәселесі шешілмеген болса да, белсенді соғыс әрекеттері тоқтатылды, келіссөздер басталды.



Гейдар Алиев

2003 жыл желтоқсанда Г.Алиев қайтыс болғаннан кейін мемлекет президенті етіп оның ұлы Ильхам Алиев сайланды. И.Алиев атасының саясатын жалғастырып келуде.

**Грузия.** 1991 жыл наурыз айында өткізілген референдумда Грузия тұрғындарының шүбәсіз үлкен бөлігі мемлекет тәуелсіздігі үшін дауыс берді. 1991 жыл 9 сәуір күні Грузия өз тәуелсіздігін жариялады. Қазіргі кезде президент лауазымы енгізілді. Осы жылы болып өткен президент сайлауларында оппозиция жетекшісі Звайд Гамсахурдия мемлекет президенті етіп сайланды. Басқару тәжірибесіне ие болмаған З.Гамсахурдия өзінің сегіз айлық президенттік дәуірінде мемлекет элитасы, зиялылармен қатынастарын бұзды, ұлтаралық қатынастарды шиеленістіріп, грузин-абхаз жанжалын келтіріп шығарды. 1991 жылы Грузия халық демократиялық партиясы басшылары З.Гамсахурдияның қызметтен кетуін талап етті. Мемлекетте бүлік басталып, Тбилисиде шынайы соғыстар болып өтті. З.Гамсахурдия өз жақтаушыларымен Тбилисиден кетті.



Звайд Гамсахурдия

З.Гамсахурдия президенттіктен шеттетілгеннен кейін Әкімшілік Эдуард Шеварднадзе басшылығындағы Мемлекет кеңесіне өтті. Бұл кезде мемлекетте жағдай ауыр, грузин-осетин соғысы жалғасып жатқан еді. Е.Шеварднадзе бұл соғысты тоқтатуға қол жеткізді.

Сол жылы қазанда өткізілген сайлауларда Э.Шеварднадзе Грузия Жоғары Кеңесі төрағасы етіп сайланды. Бірақ мемлекетте жиналып қалған проблемалар, әсіресе, экономикалық жағдайдың ауырлығы Э.Шеварднадзе басқаруына қатысты тұрғындардың наразылығын күшейттірді. 2003 жылы өткізілген парламент сайлауларынан кейін Э.Шеварднадзе қызметтен кеткендігін жариялады. Жаңа сайлауларда

Михаил Саакашвили жеңіске шықты. Бұл процестер Грузия мен Батыс баспасында «Әтіргүлдер төңкерісі» атын алды. Билікке көпшілігі Батыс мемлекеттерінде білім алған «жаңа демократтар» келді.



Михаил Саакашвили

М.Саакашвили билігі Грузияда азаматтардың мемлекет органдарына қайрылуын жеңілдетіп, салықтарды азайту, мемлекет мүлкін жеке меншік ету сияқты қажетті реформаларды жүзеге асырды. Мемлекетте коррупцияға қарсы күрес жарияланды. Бірақ М.Саакашвили дәуірінде де Грузия мен Оңтүстік Осетия арасындағы жанжал өз шешімін таппады. 2008 жыл тамызда Грузия, Ресей, Оңтүстік Осетия және Абхазияның қатысуында болып өткен әскери қақтығыс нәтижесінде Ресей Абхазия мен Оңтүстік Осетияның тәуелсіздігін тән алып, олармен екі жақты қатынастар орнатты.

2012 жылы болып өткен парламент сайлауларында оппозицияшыл «Грузия арманы» партиясы жеңіске жетті. Сол партияның өкілі Георгий Маргелашвили Грузия президенті етіп сайланды.

2016 жылы болып өткен парламент сайлауларында да «Грузия арманы» жеңіске жетті.



**1992 жыл мамырда ...**

**1993 жыл...**

**1991 жыл наурызда Грузия ...**

**1990 жылы Баку қаласында ...**

**Армения.** 1991 жыл 21 қыркүйекте Арменияда республика атағы бойынша референдум өткізілді. Онда қатысқандардың шүбәсіз көпшілігі Арменияның СССР құрамынан шығуы үшін дауыс берді. Содан кейін «Арменияның мемлекет тәуелсіздігі туралы декларациясы» қабылданды. Сөйтіп, референдум Арменияда республика жүйесін орнатты. 1991 жыл қазанда болып өткен сайлауларда Левон Тер-Петросян Арменияның бірінші президенті етіп сайланды.

Арменияның тәуелсіз мемлекетке айналуы басқа республикаларға қарағанда өзгеше негізде болды. XX ғасырдың 80 жылдардың екінші жартысында-ақ тәуелсіздік үшін күрес сыртқы фактор–Таулы Қарабақ проблемасы қызыған біркезде басталды. Таулы Қарабақты қосып алу армян қоғамында этникалық бірігу, тарихи әділеттің орнауы ретінде қаралды. Бұл күрестің процесінде коммунистік партия басшыларының орнына келген ұлттық саяси

элита қалыптасты. Сол элита бүгін де Арменияның даму бағытын белгілеп келуде.

СССР-дің кейінгі жылдарында біріншілерден болып одақ орталығына қарсы күрес бастаған Армения, тәуелсіздіктен кейін Мәскеумен қатынастарын анық белгілеп алды. Кейбір бұрынғы республикалар қатарында советтердің кінәсі үшін заманауи Ресейді айыптамады. Мұның себептерінің бірі Таулы Қарабақ мәселесінде Арменияның Ресейге сүйенуі еді. Себебі Арменияның Әзербайжан және Туркиямен шекаралары іс жүзінде жабық, Грузиямен қатынастары күрделі, Иранмен бірталай шынайы геосаяси келіспеушіліктер бар. Солай етіп, Ресей Арменияның өңірдегі жалғыз одақтасы болып қалуда. 2008 жылы Армения президенті етіп сайланған Серж Саргсян осы саясатты шеберлікпен жалғастырып келуде.



Серж Саргсян

Армения кәсіпорны негізінен совет дәуірінде жаратылған. Ол СССР-дің ішкі базарына станоктар, құрылғылар, тоқымашылық және басқа кәсіпорын өнімдерін жеткізіп беріп, орнына шикізат пен электр энергиясын алатын. Ауыл шаруашылығы ірі агрокәсіпорын кешендері базасында дамыды.



**1991 жыл 18 қазан күні Әзербайжан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады.**

**1991 жыл 9 сәуір күні Грузия өз тәуелсіздігін жариялады.**

**1991 жыл қазанда болып өткен сайлауларда Левон Тер-Петросян Арменияның бірінші президенті етіп сайланды.**

Армения – индустриалды-аграр мемлекет. Оның жерасты қазба байлықтары едәуір үлкен мөлшерді құрайды. Синтетикалық каучук, тоқымашылық, азық-түлік кәсіпорны, құрылыс материалдарын істеп шығару мен машина жасау дамыған.



қоғамды

**Ұлттық саяси элита** (элита – ең жақсысы, сараланғаны) – бұл қоғамды басқарудың белгілі дарынына ие болған тұлғалар тобы болып, олар саяси билікті өз қолдарында топтайды, жетекші лауазымдарды иелейді, басқарады.

## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Әзербайжанда А.Елшібей басшылығындағы Ұлттық қорғаныс кеңесінің ұлтшылдық ереуілдері қандай салдарға алып келді?
2. Г.Алиев президент етіп сайланғаннан кейін Әзербайжанның ішкі және сыртқы саясаты қалай өзгерді?
3. Грузияда М.Саакашвили алып барған реформалар қандай нәтижелерге алып келді?
4. Арменияның көрші мемлекеттермен қатынасында қандай фактор негізгі рөл атқарады?
5. Мәтіннен пайдаланып, Күнгей Кавказ мемлекеттеріндегі этникалық проблемалардың тізімін түз.

## Өзіндік жұмыс



1991 жылдан соң Кавказарты мемлекеттері картсын талқыла және шекараларын анықта.

## 8-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Орталық Азия мемлекеттеріне, әдетте, Өзбекстаннан тыс Қазақстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан кіреді.



**Түркістан атауы қашан пайда болған?**

Қазақстан Республикасы. 1991 жыл 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Сол жылы болып өткен президенттік сайлауларында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның бірінші президенті етіп сайланды. 1993 жыл Қазақстанның жаңа конституциясы қабылданды. Онда ең үлкен өкілеттіктер президентке берілді. Үкімет экономикалық реформаларды бастап жіберді.

1993 жыл карашада ұлттық валюта–теңге мәмілеге енгізілді. Осы жыл желтоқсанда Қазақстан үкіметі ірі мұнай концерндерімен Каспий теңізінің Солтүстік бөлігінде іздеу өткізу туралы келісімге қол қойды. Ірі кәсіпорындарды жекеменшіктендіру жүзеге асырылды. Сол жылы парламент мемлекет астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдады. Ол 1998 жылдан «Астана» деп аталатын болды.

Өткен дәуірде Қазақстан экономикасының негізгі салалары мұнай, газ және металлургия болып қалды. Дәл сол салалардың есебіне экономиканың басқа салаларында да жедел өсуге қол жеткізілді.

2007 жыл ақпанда Н.Назарбаев президенттің өкілет мерзімін жеті жылдан бес жылға өзгерттіру, парламент депутаттары санын асыру ұсынысымен шықты. Бұл ТМД мемлекеттерінде кең таралған саяси технология болып, конституцияда бір кісінің екі мерзімнен астам президент болуына қойылған шектеуді шеттеп өтудің жолы болып қалды. Н.Назарбаев та конституцияға енгізілген өзгерістен кейін президенттік сайлауларында тағы өз кандидатурасын қою мүмкіндігіне ие болды.

2010 жылы Қазақстанның бірінші президенті–Елбасы туралы заң қабылданды. Бірақ 2011 жылы Маңғыстау облысында еңбек жағдайымен айлық жалақыларынан наразы болған мұнай кендері жұмысшыларының тәуелсіздік дәуіріндегі ең ірі наразылық шерулері болып өтті. Жаңаөзен қаласындағы тәртіпсіздіктерде 15 адам қайтыс болды, ондаған көтерілісшілер қамауға алынды.

2015 жылы болып өткен кезектен тыс президенттік сайлауларында Н.Назарбаев жеңіске жетті.

**Түрікменстан.** 1991 жыл 26 қазанда референдум өткізіліп, онда қатысқандардың басым көпшілігі Түрікменстан тәуелсіздігі үшін дауыс берді. 1991 жыл желтоқсанда мемлекет ТМД-ға мүше болды. 1999 жылдан Халық Мәжілісі қаулысына қарай Сапармұрат Ниязов мемлекет жетекшісі лауазымын өмірбақи иеледі. С.Ниязов үкіметі оппозицияшыл партиялар қызметіне тыйым салды. Ол «Түркменбасы» атағын алды. С.Ниязовтың «Рухнаме» атты кітабы бұқаралық ақпарат құралдарында кең насихатталып, оқу орындарында оқытылды. С.Ниязов 2006 жылы



Нұрсұлтан Назарбаев



Сапармұрат Ниязов

кайтис болды. Түрікменстан президенті етіп Гурбангули Бердімұхамедов сайланды.



Орталық Азия мемлекеттері



Гурбангули  
Бердімұхамедов

Тәуелсіздік жылдарының алғашында Түрікменстан экономикасы терең құлдырауда еді. 1998 жылы ЖІӨ көлемі 1991 жылға қарағанда екі есе азайып кетті. Мемлекетте азық-түлік жетіспеушілігі пайда болды, тұрғындардың жасау дәрежесі күрт түсіп кетті. Бірқатар күнделікті пайдаланатын тауарларын азаматтар арасында тегін тарату және қызметтерді тегін ету туралы қаулы қабылдану жағдайды біраз жақсартты. Газ қазып шығарудың өсуі де мемлекет экономикасына үлкен медет болды.



2000 жылдардың бастарынан Түрікменстан құлдыраудан шығып алды. Табиғи байлықтар, бірінші орында табиғи газдың өте үлкен қорлары көптеген мемлекеттер мен трансұлттық корпорацияларды өзіне тартуда. Бірақ кейінгі жылдарда дүниеде көмірсутектерге талаптың төмендеуі мен Түрікменстан экономикасының өсу қарқындары бәсеңдеді. 2015 жылы мемлекетте басталған қаржылық құлдырау 2016 жылы тағы да шыңына шықты.

2017 жыл қыркүйек айында Ашхабад қаласында Жабық ғимараттардағы V Азия ойындары өткізілді. Бұл ойындар Түрікменстанның туристік әлеуетін арттыруға және Шетел инвестицияларының көбеюіне қызмет етуі мүмкін.

**Тәжікстан.** 1991 жыл 9 қыркүйек күні Тәжікстан өз тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздіктен кейін мемлекеттің түрлі өңірлеріндегі жергілікті элиталар арасында билік үшін күрес қызып кетті. Бұл күрес 1992 жылдан 1997 жылға дейін жалғасқан азаматтар соғысына алып келді. Соғыстан мемлекет өте үлкен экономикалық зиян көрді.



Эмомали Рахмон

1994 жыл 6 қарашада Тәжікстан конституциясы қабылданды және сол күні өткізілген президенттік сайлауларында Эмомали Рахмонов Тәжікстан Президенті етіп сайланды.

Мемлекетте тыныштық орнатылғаннан кейін, үкімет Ресей, Қытай, Иранмен ынтымақтастық жасап, мемлекет экономикасын тіктеуге кірісті. Тәжікстан таулы өлке болғандығы үшін оның гидроэнергетика мүмкіндіктері үлкен.



**1992 жылдан 1997 жылға дейін... 1994 жыл...  
2000 жыл... 2017 жыл...**

Тәжікстан 2000 жыл Еуразия экономикалық ынтымақтастығын құру туралы келісімшартқа қол қойды. Ол Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім ұйымына қосылды. Тәжікстан Ресей, Қытай және Иранмен ынтымақтастықта бірнеше ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды бастады.

**Қырғыз Республикасы.** 1991 жыл 31 тамызда Қырғызстан өз тәуелсіздігін жариялады. Содан кейін демократиялық процестер одан әрі тереңдеп барды, жалпыхалықтық президенттік сайлаулары өткізіліп, онда Асқар



Аскар Акаев

Акаев жеңіске жетті. Ол мемлекетте демократиялық реформаларды өткізу, халықаралық ұйымдар көз алдында Қырғыз Республикасын демократиялық мемлекетке айналдыру барысында көп жұмыстарды жүзеге асырды. Бірақ А.Акаев билікте тұрған 15 жыл ішінде халықтың жағдайы жеткілікті дәрежеде жақсармады. Қоғамда наразылық

пен әлеуметтік тығыздық артып барды.

А.Акаевты үкіметтен аударып тастаған 2005 жылғы «Раушангүлдер төңкерісі» өте тез және үлкен жоғалтуларсыз жүзеге асырылды. Билікке келген Құрманбек Бакиев күш қолдану жүйелерге сүйеніп, қоғамда жеке билеушілігін нығайтуға оппозицияны бүтіндей аяқтауға әрекет жасады. Бірақ бұл әрекет ұзаққа созылмады. 2010 жылы «Сәуір төңкерісі» деп аталған бұқаралық әрекет нәтижесінде К.Бакиев үкіметі аударып тасталды. Ол жанұя мүшелерімен мемлекеттен қашып кетті. Мемлекетте тәртіпті сақтау үшін Роза Отунбаева басшылығында уақытыншалық үкімет құрылды.



**1991 жыл 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады.**

**1991 жыл 9 қыркүйек күні Тәжікстан өз тәуелсіздігін жариялады.**

**1991 жыл 31 тамызда Қырғызстан өз тәуелсіздігін жариялады.**

Бірақ биліктің күшсіздігінен пайдаланған ұлтшыл және экстремистік күштер 2010 жыл маусымда Оңтүстік Қырғызстанның Ош және Жалалабад қалаларында бұл жердегі өзбек қауымдарына бүліншілік ұйымдастырды.



Алмазбек Атамбаев

2011 жыл қазанда болып өткен сайлауларда Қырғызстан социал-демократиялық партиясының жетекшісі Алмазбек Атамбаев президент етіп сайланды.

Тәуелсіздік жылдарында Қырғыз Республикасы ауыр экономикалық құлдырауды бастан өткізді. 1996 жылы экономикалық тұрақтану процесі басталды. Бұл дәуірде базар экономикасына өту үшін реформалар өткізіліп, олар 2000 жылдардан экономикалық өсуіне

алып келді. Негізгі өнеркәсіп кәсіпорындары жекелендірілді, жерге жекеменшік мүлікшілік енгізілді. Алтын және сынап қазып алу күрт асырылды. Қырғызстан алтын қазып шығаруда ТМД-да Ресей мен Өзбекстаннан кейін үшінші орынға шықты. 2017 жыл қыркүйекте Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қырғызстанға, А.Атамбаевтың сол жылы қазанда Өзбекстанға сапары екі мемлекет арасындағы қатынастардың күрт жақсаруына алып келді.

Қырғызстанда экономиканың өсуі қоғамның да тұрақтануына алып келді. 2017 жыл қазанда өткізілген президенттік сайлаулары нәтижесіне қарай үстем билеуші социал-демократиялық партия өкілі Сооронбай Жээнбеков жеңіске жетті. Ол 2017 жыл желтоқсанда Өзбекстанға ресми сапармен келіп, бірқатар келісімдерге қол қойды.



**Саяси технология** – бұл саяси қызметінің белгілі әдістері болып, олардың қоғамның саласына әсер өткізу арқылы белгілі бір саяси мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылады.

**Трансұлттық корпорация** – бұл бірнеше мемлекеттерде істеп шығару бөлімдеріне ие болған және қызметінің негізінде халықаралық бизнес ұйымдастыратын компания.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан экономикасы негізінен қайсы салалардың есебіне дамыды?
2. Г.Бердімұхамедов президент етіп сайланғаннан кейін Түрікменстанның ішкі саясатында қандай өзгерістер болды?
3. Тәжікстанда азаматтар соғысы қандай салдарға алып келді?
4. Не үшін Қырғызстанда А.Акаев президенттігі дәуірі наразылық пен төңкеріске алып келді?

### Өзіндік жұмыс



Интернет құралында «Түркістан – ортақ үйіміз» тақырыбында эссе жаз және сыныпта шағын топтарда презентация өткіз.

## 9-ТАҚЫРЫП. БАТЫС МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ЖЕДЕЛДЕУІ. ЕУРОПА ОДАҒЫ ЖӘНЕ АҚШ ҚАТЫНАСТАРЫ



Еуропада интеграциялану  
процесі

**Интеграциялану процестері және олардың нәтижелері.** ХХ ғасырдың екінші жартысында басталған капитал, тауарлар, қызмет ету және жұмысшы күшінің еркін әрекеттенуі Батыс Еуропа мемлекеттерінде даму және жасау дәрежесін бір-біріне жақындатты. Жұмысшы күштерінің дамыған мемлекеттерге маусымдық яки келісім негізінде іске асуы кем дамыған мемлекеттерде жұмыссыздық проблемасын шешуге көмектесті. Артта

қалған аймақтарды дамыту жалпы Еуропа бағдарламалары да бұл аймақтардың экономикалық өсуіне көмек берді.



**Екінші дүние жүзі соғысы Еуропа мемлекеттері үшін қандай нәтижелермен аяқталды?**

Интеграция әсерінде дамыған Еуроатлантика мемлекеттерінде баяу жалғыз экономикалық саясат моделі қалыптасып барды. Олар арасындағы негізгі айырмашылық экономика үстінен мемлекет бақылауының дәрежесі, оған әсер ету әдістерімен байланысты еді.

1990 жылдардан бастап Еуропа интеграциясының кейінгі дамуы екі бағыт бойынша барды. Біріншіден, жаңа мүшелерді қабылдау бағыты болып, 1996 жылы мүшелер саны 15-ке жетті. 2002 жылы Копенгагенде (Дания) болып өткен кездесуде Еуроодаққа жаңа мүшелер – Венгрия, Кипр, Латвия, Литва, Малта, Польша, Словакия, Словения, Чехия, Эстония қабылданды. Әлбетте, жаңа мүшелер үшін ету дәуірі көзделген болып, бұл дәуір кезінде олар өз заңдылығын, қаржылық пен экономикалық жүйесін жалғыз Еуропа талаптарына бейімдеуі шарт еді. Оларға өздерінің ішкі проблемаларын шешу үшін Еуроодақ бюджетінен субсидиялар берілді.

Екіншіден, интеграцияның тереңдеуінде Еуропа мемлекеттерінде өзара саяси қатынастар саласын да қамтып алу жолынан барылды. Еуропа парламентінің атағы асты, Еуропарламентке тікелей сайлаулар

өткізілетін болды. 1987 жылы Еуропа Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымын ЕО-ға айналдырумен ол «ішкі шекараларсыз мекен» болып қалды. 1993 жылы жалғыз Еуропа азаматтығын қамтамасыз еткен Маастрихт келісімдері күшке кірді. ЕО-ға кіретін мемлекеттер азаматтары ешқандай визасыз Одақтың қалаған мемлекетінде өзі қалаған мерзім жасауы мен жергілікті сайлауларда қатысуы мүмкін еді. Заңдылықты тендеу құқықтық мөлшерлердің жалғыз Еуропа жүйесі қалыптасуына алып келді. 2002 жылы Еуропада (Ұлыбританиядан тыс) жалғыз валюта—еуро енгізілуі ЕО мемлекеттерін одан әрі жақындатты. Келісілген жалғыз сыртқы және қорғаныс саясаты алып барылуда. Енді Еуропа Одағына іс-жүзінде конфедерация түріндегі жалғыз мемлекет құрылымы ретінде қарау мүмкін болды. Еуроатлантика мемлекеттерінің кейінгі интеграциясы Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттерінің одан әрі жақындасуы негізінде болуда.



**1987 жылы...**

**Маастрихт келісімдері...**

Бірақ соңғы кездерде ЕО-ға кіретін бірқатар мемлекеттер қарызының шектен артып кетуі үлкен проблемаларды келтіріп шығарды. 2015 жылғы сайлауларда Грецияда үкіметке келген А.Сипрас басшылығындағы солдар билігі мемлекеттің қарызын кредиторлар қойған шарттар бойынша үзе алмауын жариялады. Содан кейін өткізілген референдумда Греция тұрғындарының көпшілігі үкіметті қолдап дауыс берді. Греция үкіметі қарыздардың бір бөлігінен кешуді талап етті. Греция қарызын реструктуризациялау туралы Еурокомиссия келісімге қол жеткізген болса да, Еуропа Орталық банкі мен Халықаралық валюта қормен келіссөздер тағы жалғасты.

Италия мен Испанияның да қарыздары өте үлкен мөлшерді құрайды. Дәл қазір ЕО-да экономикалық тұрғыдан жетекшілік жасайтын Германия мен Францияның саяси қысымынан да наразылық күшейіп баруда. Бұл наразылықтың жарқын көрінісі Ұлыбританияда 2016 жыл маусымда өткізілген референдум болып, онда қатысып жатқан тұрғындардың жартысынан көбі мемлекеттің Еуропа Одағынан шығуы үшін дауыс берді. 2016 жыл қыркүйекте Братислава қаласында болып өткен ЕО басшылары жиналысында алғаш рет Ұлыбритания премьер-министрі қатыспады. Онда сөйлеген

ГФР канцлері А.Меркель ЕО ауыр құлдырауда екендігін тән алды.

Бұл ыдыраудың тағы бір көрінісі 2017 жыл қазан айында Испанияның Каталония автономиялық облысында өткізілген референдум болды. Оның нәтижелеріне сәйкес Каталония тәуелсіздігі жарияланды. Бірақ Мадридтегі Орталық үкімет референдум нәтижелерін тән алмады, Каталония үкімет мүшелерін қамауға алды және автономияның тікелей Мадридтен басқарылуын жариялады.

**ЕО және АҚШ қатынастары.** «Суық соғыс» аяқталып, коммунизм қаупі жойылғаннан кейін АҚШ пен ЕО арасындағы қатынастарда да өзгеріс болды. 1990 жылы ЕО пен АҚШ арасында Декларация–Трансатлантикалық партияға қол қойылды. Онда екі жақтың жақын ынтымақтастығы, қажетті мәселелер бойынша ақылдасулары белгіленді.



**2002 жылы Копенгагенде (Дания) болып өткен кездесуде Еуроодаққа жаңа мүшелер – Венгрия, Кипр, Латвия, Литва, Мальта, Польша, Словакия, Словения, Чехия, Эстония қабылданды.**

**2002 жылы Еуропада (Ұлыбританиядан тыс) дара валюта–еуро енгізілді.**

**2015 жыл сайлауларда Греция билігіне А.Ципрас келді.**

ЕО және АҚШ арасындағы қатынастардың өзіне сай жағы – онда дәстүрлі екіжақты келісімдер болмаған. Бұл қатынастар халықаралық ұйымдардың мөлшер және ережелерімен тәртіпке салынады.

2007 жылы ЕО пен АҚШ Трансатлантикалық экономикалық интеграцияны тереңдету туралы келісімге қол қойды да Трансатлантикалық экономикалық кеңес енгізді. Бірақ тараптар бұл келісімді толық жүзеге асыруға асықпады. 2000 жылдар барысында бірнеше едәуір келісімдерге қол қойылып, олар тараптар арасындағы байланыстардың түрлі жекеменшік ерекшеліктерін тәртіпке салуға қаратылды.

АҚШ пен ЕО дүниеде ең ірі энергия пайдаланушылары болып, олар атмосфераға ең көп зиянды заттарды шығарады. 2000 жылдар бастарында екі жақ энергетика өнімділігі, қауіпсіздік және ауа-райының өзгеруі туралы мәлімдеме, ауа-райы өзгеруі туралы БҰҰ-ның Париж конвенциясына қол қойды. Бірақ 2017 жылы АҚШ президенті Д.Трамп мемлекеттің бұл конвенциядан шығуын жариялады. АҚШ

пен ЕО арасындағы қатынастарда белгілі келіспеушіліктер бар. Бұл келіспеушіліктер әсіресе халықаралық проблемаларды шешудегі жандасулардың айырмашылығында күрт көзге түсуде. АҚШ халықаралық жанжалдарды шешуде күшке тірек жақтаушысы, ЕО дипломатиялық мүмкіндіктерден аяғына дейін пайдалану қажет деп есептейді. Соған қарамай, олар өзара саяси, әскери-стратегиялық және экономикалық ынтымақтастық мүдделері арқылы бір-бірімен тығыз байланысқан. АҚШ пен ЕО жалғыз Еуроатлантикалық цивилизацияның өкілдері болып, бұл олар арасындағы қатынастарды белгілейтін негізгі фактор болып табылады.



**Капитал** – бұл қосымша құн алуда пайдаланылатын материалды, интеллектуалды және қаржылы құралдар жиынтығы.

**Субсидия** – мемлекет яки басқа бір мекеме тарапынан басқа мемлекет, мекеме, жеке тұлғаға көрсетілген қаржылы яки материалды көмек.

**Реструктуризация** – бұл қарыз немесе кредитті төлеу шарттарын қайта көріп шығу және өзгерттіру.



**1990 жылы ...**

**2015 жылғы ...**

**1987 жылы ...**

**2017 жылы ...**

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. 1990 жылдары Еуропа интеграциясы қандай бағыттар бойынша жалғастырылды?
2. Ұлыбританияның ЕО-дан шығуына қандай факторлар себеп болды?
3. ЕО және АҚШ қатынастары қандай құжатқа негізделеді?
4. ЕО және АҚШ арасында қандай мәселелер бойынша келіспеушіліктер бар?

### Өзіндік жұмыс



Интернет құралында Трансатлантикалық партияның мән-мазмұнымен таныс.

## 10-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

**Экономикалық даму.** 1990 жылдардың басында АҚШ экономикасында қысқа мерзімді рецессия байқалды. Осу қарқындарының төмендеуі қожалықтың барлық тұстарын қамтып алды. Бірақ, 1992 жыл көктемінен жалпы ішкі өнімнің өсу қарқындары тағы жеделдене бастады.



Билл Клинтон

Билл Клинтон президенттігінің алғашқы үш жылы АҚШ-тың экономикалық дамуы үшін сәтті өтті. Бұл дәуірде экономикалық конъюктура жақсарып, жұмыссыздық дәрежесі мен инфляцияның төмендеуіне алып келді.

Б.Клинтон президенттігінің екінші мерзімінде оның әкімшілігі әлеуметтік саланы дамытуға үлкен көңіл бөлді. Федерал қаражаттардың негізгі бөлігі адам ресурстарын дамытуға жұмсалды. АҚШ-ты әлеуметтік мемлекетке айналдыру басталды. Бұл саясат Б.Клинтонның «жаңа экономикалық философиясы» атын алды.



**АҚШ тарихында «Уотергейт жұмысы» қайсы президент қызметімен байланысты?**

XXI ғасырдың басына келіп АҚШ экономикасы техникалық өркениеттің негізгі көзіне айналды. Дүние бойынша жаңа технологияларды жаратуға жұмсалынған барша қаражаттардың 1/3 бөлігі АҚШ үлесіне тура келеді. Дүние істеп шығаруында жетекші позицияны қамтамасыз етіп тұрған макротехнологиялардың да жартысы АҚШ-қа тиісті еді. Дүниенің экономикалық жетекшісі болған АҚШ дәуір проблемаларын сәтті шешіп, XXI ғасырға жаңа экономикамен кіріп келді. Бірақ 2007–2008 жылдары АҚШ-тың қаржы секторында басталған құлдырау 2009 жылға келіп дүние деңгейіндегі глобалды рецессияға айналып кетті. 2009 жылы дүниеде істеп шығарылған ЖІӨ екінші дүние жүзі соғысынан бері бірінші рет нашар көрсеткішке түсіп кетті. Жұмыссыздықтың шектен тыс дәрежеде артуы еңбек базарын бақылаудың бүкіл тарихы барысында ең жоғары көрсеткішке жетті және 2009 жылы дүниеде жұмыссыздар саны 200 млн-ға жуық



адамды құрады. Деңгейі мен салдары бойынша бұл құлдырауды тек 1930 жылдардағы Ұлы депрессиямен теңестіруге болады. АҚШ экономикасы 2014 жылға келіп те толық тіктелмеді.



Америка Құрама Штаттары

**Саяси даму.** 1980 жылдар мен 1990 жылдардың бастары неоконсерватизм идеясының мерекелі дәуірі болды. Бұл жылдары АҚШ ішкі өркениетте де, халықаралық алаңда да үлкен жетістіктерге қос жеткізді. Соған қарамай, 1992 жылғы президенттік сайлауларында республикашы Ж.Буш күтпегенде жас демократ Б.Клинтонға жеңіліп қалды. Бірақ демократтар да өз жеңісін нығайта алмады. 1994 жылғы аралық сайлауларда демократтар аянышты жеңіліске ұшырады. Екі палатада да көпшілік орындарды, көптеген штаттарда губернаторлық лауазымдарын да республикашылар иеледі. Республикашылар партиясының абыройы мен ықпалын тіктеу үшін қолайлы жағдай пайда болды. Бірақ демократтардың ішкі және сыртқы саясаттағы жетістіктері 1996 жылғы сайлауларда екінші

рет Б.Клинтонның жеңісін қамтамасыз етті. Б.Клинтон әкімшілігі әлеуметтік саланы өз саясатының үстем бағыты деп жариялады.



Барак Хусейін  
Обама

2000 жылғы сайлауларда тағы республикашылар өкілі кіші Жорж Буш президент етіп сайланды. Оның екінші мерзімі президенттік дәуірінде АҚШ экономикалық дағдарысты бастан кешірді. Нәтижеде 2008 жылы болып өткен сайлауларда демократиялық партиядан жалғыз кандидат Барак Обама АҚШ президенті етіп сайланды.

Б.Обама президенттігінің екінші мерзімінде Ирак пен Сириядағы жағдайдың ауырласуы, Еуропа мемлекеттері мен АҚШ-тың өзінде де террорлық қауіптің күшеюі сияқты бірқатар проблемалар президентпен оның әкімшілігінің абыройын түсіріп жіберді.



**1992 жыл көктемінен жалпы ішкі өнімнің өсу қарқындары тағы да жеделдене бастады.**

**1992 жылғы сайлауларда республикасы Ж.Буш күтпегенде жас демократ Б.Клинтоннан жеңіліп**

**қалды.**



Дональд Трамп

Нәтижеде 2016 жылы болып өткен президенттік сайлауларында демократтар партиясынан кандидат Хиллари Клинтон жеңіліп қалды. АҚШ-тың кезектегі президенті етіп республикашылар партиясынан кандидат Дональд Трамп сайланды.

Д.Трамп ішкі саясатта Американың ұлылығын тіктеу, сыртқы саясатта басқа мемлекеттердің істеріне араласпауды жариялаған еді. Бірақ президенттік сайлауларына ресейлік хакерлердің араласқандығы туралы күмәндар мен президент көмекшілерінің Ресей елшісімен жасырын кездесулері Д.Трампың абыройын түсіріп жіберді. Бұл оған өзінің сайлауалды уәделерін орындау мүмкіндіктерін бермей жатыр.

**Сыртқы саясат.** 1990 жылдары АҚШ сыртқы саясатының негізгі бағыттары өз мәнін сақтап қалды. Жоғары дәрежеде дамыған өнеркәсіп мемлекеті болған АҚШ түрлі аймақтарда өзінің өмірлік қажетті мүдделерін қорғау үшін тек қана әскери құралдарға ие емес. Өнеркәсіп сауда, қаржылық, ғылыми-техникалық, мәдени және басқа құралдар да әлем саясатында өте үлкен маңызға ие. АҚШ халықаралық алаңда осы құралдардың баршасынан өнімді пайдалануда.



**2009 жылы дүниеде жұмыссыздар саны...  
1992 жылғы... 1994 жылғы...  
1980 жылдар мен 1990 жылдардың бастары...**

Б.Обама президенттігінің бірінші дәуірінде дүниеде зорлық-зомбылыққа, экстремизм мен терроризмге қарсы күрес, АҚШ-тың дүниедегі жетекшілік позициясын тіктеу үкімет сыртқы саясатының үстем бағыты деп жарияланды. 2009 жылы дүниенің ядро қаруынан құтқару, халықтар арасында ынтымақтастықты дамыту жолында жасаған әрекеттері үшін Б.Обамаға Нобель тыныштық сыйлығы берілді. Бірақ экстремизм мен терроризмге қарсы күрес Ауғанстанда толық аяқталмай тұрып, Таяу Шығыста шиеленістің жаңа ошағы пайда болды. Иракта Саддам Хусейн режимі аударылғаннан кейін Сириядағы Башар Асад режиміне қарсы күресте оппозицияшыларды қолдаған АҚШ үкіметі ИШИМ көрінісіндегі жаңа террорлық топтың жүзеге асуына себеп болды. Нәтижеде АҚШ-тың дүниедегі жетекші мемлекет ретіндегі абыройына зиян жетті.

Д.Трамп әкімшілігіне бірқатар сыртқы саяси проблемалар мирас қалды. Олар алдымен халықаралық терроризмге қарсы күрес пен Таяу Шығыс және Ауғанстандағы жағдаймен байланысты. Сондай-ақ Қытай және Ресеймен қатынастарда да тығыздық бар болып, олар да Д.Трамптан дипломатиялық белсенділікті талап етуде.

2017 жыл қараша айында Д.Трамп Қытайға жасаған ресми сапары барысында екі мемлекет арасындағы қатынастардың жақсаруына, өте үлкен мөлшердегі сауда мен инвестиция келісімдеріне қол жеткізді.



**Экономикалық конъюктура** – бұл ақшаның әрекеті, пайыз ставкалары, валюта курсы, жұмыс жалақысы, Сондай-ақ істеп шығару мен пайдаланудың динамикасымен характерленуші экономиканың жағдайы, оның белсенділік дәрежесін білдіреді.

**Макротехнология** – бұл белгіленген параметрлерге қарай белгілі өнім түрін жарату бойынша барша технологиялық процестер (ғылыми-техникалық ізденулер, конструкторлық істері, істеп шығаруды даярлау, істеп шығару, сату мен жобаны сервис қолдау) жиынтығы.

**Позиция** – жағдай, белгілі оқиға яки оқиғаға қатысты қатынас.

**Ретрессия** – бұл экономикада істеп шығаруға қарағанда орташа, оншалықты қауіпті болмағандығын немесе экономикалық өсу қарқындарының бәсеңдеуін білдіреді.

## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Б.Клинтонның «жаңа экономикалық саясаты» АҚШ-та қайсы саланы дамытуға бақытталған еді?
2. Б.Обама президенттігінің екінші мерзімінде жүзеге асқан қандай проблемалар президенттің абыройын түсіріп жіберді?
3. АҚШ дүниеде өзінің өмірлік мүдделерін қорғау үшін қандай құралдардан пайдаланады?
4. Б.Обама президенттігі дәуірінде АҚШ қандай халықаралық проблемаларға душар болды?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып АҚШ штаттарын тап және тарихи болмыспен байланыстырып түсінік бер.

## 11-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ

**ГФР 1990 жылдарда.** 1980 жылдардың аяғында Германияның екі бөлігін біріктіру бойынша келіссөздер сәтті аяқталды. 1990 жыл 3 қазан күні жалғыз Германия мемлекеті құрылғандығы жарияланды. 1990 жыл желтоқсанда кезектен тыс парламент сайлаулары болып өтті.



**Германия мемлекеті қашан және не себептен екі бөлікке бөлініп кеткен еді?**

1990 жыл Германия үшін қажетті жыл болды. Екі Германияның бірігуі ГДР-дегі экономикалық артта қалушылықты жою міндетін күрт қойды. ГДР-де базар механизмдерін енгізу негізінен ГФР тарапынан қаржыландырылды. 1994 жылы болып өткен сайлауларда христиан-демократтар мен либералдар коалициясының позициясы одан да нығайтылды. Германия социал-демократиялық партиясы (ГСДП) жетекші оппозицияшыл партия болып қалды. «Жасылдар» партиясы да едәуір үлкен күшке айналды.

1990 жылдардың бірінші жартысында экономикалық өркендеу қарқындары ілгерідей жоғары болмаса да, ГФР дүниенің экономикалық жетекші мемлекеттерінің бірі болып қалды. Мемлекетте күшті әлеуметтік саясат алып барылды. Азаматтар өздерін жеткілікті дәрежеде қорғалғанын сезінді. Бірақ бұл жылдары жұмыссыздық дәрежесі өте жоғары болып, бұл Германия тарихында ең жоғары көрсеткіш еді.

Осындай жағдайда 1998 жылғы парламент сайлауларында ГСДП жеңіске жетті. Герхард Шрёдер үкіметі экономикада және әлеуметтік салада терең реформаларды бастады: кәсіпорындар үшін ең қолайлы жағдайлар жарату, шағын және орта бизнесті қолдау нәтижеде жұмыссыздықты азайту реформалардың мақсаты етіп белгіленді. Қаржы жүйесін қайта құру, зейнетақы, медициналық қызмет және әлеуметтік сақтандыру жүйесін реформа жасау басталды.



Герхард Шрёдер

**Германия XXI ғасырда.** XXI ғасыр бастарына келіп Германия әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық өркендетте сезілерлі нәтижелерге қол жеткізді. Ол Еуропада ең күшті экономикалық мүмкіндіктерге ие болып, ЖІӨ көлемі бойынша АҚШ пен Жапониядан кейін дүниеде үшінші орынды иеледі.



Ангела Меркель

2005 жыл қыркүйекте болып өткен сайлауларда бірер партия абсолюттік үстемдікке жете алмады. Қарашада болып өткен бундестаг (парламент) жиналысына А.Меркель ГФР канцлері етіп сайланды. Ол бірінші әйел-канцлер, бүкіл ГФР тарихындағы ең жас федерал канцлер болды.

А.Меркель федеративтік жүйені реформа жасау, бюрократияға қарсы күресу, ғылыми зерттеулерді дамыту, энергетика, бюджет, қаржы мен жанұя, еңбек базары салаларындағы саяси және денсаулықты сақтау жүйесін реформалау туралы бағдарламасын жариялады.



**1990 жыл ...**  
**1998 жылғы ...**

**1994 жыл ...**  
**«Жасылдар» партиясы ...**

Бірақ 2008–2009 жылдардағы құлдырау басқалар қатары Германия экономикасына да үлкен зиян жеткізді. Тек 2014 жылға келіп Германияның экономикалық өсу қарқындары құлдыраудан алдыңғы көрсеткіштерге жетіп алды. 2015 жылы А.Меркель билікке келгендігінің он жылдығы атап өтілді. «Меркель дәуірі» мемлекет тарихындағы қажетті дәуір болып, онда Германия Еуропа Одағының жетекші мемлекетіне айналды. А.Меркель дүниенің ең беделді саясатшыларының бірі болып қалуда.



Германия Федеративтік Республикасы

2014 жыл Украинада пайда болған Үкімет алмасуы артынан Германия Ресейдің Қырымды қосып алуына қарсы қатаң позицияны иеленді де басқа Еуропа мемлекеттері сияқты Ресейге қарсы санкциялар жариялады.

А. Меркельдің Ресей басшыларымен қатынасы күрделігінше қалуда. Соған қарамай, 2015 жылдың мамыр айында Еуропаны фашизмнен азат еткендерді еске алу үшін А.Меркель Москваға келді. 2015 жыл аяғына келіп, оның абыройы біраз төмендеді. Бұған Сириядан және соғыс әрекеттері жалғасып жатқан басқа мемлекеттерден келе жатқан босқындар проблемасы себеп болуда. Босқындардың неміс қоғамына көнігу процесі едәуір ауыр кешуде. Олардың көпшілігі үшін бұл өте

үлкен психологиялық дағдарысқа айналуда. Мәселен, 2016 жылы келіп шығуы ирандық болған 18 жасар Али Санболи Мюнхен қаласындағы сауда орталығында «Мен неміспін!», деген айқаймен адамдарға қарай оқ атты. Нәтижеде 9 адам қайтыс болды, ондаған адамдар жарақаттанды. А.Санболи өзін-өзі атып өлтірді.

Бұл процестер А.Меркель және ол басшылық етіп жатқан ХДП абыройының төмендеуіне алып келді. ГФР құрамына кірген жерлерде өткізілген жергілікті сайлауларда бұл анық көрініс табуда.

2017 жыл қыркүйекте болып өткен парламент сайлауларында А.Меркель басшылығындағы коалиция 33% дауыс алды. Бұл үкіметті қалыптастыру үшін жеткілікті болмады. Бірқатар партиялармен

коалиция құру үшін өткізген келіссөздер сол жыл қараша айында нәтижесіз аяқталды.



**А. Меркель ГФР тарихындағы ең жас федерал канцлер лауазымын иелеген.**

**1998 жылғы парламент сайлауларында ГСДП жеңіске жетті.**

Соған қарамай, заманауи Германияның әлеуметтік және мәдени жетістіктері едәуір үлкен. Бұлардың баршасы тұрмыстың жана, ХХІ ғасыр үгіттеріне жауап бере алатын жоғары сапасын жарату мүмкіндігін берді.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Герхард Шредер үкіметі экономикада және әлеуметтік салада қандай терең реформалар өткізді?
2. «Меркель дәуірі» мемлекет тарихында қандай орын тұтады?
3. Германияда А.Меркель дәуірінің сыртқы саясаты туралы нелерді білесің?
4. Заманауи Германияда бүгін қандай проблемалар бар?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып, Германиядағы әкімшілік бірліктерді тап және дәптеріңе жаз.

## 12-ТАҚЫРЫП. 1991 – 2017 ЖЫЛДАРДА ҰЛЫБРИТАНИЯ

**Ұлыбритания ХХ ғасыр аяғында.** 1990 жылы Ұлыбритания бас министрі етіп сайланған Жон Мейжор саясаты М. Тэтчер дәуіріндегі неоконсерватизм курсы жалғастыруға, сол уақытта «тэтчеризмнің» авторитарлық басқаруға ауу жайттарынан және басқа қалдықтарынан ақырын бас тартуға қаратылған еді. Бірақ оның көптеген сайлау алды уәделері жүзеге аспай қалып кетті. Соған қарамай, 1992 жыл көктемде өткен парламент сайлаулары Ж.Мейжордың



Жон Мейжор

тактикасының дұрыстылығын көрсетті. Консерваторлар партиясы сайлауларда жеңіске жетті.



**Ұлыбританияда М.Тетчэр дәуірінде қандай жұмыстар жүзеге асырылды?**

XX ғасырдың 90 жылдары бірінші жартысында Ұлыбритания экономикасы ұзақ мерзімді рецессия дәуірін бастан өткізді. Инфляция өте жоғарылап кетті. Салық жүйесін реформа жасауға ұрыну сәттілік алып келмеді, керісінше, консерваторлар партиясының абыройына кері әсер етті. 1990 жылдардың екінші жартысынан экономикалық өсудің басталуы да консерваторлар партиясының абыройын көтермеді. Ж.Мейжор «тэтчеризмнен» қатаң ұзақтасып, өзінің тәуелсіз курсын істеп шыға алмады.



Ұлыбритания



Сондай жағдайда өздеріне жана жетекші және жаңа идеологиялық бағдарламаны таңдаған Лейболистер партиясы 1997 жыл мамыр айында болып өткен парламент сайлауларында жеңіске жетті. Партия жетекшісі жас Энтони Блер үкімет жетекшісі болды. Енді олар өздерін «жаңа лейболистер» деп атады.

Е.Блер кабинеті қызметінің негізгі бағыты конституциялық реформа болды. Е.Блер және оның әріптестерінің пікірінше, реформалар Шотландия мен Уэльске автономия, Англия аймақтарына көбірек тәуелсіздік беруді, сайлау туралы заңды реформа жасауды, жоғары палатаны қайта құру мен оның сайлануын енгізуді және басқа бірқатар шараларды көзде тұтатын. Бірақ бұл реформаларды жүзеге асыру едәуір ауыр болды. Тек 1999 жылға келіп алғашқы жетістіктерге қол жеткізілді. Шотландия мен Уэльс ұлттық ассамблеяларына сайлаулар өткізілді. Сыртқы саясатта лейболистер саясаты дәстүрлігінше қалды. Е.Блер үкіметі сыртқы саясаттағы барша мәселелерде АҚШ-тың ең жақын ынтымақтасы болды.



Энтони Блер

**Ұлыбритания XXI ғасыр бастарында.** XXI ғасырдың бастарында Ұлыбритания Батыс Еуропаның басқа мемлекеттері сияқты әлеуметтік-экономикалық дамуда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Мемлекетте төтенше қолайлы жағдай жүзеге асты. Экономикалық өсу көрсеткіштері жоғары, жұмыссыздық пен инфляция кейінгі он жылдар ішінде ең төмен болды.

Е.Блер үкіметі әлеуметтік қажеттіліктер үшін мемлекет қаражаттарын асыру саясатын жүргізді, бұл қаражаттардың үлкен бөлігі жұмыс орындарын жаратуға жұмсалды. Үкімет жұмыссыздықты едәуір қысқарттыруға қол жеткізді. Бірақ әлеуметтік қамту саласында үкімет бірқатар қатаң қадамдар қоюға мәжбүр болды. Денсаулықты сақтау мемлекет қызметі, зейнетақылар мен бұқаралық тәлімге мемлекет қаражаттары қысқартырылды.

Сыртқы саясатта Ұлыбританияның 2003 жылы Ираққа қарсы коалицияда қатысуы қоғамда қызу тартыстарды келтіріп шығарды. Ұлыбритания бұл «антитеррор» коалицияда АҚШ-тың негізгі одақтастығына айналды. Бірақ көпшілік ағылшындар бұл соғысқа қарсы еді. Лейболистердің сол қанаты да соғысқа күрт қарсы шықты. Е.Блер саясатынан наразылық рәмзі ретінде сыртқы істер министрі Робин Кук қызметтен кетті. Соған қарамай, 2005 жылы болып өткен парламент сайлауларында кіші айырмашылықпен

лейболистер партиясы жеңіске жетті. Нәтижеде Е.Блер үшінші мерзімге бас министр етіп сайланды.



**2005 жылы болып өткен парламент сайлауларында кіші айырмамен лейболистер партиясы жеңіске жетті. Ұлыбритания 2003 жылы Иракқа қарсы коалицияда қатысты.**

2005 жыл Лондонда төрт террорлық акті жүзеге асырылды, нәтижеде ондаған адамдар қайтыс болды. Жауапкерлікті «Аль-Каида» халықаралық террорлық ұйымы өз мойнына алды.

2006 жылғы Израиль-Ливан соғысы аяқталғаннан кейін, АҚШ артынан Израильдің тарапын алған Британия бас министрі Е.Блердің қызметтен кетуі талап етілді. Е.Блердің мерзімінен алдын қызметтен кетуін көпшілік британиялықтар да қолдады, олар бас министрдің америкашыл саясатынан наразы еді.

2007 жыл маусымда Е.Блер қызметтен кетті. Лейболистер партиясының ішкі сайлауларында партияның жаңа жетекшісі және бас министрі лауазымдарын Гордон Браун иеледі. Г.Браун дүние экономикасының жаһандануы жақтастарынан еді. Сыртқы саудада протекционизм саясатына қарсы шықты.

Қызметінің алғашқы дәуірінде Г.Браун бірқатар ұсыныстармен шықты да олар қоғамдық тарапынан оң қабылданды. 2008 жылы басталған дүние қаржылық дағдарысы жағдайында Г.Браунның банк жүйесін қиратудан сақтап қалуға, бизнесті қолдауға қаратылған қатаң әрекеттері оның абыройын асырды. Соған қарамай, 2010 жылы болып өткен парламент сайлауларында консерваторлар партиясы жеңіске жетті. Консерваторлар жетекшісі Дэвид Кемерон Ұлыбритания бас министрі лауазымын иеленді.



**Жон Мейжор саясаты...  
Гордон Браун қызметі...  
«Жаңа лейболистер» саясатының үстем бағыттары...**

Д.Кемерон үкіметінің мемлекет қаражаттарын үнемдеу үшін жасаған бірқатар әрекеттері нәтижесінде ЖІӨ-ге қатысты бюджет жетіспеушілігі қысқарды. Соған қарамай, бұл проблема әлі де өзектілігінше қалуда. Бұл дәуірдегі экономикалық қиыншылықтар мемлекеттің тұтастығына да көз сала бастады. 2014 жыл қыркүйекте Шотландияда Ұлыбританиядан ажыралып шығу мәселесінде

жалпыхалықтық референдумы өткізіліп, онда 45% тұрғындар тәуелсіздік үшін дауыс берді.

2015 жылы болып өткен парламент сайлауларында консерваторлар партиясы тағы жеңіске жетті. Сайлауалды кампаниясы дәуірінде бас министр Д.Кэмерон егер консерваторлар жеңіске жетсе, Ұлыбританияның Еуроодақтан шығу мәселесін көтеруге және бұл мәселе бойынша референдум өткізуге уәде берді. 2016 жыл маусым айында болып өткен референдумда қатысып жатқан Ұлыбритания тұрғындарының 50% -дан артығы мемлекеттің Еуропа Одағынан шығуы үшін дауыс берді. Содан кейін бас министр Д.Кэмерон қызметтен кетті. Ұлыбритания бас министрі лауазымын Тереза Мэй иеледі.



Дэвид Кемерон

XX ғасырдың екінші жартысында Ұлыбритания отаршыл империясы толық аяқталды. Бірақ Ұлыбритания оншалықты оңайлықпен болмаса да, дүниеде өзінің саяси және экономикалық абыройын сақтап келуде. 2016 жыл Еуропа Одағынан шығу үшін дауыс берген көпшілік ағылшындар да мұны мемлекет тәуелсіздігін қадірлеулерімен сипаттады. Не болғанда да, Ұлыбритания XXI ғасырда дүние қоғамдастығының ең қажетті мүшелерінің бірі болып қалуда.



Тереза Мэй



**Протекционизм**—ішкі базарды белгілі шектеулер (импорт және экспорт баж салығы, субсидиялар мен басқа шаралар) арқылы шетел бәсекесінен қорғауға қаратылған саясат.

**Тактика**—бұл көзделген мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс және құралдар жиынтығы.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. 1990 жылдардың аяғында консерваторлар партиясының жеңілу себептері неде?
2. Е.Блер кабинеті қызметінің негізгі бағыты нелерден құралған еді?

3. Д.Кемерон кабинетінің қызметтен кетуінің себептері неде еді?
4. Ұлыбританияның ЕО-дан шығуында нелер негізгі фактор болды?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып, бас министр Е.Блер мен оның әріптесі тәуелсіздік беруді ұйғарған аумақтарды тап және дәптеріңе жаз.

## 13-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ФРАНЦИЯ

**XX ғасырдың аяқтарында Франция.** 1980 жылдардың аяғында Франция үкіметі кәсіпорындар, банктер мен сақтандыру компанияларын жаппай жекешелендіру саясатын жариялаған еді. Жекешелендіру жолдарының бірі – кәсіпорынның оның жұмысшылары тарапынан сатып алуы болды. Жұмысшылар саны 500-ден 1 мыңға дейін болған кәсіпорындардың ширек бөлігі сол жолмен сатып алынды. Экономикалық өркендеудің 1989–1992 жылдарға арналған жоспары ақшаның айналуы тұрақтылығын қамтамасыз етуді, инфляцияның төмендеуін және экономиканың бәсекеге шыдамдылығын қолдауды көзде тұтатын.



**Францияда Бесінші республика қашан орнатылған еді?**

Францияны социалистер басқарған 1980–1990 жылдардың бастарында халықаралық өмірде ең қажетті оқиғалар пайда болды: «суық соғыс» аяқталды, Германия бірікті, Советтік Одағы мен Югославия таралып кетті, Батыс Еуропа бірікті. Франция президенті Франсуа Миттеран және оның үкіметі Германиямен жақындасу мен Батыс Еуропа мемлекеттерінің бірігуін өзінің негізгі міндеті деп білді. Германиямен бірге Франция Батыс Еуропаны бірлестірудің ең белсенді қатысушысы болды. 1990 жыл қаңтарда Люксембургтің Шенген қаласында Франция үкіметі Шенген келісіміне қол қойды. Оған сәйкес Еуропа Экономикалық Ұнтымақтастығы (ЕЭҰ) мемлекеттері азаматтары визасыз және кеден бақылауынсыз бір-біріне тікелей өтуі мүмкін болды.



Франция Республикасы

Солдар үкіметте тұрған жылдарда олардың жақтаушылары күткен нәтижелерге жетпеді. Экономикалық өсу қарқындары өте төмен болды. 1993 жылы істеп шығару көлемі қысқарды. Жұмыссыздық теңдессіз дәрежеге жетті. Социалистердің абыройы түсіп кетті. Орталық және Шығыс Еуропада коммунистік режимдердің құлауы, СССР мен Югославияның таралып кетуі, Ресей үкіметі тарапынан ресми коммунизмнің қаралануы тек қана коммунисттерді емес, бәлкім мүмкін бүкіл социалистік идеялар және құндылықтар жүйесін абыройсыздандырды.

1993 жылы Ұлттық мәжілісте болып өткен сайлауларда оң күштер парламентте шүбәсіз көп орынға ие болды. Францияның соғыстан кейінгі тарихында сол күштер алғаш рет осындай қақсатқыш жеңіліске ұшырады. Сол күштер мұндай жеңілістен кейін ұзақ уақыт дағдарыстан шыға алмады.

1995 жылғы президенттік сайлауларында Жак Ширак жеңіске жетті және жұмыссыздыққа қарсы күресті, қоғамның байлар мен кедейлерге

бөлінуін жоюды негізгі міндет деп жариялады. Сыртқы саясатта оның негізгі қызметі Францияға Еуропа Одағының «жетекшісі» және бүкіл әлем үшін «бостандық маяғы» рөлін қайтаруға қаратылды. Жаңа үкімет мемлекет бюджеті табысын азайту, жұмыс бастылықты қамтамасыз ету жоспарын жариялады. 1996 жылдан ЖІӨ-нің өсу қарқындары, капитал кіргізу және жеке пайдалану көлемі асты.



**1990 жыл қаңтарда Люксембургтің Шенген каласында Франция үкіметі Шенген келісім шартына қол қойды.**

**Постиндустриалды қоғам.** 1990 жылдары Францияда постиндустриалды қоғамның қалыптасу процесі жалғасты. Ғылыми-техникалық төңкерістің қарқынмен дамуы Францияның көлеңкесі өзгертті. Париж және басқа ірі қалаларда аспансүйер ғимараттар пайда болды. Бүкіл мемлекетті автомобиль жолдарымен сағатына 250–300 км жылдамдықта жүретін теміржол трассалары қамтып алды. Англиямен ынтымақтастықта құрылған Ла-Манш шығанағы астынан өткен теміржол тоннелі (Еуротоннель)—XX ғасырдың ең ұлы инженерлік жетістіктерінің бірі 1994 жыл мамыр айында салтанатты түрде ашылды.

Басқа дамыған мемлекеттердегі сияқты Францияда да электроника, информатика және олармен байланысты өнеркәсіп салалары жедел дамыды. Индустриалды қоғамның рәмзі болған кәсіпорын салалары—металлургия, көмір қазып шығару сияқты салалар жайлап қайғыға бет бұрды.

**XXI ғасырда Франция.** XX—XXI ғасырлар шекарасында Франция барша қажетті көрсеткіштер бойынша дүниенің ең дамыған мемлекеттері қатарына енді. Бірақ 2008–2009 жылдардағы дүние қаржылық дағдарысы Франция экономикасына өте үлкен кері ықпал жасады. 2007 жылы Франция президенті етіп сайланған Никола Саркози оң консервативті «Халық әрекеті үшін одақ» партиясының жетекшісі еді.



Франсуа Олланд

2012 жылғы сайлауларда Франция президенті лауазымына сайланған ФСП (Франция социалистік партиясы) жетекшісі Франсуа Олланд Францияның Еуроодақтағы рөлін одан да асыру, Еуропа саясатында жетекші мемлекеттердің бірі ретіндегі орнын сақтап қалу үшін әрекет жасады. Ол 2012 жылы

байлар үшін қосымша салық орнату ұсынысымен шықты. Бұл ұсыныс конституциялы сот тарапынан жоққа шығарылды. Соң бір жынысты тұлғалар арасында көзқарасты жақтап шығып, оны заңдастырды. Бұл католик шіркеуінің наразылығына себеп болды.

Сирия және басқа соғыс әрекеттері болып жатқан Шығыс мемлекеттерінен келе жатқан босқындар ағымы да Франциядағы әлеуметтік жағдайды шиеленістірді. 2015 жыл қараша айында Парижде болған террорлық акт нәтижесінде жүзден астам адам қайтыс болды, үш жүзден астам адам жарақаттанды. Бұл террорлық акттерді ИШИМ террорлық тобы өз мойнына алды.




**Шенген келісім шарты ...**  
**1996 жылдан ...**

**1993 жылы ...**  
**2007 жылы ...**

Үкімет тарапынан барша байқау шаралары көрілуіне қарамай, террорлық акттер тағы қайталанды.

Ф.Олланд Франция тарихындағы ең абыройсыз президент болып тарихқа кірді. Ол 2017 жылы болып өткен президенттік сайлауларына өз кандидатурасын қоймады. Сәуір айында болып өткен сайлаулардың екінші турында «Алға!» әрекетінің өкілі Эммануэль Макрон жеңіске жетті. Дәл қазір бұл сайлаулар Францияда да Германиядағы сияқты мультикультурализм саясатының жойылғандығын көрсетті. Босқындар санының артуы, терроризм қаупінің күшею жағдайында оң ұлттық фронт партиясының абыройы артып барды. Ұлттық фронт өкілі Марин ле Пен алғаш бар президенттік сайлауларында Екінші турға шығып, дерлік 34% дауыс алды.



Эммануэль Макрон

Мемлекеттегі көптеген проблемаларға қарамай, ХХІ ғасыр бастарына келіп, Францияда экономикалық әрі саяси тұрғыдан дүниенің жетекші мемлекеттерінің бірі болып қалуда.



**Мультикультурализм** – бұл бір мемлекет пен бүкіл дүниеде мәдениеттер түрлілігін сақтап қалуға бағытталған саясат және бұл саясатты негіздеуші теория мен идеология.

## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. 1990 жылдардың бастарында Францияда қандай себептер сол күштердің жеңілісіне алып келді?
2. Францияда постиндустриалды қоғамның қалыптасуы нелерде көрініс тапты?
3. 2010 жылдардың бастарында қандай себептер Францияда әлеуметтік жағдайды шиеленістірді?
4. ХХІ ғасырда Франция алдында қандай проблемалар пайда болды?

### Өзіндік жұмыс



Интернет құралында Францияға виртуалды саяхат ұйымдастыр және тақырыпта үйренілген материалдар негізінде тарихи болмысты талдау жаса.

## 14-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ИТАЛИЯ

**1990 жылдарда Италия.** Италияда постиндустриалды қоғамның негіздері өткен ғасырдың 80-жылдарында қалыптасты. Кең деңгейде өнеркәсіп істеп шығарудың техникалық базасы мен технологиясын жаңалау процесі–істеп шығаруға компьютер басқару жүйесін енгізу, роботтардан кең пайдалану басталды. Ең негізгісі, бұл процестің алдыңғы қатарында кіші кәсіпорындар барды.



**Еуропа экономикалық ынтымақтастығын құру туралы Рим келісімшартына қашан қол қойылды?**

Қоғамның әлеуметтік структурасында да шынайы өзгерістер болды. Жедел дамып жатқан қызмет ету саласында тәуелді болғандар саны тез өсті.

Саяси өмірде тұрақсыздық пен үкіметтің тез-тез алмасуы Италияның өзіне тән дәстүріне айналды. Италияда мемлекет институттарының терең дағдарысы, сондай-ақ мафия жүйелерінің қызметімен де байланысты еді. Биліктің жоғары органдарында теңдессіз коррупция Италия саяси механизмінің өзіне тән тараптары



болып қалды. Сайлау бұл жерде пропорционал жүйе бойынша өткізілетін. 1993 жылғы референдумда Италия тұрғындары мұндай сайлау жүйесінен бас тарту үшін дауыс берді.

1980–1990 жылдардың бастарында ішкі саяси процестерге дәстүрлі партиялардың ықпалы азайды. 1991 жылы Италия коммунистік партиясы таралып кетті. Оның базасында Либерал-социалистік партия мен Коммунистік ояну партиясы ұйымдастырылды.

1992 жыл ақпан айында мемлекетте «Адал қолдар» компаниясы басталып, биліктің жоғары қабаты мен негізгі партиялар басшылығында бұқаралық коррупция жағдайлары анықталды. Пара алумен байланысты жаңа саяси жанжал өріс алды. Ірі кәсіпкерлер Христиан-демократтар партиясы (ХДП) мен Италия социалистік партиясы (ИСП) жетекшілері, депутаттар мен сенаторлар, бірнеше министрлер тергеуге тартылды. Италия президенті Ф.Коссига қызметтен кетті. Жалпы 20 мың адам тергеу тізіміне енгізілді. 1992 жыл ақпаннан бастап екі жылдың ішінде парақорлықта айыпталып үш мыңға жуық адам, соның ішінде бұрынғы бас министрлер, парламент депутаттары, министрлер қамауға алынды. Биліктің Жоғары басшылығымен мафия арасындағы байланысты ашып тастаған сот процесі бүкіл қоғамды таң қалдырды. Қарсылық әрекеті толқынында қалыптасқан партиялық-саяси жүйенің құлауы басталды. 1992 жылғы парламент сайлаулары негізгі саяси партиялар, соның ішінде ХДП мен ИСП-ның да қоғамдағы беделі төмендегендігін көрсетті. 1993 жылы ХДП базасында Италия халық партиясы құрылды. ИСП таралып кетті. 1994 жыл наурызда болып өткен парламент сайлаулары алдыңғы партиялық жүйенің құлағандығын көрсетті. Жаңа, әлі танылмаған топтар: «Алға, Италия!», «Солтүстік лигасы», «Ұлттық альянс»–неофашистер және оң националистер бірлігі алдыңғы майданға шықты.

Үкіметті «Солтүстік лигасы» және «Ұлттық альянс» коалициясы негізінде С.Берлускони қалыптастырды. Үкімет 1994 жылдың соңына дейін тұра алды. Коррупцияға қарсы күресп жариялаған С.Берлусконидің өзі салық ережелерін бұзғандықта айыпталды және қызметтен кетті. Италияның жаңа билігі партиясыздардан құрылды.



Сильвио Берлускони

1996 жылдан билікте сол орталықтар коалициясы тұрды. Бірақ, әлеуметтік қамту жүйесін өзгертуге ұрынумен байланысты мәселелер бойынша коалицияда келіспеушіліктер болды. Дәл қазір

бірқатар мафия топтары бастықтарының қамалуы қоғам тарапынан қолдау тапты.



Италия Республикасы



**1992 жыл ақпанда мемлекетте «Адал қолдар» компаниясы басталды.**

**1993 жылғы референдумда Италия тұрғындары пропорционал сайлау жүйесінен бас тарту үшін дауыс берді.**

Бірақ бас министр Романо Проди билігі ішкі келіспеушіліктерді жоя алмады да парламенттегі үстемдікті жоғалтып, 1998 жылы қызметтен кетті. Массимо Д'Алема бас министр лауазымын иеледі. М.Д'Алема сол кезге дейін жоғары дәрежеде сақталып келе жатқан жұмыссыздықты қысқартыруды ұсынды.

2000 жыл сәуір айында болып өткен жергілікті сайлауларда барша солтүстік облыстарда оң күштер жеңіске жетті. Әлеуметтік

пікірге «Адал қолдар» операциясы үлкен ықпал жасады католик шіркеуі де ондарды қолдады. М.Д Алама қызметтен кетті.

**Италия ХХІ ғасырда.** Заманауи Италия–жоғары дәрежеде дамыған индустриалды мемлекет. ХХ ғасырдың соңғы жылдарында және ХХІ ғасырдың бастарында ол өз дамуында сезілерлі нәтижелерге жетті. Инфляция едәуір төмендеді, жұмыссыздық азайды, жаңа кәсіпорындар саны тез өсті. Мұқият ойланған жастар саясаты алып барылуда. Тек 1998 жылы 12 мың шағын және орта бизнес кәсіпорындары жаратылған болып, олардың негізгі бөлігін жастарға қарасты фирмалар құрайды. Дәл қазір Италия жоғары технологиялық өнімдер істеп шығару бойынша жетекші мемлекеттерден артта қалуда.

Соңғы он жыл ішінде Италияда ЖІӨ өсуі өз тұрақсыздығымен ажыралып тұрады. Бұл тек 2008–2009 жылдардағы дүние қаржылық дағдарысымен байланысты болмай, Италия экономикасының өзіне тән құрылуымен де байланысты. ЖІӨ кіші болса да, әрдайым өсу мазмұнына ие. Бірақ мемлекеттің қарызы да өте үлкен, қазір ол ЖІӨ-ге қарағанда 130%-ды құрайды.



**1992 жыл ...**

**1993 жылы ...**

**Пропорционал сайлау жүйесі– бұл... 1998 жылы ...**

2014 жыл ақпан айынан бастап Италия үкіметін басқарған Маттео Ренци салықтарды төмендетудің орнына итальяндардың пайдасын асыру мақсатын жариялады. Ол 2015 жылдан білім жүйесін реформалауды да бастады. 2016 жыл желтоқсанда бас министр лауазымын иелеген Паоло Жентилони сол саясатты жалғастыруда.



**Маттео Ренци**

ХХІ ғасырға кіріп келген Италия дүниенің жетекші мемлекеттеріне қатысты технологиялық артта қалушылықты жоюға, өз экономикасының бәсекеге тұрақтылығын асыруға ұмтылуда. Заманауи ақпарат технологияларын, экономиканың дәстүрлі болмаған салалары–банк қызметі, туризм, спорт және денсаулықты сақтау индустриясын дамытуға жеке көңіл бөлінуде.



**Пропорционал сайлау жүйесі**–мұнда мандаттар партиялар арасында олар алған дауыстар санына пропорционал түрде бөлінеді.

**Неофашизм**–бұл 1920–1940 жылдардағы фашистік ұйымдардың идеялық-саяси жалғастырушысы болған оң радикал ұйымдар.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. 1980–1990 жылдарда Италия қоғамында қандай оң өзгерістер болды?
2. «Адал қолдар» кампаниясы Италияда қандай нәтижелерге алып келді?
3. ХХІ ғасыр бастарында Италия экономикалық дамуда қандай жетістіктерге жетті?
4. Жаңа ғасырда Италияда қандай проблемалар сақталып қалуда?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып, Италия қайсы мемлекетпен шекаралас екендігін дәптеріңе жаз.



Италиядағы «Адал қолдар» кампаниясын талдау жасау негізінде «Біз коррупцияға қарсымыз» тақырыбында шағын оқу жобасын даярла және үйірме жаттығуында презентация жасауға дайындық жаса.

## 15-ТАҚЫРЫП. АЗИЯ, АФРИКА ЖӘНЕ ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Модернизациялаудың күрделі жолы.** ХХ ғасырдың аяғына келіп Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттерінде модернизация проблемалары тереңдей түсті. Мұнда «суық соғыстың» аяқталғандығы да белгілі рөл атқарды. СССР-ден көмек алып тұрған Азия, Африка және Латын Америкасындағы мемлекеттер ол таралып кеткеннен кейін ауыр жағдайға түсіп қалды. Вьетнам, Лаос, Ангола, Мозамбик, Куба, Никарагуа сияқты СССР көмегіне сүйенген мемлекеттерде жүйелер алмасты яки дамудың уақытыншалық жолдарына өтілді.



«Африка жылы» деп аталған дәуірде дүние картасынан неше тәуелсіз мемлекеттер пайда болған?

XX ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырылған модернизациясының оң нәтижелері де дамып жатқан мемлекеттерде бірқатар проблемаларды келтіріп шығарды. Олардың бірі демографиялық проблема болып, қазір Жер шары тұрғындары өсуінің негізгі бөлігі дамып жатқан мемлекеттер үлесіне тура келуде. Өмір сүру деректерінің шектелгені түрде тұрғындар санының жедел өсуі өзекті проблемаларды одан **әрі** көбейтуде. Соның ішінде тұрғындардың ең бай бөлігімен ең кедей бөлігі пайдасы арасындағы айырмашылық өте жоғары түрінде қалуда.

**Оңтүстік Азия мемлекеттерінің өзіндік ерекшелігі.** Модернизациялауды мақсат еткен Азияның ең ірі мемлекеттері (Үндістан, Пәкістан, Индонезия, Филиппин, Таиланд тағы басқалар) өздері үшін жалғыз тура жолды табуға әрекет жасады.

Бұл жол әлеуметтік-саяси реформаларды жүзеге асыруда абайсыздықты, негізінен әлеуметтік өмірдің ең нашар қалыптарын жоюмен шектелуді талап ететін.


Шетел капиталын енгізудің шарты болған әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлкен мән берілді. Сонысы көңілге қонымды, яғни бұл мемлекеттерде жалпы өмір дәрежесі әжептәуір төмен болған жағдайда ең байлармен ең кедейлердің пайдалары арасындағы айырмашылық оншалықты жоғары болмай, дамыған мемлекеттердегі көрсеткішке жақын. Үкімет қоғамда наразылықтың өте күшеюіне жол бермей, модернизациялаудың мұқият ойланған стратегиясын алып баруда. Оның негізін мемлекет инвестицияларын экономиканың болашақты секторларына бағыттау, протекционизм саясаты, шетел капиталын өнімді талап етуші болған салаларға кіргізу құрады. Оңтүстік Азия мемлекеттерінде Еуропа түріндегі гигант-қалалар, постиндустриалды зоналар, жоғары технологиялы істеп шығару, жетекші мемлекеттердегі заманауи ғылым жетістіктері дәрежесінде қызмет жүргізуші ғылыми орталықтар пайда болды.

Бірақ шешілмеген проблемалар көп. Мәселен, үлкен жастағы тұрғындардың дерлік жартысы сауатсыз. Тұрғындар оқуды да, жазуды да білмейтін. Бұл мемлекеттерде модернизация ошақтары ауылдардағы натурал қожалықпен нық тіресіп қызмет жүргізуде.

**Ислам дүниесі.** XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың бастарында ислам мемлекеттері модернизациясының күрделі басқышын бастан кешіруде. Ирандағы 1979 жылғы ислам төңкерісі бүкіл мұсылман әлеміне өте үлкен әсер етті. Көптеген мемлекеттерде тақуа топтар пайда болды яки барлары белсенділік танытты, көпшілігі мақсатқа жетудің құралы ретінде террорды таңдады.

Бұл процесте ислам фундаментализмі жеке рөл атқаруда. Негізінде фундаментализм тек исламға тән емес. Мәселен, кейінгі жылдарда Үндістанда хиндуизмнің алғашқы құндылықтарына қайтуды талап етіп жатқан күштер белсенді болып қалды. Бірақ қазір көбірек «ислам фундаментализмі» туралы айтылуда. Керек болса ол ХХІ ғасырда халықаралық қатынастардың да негізгі проблемасы болуы туралы болжамдар қазірше өзін ақтауда.

Ислам фундаментализмі түрлі көріністерде көрініс табады. Мәселен, 1990 жылдардың бастарында араб мемлекеттері мен Солтүстік Африкада «Мұсылман ағалар» сияқты террор топтар белсенділік танытты. Олар кейбір араб мемлекеттері тарапынан қаржыландырылды. Кейбір ислам мемлекеттеріндегі экстремистік топтар Усама бен Ладен басшылығында «Джихад халықаралық қорын» құрды, бұл ұйым бүкіл дүние бойлап террорлық акттерді ынталандырды.



Ислам дүниесі картасы: ■ – сунниттер; ■ – шиалар.



**1979 жыл ...**

**1990 жылдардың бастарында ...**

ХХІ ғасыр бастарында АҚШ «демократия орнату» желеуімен Ирак пен Ливия сияқты суверен мемлекеттерде үкіметті қару күшімен аударып тастады. Нәтижеде аймақта террорлық ағымдағы тақуа ұйымдар күшейіп, басып қалған үкіметті иелеу үшін күрес

бастады. Ирак, Ливия, Сирия соғыс жалынында қалды. ИШИМ террорлық ұйымы маңайында дүниенің барша бөлігінен террорлар жиналып, ислам жалауы астында соғыс алып баруда.

Ислам фундаментализмі – бұл қарапайым терроризм емес, ол төтенше көпқырлы және қауіпті оқиға. Оған өте мұқияттылықпен қатынаста болу шарт. Шынайы дінді оның атынан террор ұйымдастырып жатқан, дүниеде тыныштыққа қауіп төндіріп жатқан топтардан ажырата алуда адамдарға көмек ету, ислам дінінің бейбітшілік сүюші дін екендігін негіздеу бүгінгі күнде ислам теоретиктерінің өзекті міндеті болып қалуда.

**XX ғасырда Латын Америкасы мемлекеттері** үшін жалпы болған модернизациялаудың үш–төңкерісшіл, неоконсервативті және реформашылық варианттары жеке дара көзге тасталды. Бірақ Латын Америкасы мемлекеттері әлеуметтік өркениеттің жоғары басқышына көтерілу үшін қолданған барша варианттары күтілген нәтижелерді бермеді. Латын Америкасы қоғамдары бір уақытта үш проблеманы: тиімді, тұрақты дамушы экономиканы жарату; өткеннен қалған әлеуметтік проблемаларды шешу; индустриалды дамыған мемлекеттер, алдымен АҚШ-қа тәуелділікті жоюдың жалпы жолын таба алмады.

Латын Америкасында 1990 жылдардағы неолиберал реформалардың кері салдарын жою процесінде сол бағыттағы үкіметтер сайлау жолымен билікке келді. Бұл бүкіл дүниенің назарын өзіне қаратты және «сол бұрылу» атын алды.

XX ғасырдың аяғы – XXI ғасыр бастарында Латын Америкасы мемлекеттері өз тарихында бірінші рет диктатураларсыз дамыды, дерлік барша мемлекеттерде сайлаулар арқылы конституциялы режимдер билікке келді. Бірақ 2008 жылғы дүние қаржылық дағдарысы мен 2014 жылы басталған энергетика дағдарысы нәтижесінде Латын Америкасында жүзеге асқан ауыр жағдай бұл мемлекеттердің реформаларға мұқтаждығын көрсетуде.



**Неоконсерватизм** – бұл консервативті идеялық саяси ағымның дәстүрлі әлеуметтік құндылықтарды сақтау және дамытуға бақытталған түрі.

**Неолиберал реформа** – мемлекеттің экономикаға араласуын азайту мақсатында өткізілетін шаралар. Неолиберализм өкілдері базар өзін-өзі тәртіпке салады деп есептейді.

## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Азия, Африка мен Латын Америкасы мемлекеттері модернизациялау процесінде қандай проблемаларға душар болуда?
2. Оңтүстік Азия мемлекеттері дамуындағы өзіне тән жақтар нелерден құралған?
3. Ислам мемлекеттеріндегі модернизациялау процесінде ислам фундаментализмі қандай рөл атқаруда?
4. Латын Америкасы мемлекеттері XX ғасырдың аяқтарында өз алдында тұрған қандай проблемаларды шешу жолдарын таба алмады?

## Өзіндік жұмыс



Концептуалды кесте негізінде Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттері әлеуметтік-экономикалық дамуы негізгі бағыттарының өзіне тән екендіктеріне талдау жаса.

## 16-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ

**Қытай Халық Республикасының саяси дамуы.** Социалистік жүйе мен СССР таралып кеткеннен кейін Қытай Халық Республикасы (ҚХР) ең ірі социалистік мемлекет ретінде сақталып қалды. Бұл жерде Қытайға тән социализм құру жалғастырылды. Үкіметті жалғыз Қытай коммунистік партиясы (ҚКР) иелеп тұрыпты.



**Қытайда «Ұлы ұлттық төңкеріс» қандай нәтижелермен аяқталды?**

1989 жыл Тянанмен майданындағы тыныш митинг бастырылғаннан кейін үш жылға жақын Қытай саясатында шынайы өзгеріс болмады. Тек 1992 жылы Ден Сяопин мемлекеттің Оңтүстік провинцияларына жасаған сапары кезінде бірқатар мәлімдемелер жасап, экономикалық реформалар саясатын тоқтатып болмайды, деді. Реформалар басталғаннан кейін қол жеткізген жетістіктер таңдалған жолдың



дұрыстығына адамдарды сендірді. Ден Сяопин өз сапары барысында тағы бір қажетті қаулыны қабылдады: ол өз қаласында наразылық білдірулерді тыныш жолмен тоқтата алған Шанхай қаласы мэрі Цзян Цземинді өзінің мұрагері деп жариялады.

Осы дәуірде мемлекет аппараты да жартысына қысқартырылды. Тиімсіз істеп жатқан қария ақсүйектердің орнына жастар келді. ҚКП-ның Бас хатшысы қызметтен кетіп, орнына едәуір жас Хю Цзинтао сайланды.

2012 жылы билікке келген Си Цзинпин басшылығындағы ҚКП мен ҚХР басшыларын «Қытай арманын» жүзеге асыру идеясы біріктіріп тұрыпты. «Қытай арманы» дегенде ең жалпы мағынада «Қытай ұлтын тіктеу» жолында екі қадам—ҚКП-ның жүз жылдығына (2021 жыл) «орташа әл-ауқаты жасампаздық» дәрежесіне жету, ҚХР-ның жүз жылдығына (2049 жыл) дүниенің дамыған мемлекеттері қатарынан орын алу түсініледі.

**Экономикалық реформалар.** 1989 жылы Тяньаньмен майданындағы студенттер көтерілісі аяусыз бастырылғаннан кейін Қытайға қарсы белгілі санкциялар жариялауына қарамай, мемлекетте реформалар жалғастырылды. Оларды сәтті жүзеге асыру үшін Мао Цзедун дәуіріндегі бірқатар шаралардан бас тартуға тура келді.



Ден Сяопин

Алдымен, топ қожалықтары аяқталды. Дикандар өнімнің бір бөлігін еркін базарда сату мүмкіндігіне ие болды, қалалар мен ауылдарда шағын жергілікті кәсіпорындарды құру ынталандырылды. «Бай болу—бұл өте жақсы»—деп атап өтті Ден Сяопин. Ол кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы шеңберінде Қытайдың жағалаудағы төрт облысын арнайы экономикалық зоналар деп жариялады. Бұл экономикалық зоналарда шетел инвесторлары үшін қолайлықтар жаратылды.

1997 жыл ақпанда Қытай «реформаларының атасы» Ден Сяопин қайтыс болды. Сол жылы қыркүйекте ҚКП «Мемлекет секторын модернизациялау бағдарламасын» қабылдады. Зиян келтіріп істейтін мемлекет банкері мен кәсіпорындарынан бас тартуға шешім қабылданды.

Реформалардың сәтті жүзеге асырылуы нәтижесінде ХХ ғасырдың соңғы жиырма жылында ҚХР-ның ЖІӨ-і алты еседен асты. ҚХР басшылығы ХХІ ғасырдың алғашқы жиырма жылынан да өте тиімді пайдалануды мақсат етіп қойды. Бұл дәуір экономикалық, әскери, сыртқы саяси құдіретті асыру және дүниеде сапа тұрғысынан

жаңа орынды иелеу үшін «стратегиялық мүмкіндіктер басқышы» ретінде қаралды.

Қытай 2001 жылы Дүние сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болғаннан кейін дүние базарының мүмкіндіктерінен және мемлекеттің Жер жүзіндегі «ең ірі фабрика» ретіндегі үстемдігінен өнімді пайдаланып, экономикалық өсудің жоғары қарқындарын сақтап қалды және өзінің дүние экономикасындағы абыройын одан әрі асырды.

2017 жыл қазанда болып өткен ХКП-ның 19-Жалпықытай съезінде Си Цзиньпин Қытай коммунистерінің ежелгі мақсаты Қытай халқының бақыты үшін күрес және Қытай ұлтын тіктеу екендігін атап өтіп, ХХІ ғасырдың орталарына келіп Қытай заманауи ұлы социалистік мемлекетке айналады, деп жариялады.

**Әлеуметтік проблемалар.** Экономикалық өсудің міндетті жоғарылығына қарамай, ХХІ ғасырдың бастарына келіп, Қытай бірқатар шынайы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік проблемаларға жолықты: байлар мен кедейлер пайдасы арасындағы айырмашылық күрт асты.




Си Цзиньпин

Қытайдың ең өзекті проблемалары қатарына тұрғындардың тез қартаюы және істеп шығарудың экологияға жеткізіп жатқан зиянын кірітуге болады. Қытайда ұзақ жылдар бойы жүргізілген «бір жанұя – бір перзент» саясаты нәтижесінде мемлекетте жастар саны қария ұрпақтың санына қарағанда азайып баруда. ХХІ ғасыр бастарында индустрияландыру, урбанизация және халықаралық сауда әсері астында энергияның жұмсалуды жоғары болған ауыр өнеркәсіп кең деңгейде жедел дамыды. Нәтижеде улы газдар Қытай қалаларында өте ауыр экологиялық жағдайды жүзеге келтірді. Ауылдарда судың ластануы негізгі проблема болып қалуда. Бұл тұрғындар саулығынан тыс ұлттық экономикаға да үлкен зиян жеткізуде. Қытай үкіметі жақын болашақта экологиялық жағдайды жақсарту бойынша шаралар істеп шыққан. Онда экологиялық таза ортаны жарату ХХІ ғасырдың негізгі міндеті ретінде қаралды.

Қытайдың өзекті проблемаларының тағы бірі терроризм болып табылады. Әсіресе, Синцян-Ұйғыр автоном өлкесінде терроризм қаупі өте күшті. Тек 2013 жылы аумақта 200-ге жуық террорлық акттер жүзеге асырылды.

ХХ ғасырдың соңындағы реформалардан айрықша түрде жаңа ғасырдың бастарындағы реформалардың негізгі мақсаты эконо-

микалық өзгерістер болмай қалды. ХХІ ғасыр басында көңіл тек экономикалық жоғарылауға емес, реформалар процесінде жүзеге асқан әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге қаратылды. Бұл проблемалар негізінен қалалар мен ауыл, мемлекет батыс бөлігімен шығыс бөлігі дамуының арасындағы айырмашылықпен байланысты. Экономикалық реформалардың қазіргі басқышында мемлекеттің негізгі назары базар қатынастарын дамытуға қаратылған.



Қытай Халық Республикасы

**Сыртқы саясат.** Қытай БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрғылықты мүшесі есептеледі. Батыс мемлекеттері Қытай сыртқы саясатын Корея Халық Демократиялық Республикасын қолдағаны үшін сынға алынды. ҚХР үкіметі дүние саясатында Қытайдың ролін арттыруға қаратылған сыртқы саясат алып баруда және сол уақытта көптеген халықаралық мәселелер бойынша нейтрал позицияны иелеп тұр.



**2001 жылы ... 2017 жыл қазанда... 2013 жылы...  
«Қытай реформаларының атасы» – бұл ...**

АҚШ Қытайдың негізгі сауда серіктесі болып калуда. Бірақ екі мемлекет арасындағы қатынастарда бірқатар проблемалар да бар. Бұл алдымен АҚШ-тың Азия-Тынық мұхит өңірінде өз әсерін күшейттіруге қаратылған саясаты нәтижесінде пайда болған қарама-қайшылықтар. АҚШ-тың бұл саясаты аймақтан Қытайды сығып шығаруға қаратылғаны үшін Пекиннің шынайы қарсылығына ұшырауда. Бұл аймақта шиеленісудің артуына алып келді. Қытай мен АҚШ арасында басталған қарулану межесі де шиеленісті одан әрі күшейтуде.

Соған қарамай, тараптар арасында ХХІ ғасыр басынан экономикалық мәселелер бойынша стратегиялық келісім бар болып, міндетті кездесулерде негізгі проблемалар талқыланады. Мәселен, 2017 жылдың қараша айында АҚШ президенті Д.Трамп Қытайға ресми сапармен келіп, бірқатар экономикалық серіктестік мәселелерін шешуге және 250 млрд доллардан астам сомаға сауда келісіміне қол қоюға жетті.

ҚХР сыртқы саясатының негізгі мақсаты Азия мен Африка мемлекеттерінде өз ықпалын асыруға қаратылған. Мұның үшін Қытай жетерлі экономикалық, әскери және саяси мүмкіндіктерге ие.



**Урбанизация** – қалалар саны көбейіп, олардан мемлекеттердің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің орнығуының тарихи процесі.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. ХХ ғасырдың аяғы–ХХІ ғасырдың бастарында ҚХР-да жүзеге асырылған саяси өзгерістерден қандай мақсаттар көзделген еді?
2. Қытайда жүзеге асырылған экономикалық реформалар қандай нәтижелерге алып келді?
3. ХХІ ғасыр бастарына келіп Қытайда индустрияландыру және урбанизациямен байланысты қандай проблемалар жүзеге асты?
4. Қытай сыртқы саясатында АҚШ-пен қатынастар қандай рөл атқарды?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып, Қытай тарихында 1991–2017 жылдарда негізгі орын иелеген облыстарды тап және түсініктеме жаз.

## 17-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ЖАПОНИЯ

**1990 жылдарда Жапонияның дамуы.** Бұл дәуірде Жапония саяси өмірінде либерал-демократиялық партияның (ЛДР) абыройы тіктелді. 1990 жылы билікке келген Тосики Кауфи Жапонияның халықаралық абыройын асыруға қол жеткізді. 1990 жылы Кувейттің Ирак тарапынан аннекция етілуі кезінде Жапония халықаралық әскери контингентке, сондай-ақ Мысыр, Иордания және Туркияға қаржылық көмек ретінде бірнеше миллиард доллар қаражат бөлді.



**Қашан Жапония жалпы ішкі өнімнің көлемі бойынша дүниеде АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шығып алған?**

1990 жылдардан экономикада мемлекет секторының үлесі азайып кетті. Сондай-ақ өнеркәсіпті мемлекет тарапынан тәртіпке салу да бәсеңдеді. Бұл дәуірде Жапонияның негізгі экспорты шетке капитал шығару болып қалды. Шет мемлекеттерде жайғастырылған инвестициялар мөлшері 1 трлн доллардан артып кетті. Жапония еңбек өнімділігі бойынша да Батыс Еуропа мемлекеттерінен өтіп АҚШ-қа теңесіп барды. 1990 жылдары бүкіл дүниеде істеп шығарылған видеоаппаратуралардың 90%-ы, өнеркәсіп роботтарының 2/3 бөлігі Жапония үлесіне тура келетін. Бірақ сыртқы базарға байланыстылық 1997–1998 жылдардағы «Азия дағдарысы» кезінде Жапония үшін үлкен қиыншылықтар тудырды. Соған қарамай, Жапония экономикасы дағдарыстар дәуірінде өзінің бейімделуін және шыдамдылығын көрсетті.

Ішкі саясатта 1990 жылдар үкіметтің тұрақсыздығымен характерленеді. Бұл жылдары Жапонияда бірнеше коалициялы үкіметтер алмасқаннан кейін 1996 жыл қаңтарда ЛДР тағы бір партиялы үкімет құруға қол жеткізді. Оған Рютаро Хасимото басшылық етті. Ол «алты реформа»: 1) салық; 2) білім саласында; 3) әлеуметтік жабдықтау; 4) экономикада мемлекет басқаруын төмендету бойынша; 5) әкімшілік басқаруды децентрализациялау бойынша; 6) өнеркәсіп компанияларына жер учаскелерін бөлу бойынша реформалар басталуын



Кейдзо Обути

жариялады. Сондай-ақ Р.Хасимото жаңаша дипломатияны көрсетіп, сыртқы саясатта «еуразияшылдық» концепциясын жариялауға ұрынды. Ол Жапонияда бірқатар террорлық актілерін жүзеге асырған «Аум Синрике» сектасы қызметіне шек қоюда қатаң әрекеттерімен де танылды.



Жапония

XX ғасырдың аяғында Жапония ішкі саясатында ЛДП жетекшілікті сақтап қалды. 2000 жылы Жапонияның бас министрі Кейдзо Обути өлгеннен кейін бұл лауазымды Юсино Мори иеледі.

**Жапония XXI ғасырда.** Жапония XXI ғасыр бастарында экономикасы тұрақты дамып жатқан мемлекет болып қалуда. Ол 400 млрд доллардан астам сомаға тең өнім экспорттап жатыр.

Жапония кеме жасау, трактор жасау, металдарды қайта өңдеу өнеркәсібі үшін құрылғылар істеп шығару бойынша дүниеде бірінші орынды иелеп тұр. Ол болат, телевизорлар және автомобиль істеп шығаруда да дүниеде жетекшілерден болып есептеледі. Жапония ЖІӨ көлемі бойынша дүниеде АҚШ пен Қытайдан кейін үшінші орынды иелеп тұр.

Жапония көптеген Аралдардан құралған мемлекет. Ол басқа мемлекеттерге қарағанда табиғат күштері: мұхит борандары, тайфундар, зілзалаларға көбірек байланысты. Жапондардың өз істеп шығару мәдениеті міне, осы байланыстылықты азайтуға ұмтылып келді. Бірақ табиғат күштерінен толық үстем келудің лажы жоқ, тек олардың зиянын азайтуға болады.

2011 жыл наурыз айында Хонсю аралда пайда болған жер сілкінісі Жапонияға үлкен зиян жеткізді. Мындаған адамдар қайтыс болды, 300 мыңнан астам адам баспанасыз қалды. Бірнеше атом электростанцияларына зиян жетті, Фукусима-1 атом электростанциясынан радиоактив заттардың қоршаған-ортаға таралуы орын алды. Мемлекетке өте үлкен экономикалық зиян жеткізілді.



Синдзо Абэ

Ішкі саясатта негізінен ЛДП-нің жетекшілігі сақталып қалды. 2001 жылы Жапония бас министрі лауазымын Жунитиро Коидзуми иеледі. Ол шамалы жас, күшті болып, мемлекетте үлкен абыройға ие еді. Ж.Коидзуми Жапония Конституциясының мемлекетке өз қарулы күштеріне ие болуын шектеуші бабын қайта көріп шығу жақтаушысы болып шықты. Ж.Коидзуми үш мерзім үкіметін басқарды. 2012 жылдан ЛДП жетекшісі Синдзо Абэ үкіметін басқарып келуде.

Соны айту шарт, саяси дағдарыстар тек Жапония үшін тән болған оқиға емес. Соған ұқсас процестер жаңа, постиндустриалды цивилизация қалыптасып жатқан басқа мемлекеттерде да болуда. Тұрғындардың әлеуметтік құрамы өзгеруде, қоғамды әбігерге салып жатқан проблемалардың да маңызы өзгеше түс алуда; көптеген ескі партиялар ыдырауды бастан кешіруде—олар өте қиыншылықпен жаңа жағдайларға үйренуде, әрдайым да жаңалықты өз уақытында меңгере алмай жатыр. Дамыған мемлекеттер саяси жүйесінде де шынайы қайта құру кетуде. Өкілдік демократиясының дамуы жақын болашақта шүбәсіз жаңа мазмұн ұстауы мүмкін, қандайлығын уақыт көрсетеді. Бірақ қазірден-ақ жапондар проблемалардың сәтті шешілуіне сеніммен әрекет етуде.

Жапония сыртқы саясатында АҚШ-пен қатынастары негізгі орын тұтады. Екінші дүние соғысы аяқталғаннан бері Жапония АҚШ-тың өңірдегі ең жақын сауда ынтымақтастығы мен стратегиялық серігі болып келуде. Жапонияның Қытаймен қатынастары едәуір күрделі. 2005 жылы Ж.Коидзуми билігі Тайвань аралы мәселесінде алғаш рет АҚШ-ты ашық қолдағанда Қытаймен қатынастары күрт нашарлады. Дүние қауымдастығын әлекке салып келе жатқан және 2017 жылы одан әрі шиеленіскен Солтүстік Корея мәселесінде де Жапония мен Қытай арасында келіспеушіліктер бар.



**Децентрализация** – бұл қаулылар қабылдау бойынша өкілеттік және міндеттемелерді орталықтан басқа ұйымдарға өткізу.

**Секта** – бұл адамдардың көбінесе тар, өте тақуа және экстремистік көзқарастар шеңберінде бірігуі, жалпы діни бағыттан шетке шығу.

**Әскери контингент** – бұл белгілі әскери міндетті орындау үшін құрылған әскерлер мен әскери техника жиынтығы.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. 1990 жылдары Жапония экономикасында қандай өзгерістер болды?
2. Рютаро Хасимото қандай реформаларды жариялады?
3. ХХІ ғасырда Жапонияның тұрақты дамуы қандай факторларға таянады?
4. Жапонияның сыртқы саясатында АҚШ және Қытаймен қатынастар не үшін негізгі бағыт болып есептеледі?

### Өзіндік жұмыс



«Жапон экономикалық ғажайыбы» тақырыбында эссе жаз.



Интернет құралында Жапонияға виртуал саяхат ұйымдастыр және заманауи Жапония өркениетінің негізгі себептерін дәптеріңе баған түрінде жаз.



## 18-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Оңтүстік-Шығыс Азия (ОША) мемлекеттеріне даму дәрежесі бір-біріне жақын болған Вьетнам, Камбоджа, Лаос, Мьянма, Таиланд, Малайзия, Бруней, Шығыс Тимор, Индонезия және Филиппин кіреді. Бұл мемлекеттерде жарым миллиардтан астам тұрғындар жасайды. Өркениеттің социалистік жолын таңдаған Вьетнам, Камбоджа, Лаос 1990 жылдарда өте ауыр жағдайда қалды. Олар дүниенің ең кедей мемлекеттері қатарына кіретін еді. Социалистік бағыттағы билеуші партиялар билікте қалған болса да, олар өз мемлекеттерінде шынайы реформалар өткізуге мәжбүр болды.



**Оңтүстік-шығыс Азияда қайсы мемлекеттер  
Жапония моделі негізінде даму жолын таңдаған?**

**Вьетнам, Камбоджа, Лаос.** 1991 жылы болып өткен Вьетнам Коммунистік партиясының VII съезі реформалар курсы жариялады. Съезд еркін кәсіпкерлікке рұқсат берді, дикандар ұзақ мерзім жерге иелік ету құқығын алды.

Базар реформалары нәтижесінде тұрақты экономикалық өсу қамтамасыз етілді, XX ғасырдың кейінгі жылдарында бұл көрсеткіш жылына 9%-ды құрады. Шетел капиталы сәтті меңгерілді, инвестициялардың өсуі бақыланды. XX ғасырдың аяғы–XXI ғасырдың бастарында Вьетнамда шетел фирмаларының қатысуында бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Экономикалық жетістіктер тұрғындардың жасау дәрежесін асыру мүмкіндігін берді. Бұл көп ұлтты мемлекетте тұрақтылық кепіл болып қалды.

Қазір Вьетнам азық-түлік экспорты бойынша Азия мемлекеттері ішінде бірінші, салық экспорты бойынша дүниеде мемлекеттер арасында екінші орынды иелеп тұр.

**Камбоджада** үкіметін Жоғары ұлттық кеңеске беру туралы 1991 жыл қазанда аяқталған Париж конференциясында қабылданды. БҰҰ-ның Камбоджадағы уақытынша әкімшілігі құрылды және ол жалпы сайлауларға дайындықты жүзеге асырды.

1999 жылы Камбоджа АСЕАН-ның тең құқықты мүшесі болды. XXI ғасыр бастарында Камбоджа ауыр экономикалық жағдайда болып, халықаралық көмек есебінен күн кешетін. Мемлекетте «тірі тауар» саудасы кең өріс алған болып, ата-аналар балаларын

арзымаған ақшаға сататын. ХХІ ғасыр бастарында кейбір оңды өзгерістер көзге тасталды. Денсаулықты сақтау және білімге ажыратылған қаражаттар көбейтілді, мемлекетте кедейлік дәрежесін төмендету шаралары жүзеге асырылды.



ОША мемлекеттері

**Лаоста** 1991 жылы конституциясы қабылданды. Парламент – Ұлттық ассамблеяның заңдылық қызметі күшейді, Лаос АСЕАН-ға мүше болды.

XXI ғасыр басына келіп экономиканың тек 10%-ы мемлекетке тиісті еді. 1999 жылы мемлекет бірінші рет өзін салымен қамтамасыз етті. Жайбарақат Лаосқа шетел капиталы қайтуда, инфляция төмендеді, ұлттық валюта – кипаның құны асуда. Конституцияға сәйкес мемлекетте бір партиялы жүйе билеуші болуына қарамай, демократия элементтері ақырын пайда болуда. 2016 жылы болып өткен парламент сайлауларында бір орынға орташа 1,5 шақты кандидат тура келді.

**Шығыс Азия мемлекеттері.** 1980–1990 жылдар Шығыс Азия мемлекеттерінің баршасында экономикалық өсудің жоғары қарқындары байқалды. Бұл оларға 1990 жылдардың басында-ақ заманауи дүниеде шынайы әсерге ие болған «жаңа индустриалды мемлекеттер» деп аталатын топ қатарынан орын алу мүмкіндігін берді.

Малайзия қарқынды экономикалық даму ықпалынан коррупция мен мемлекет солтүстігінде ислам фундаменталистерінің белсенділік танытуымен байланысты ішкі саяси дағдарысты жеңіп өтті. 1995 жыл сәуірде болған сайлауларда доктор Махатхир Мұхаммед басшылығындағы Малайзия біріккен ұлттық партиясы (МБҰП) сенімді жеңісті қолға алды да онымен ислам фундаменталистері билікке келуінің алдын алды.

1990 жылдардан Малайзияның экономикалық өсу қарқындары жоғары болып, ол индустриалды дамыған мемлекеттер қатарына ұмтылуда. XXI ғасырдың бастарына келіп мемлекет тек қана шикізаттың қажетті түрлерін, бәлкім өте үлкен деңгейде өнеркәсіп өнімдерін де экспорт жасауда.

Малайзияда мемлекетті дамытудың 2020 жылға дейін болған бағдарламасы істелінген. Оған сәйкес, 2020 жылға келіп, Малайзия индустриалды дамыған мемлекеттер қатарынан орын алуы көзде тұтылған.

**Индонезияға** 1990 жылдардағы «Азия дағдарысы» өте қатты әсер етті. Экономикалық өсу қарқындары төмендеп кетті. Бұл тұрғындардың жаппай наразылығын келтіріп шығарды. Президент Сухарто қызметтен кетуге мәжбүр болды. Бұл кезге келіп мемлекетті ислам фундаментализмі толқыны қамтып алды. Мұсылмандар арасында көтерілістер, христиандарды жою, мемлекеттің түрлі территорияларында ажырап шығулары басталып кетті.



Махатхир  
Мұхаммед



Жоко Видодо

2001 жылы мемлекет президенті етіп Мегавати Сукарнопутри сайлануы тұрғындар тарапынан жылы қарсы алынды, рупияның курсы лезде артып кетті, фонд базары да белсенділік танытты. 2014 жылы болып өткен кезектегі сайлауларда Жоко Видодо Индонезия президенті етіп сайланды.



Филлипиндік Карен Ибаско – «Miss-2017» дүние сұлулары байқауының жеңімпазы

**Филлипинде** 1992 жылғы сайлауларда генерал Фидель Рамос мемлекет президенті етіп сайланды. Ол оңтүстіктегі мұсылман сепаратистерін жоюға ұрынды, бірақ бұған қол жеткізе алмады.

Филлипинде мұсылмандардың бірнеше радикал ұйымдары бар. Олардың құрамында он мыңдаған жақсы қаруланған, Ауғанстан және Солтүстік Кавказда тәжірибе арттырған, Ирак және Сирияда ИШИМ қатарына барып қосылған жауынгерлер бар. Ішкі жағдайдың ауырлығына қарамай 1990 жылдары экономикалық өсуін жеделдетуге қол жеткізді. Филиппин электрон және химия өнеркәсібі өнімдерін істеп шығарушы ең ірі мемлекеттердің біріне айналды.

2016 жыл мамыр айында болып өткен сайлауларда Родриго Рао Дутерте жеңіске шығып, Филиппин президенті болды. Ол мемлекетте 2006 жылы жоққа шығарылған өлім жазасын қайта тіктеу жақтаушысы болды. 2016 жыл шілдеде мемлекетте есірткі саудасымен заңсыз шұғылданатындарға қарсы кампания басталып, есірткі саудасында күмәндалған 2 мыңнан астам адам өлтірілді. Есірткі саудасында күмән жасалғандардың сотсыз өлтірілуі дүние қоғамын әлекке салуда.

**Оңтүстік-Шығыс Азия өңіріндегі «жаңа индустриалды мемлекеттер».** XX ғасырдың екінші жартысы–XXI ғасыр бастарында жедел модернизациялауды жүзеге асырған **Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Гонконг** өркениеттің жоғары қарқындыларын қамтамасыз етіп, «Азия жолбарыстары», «жаңа индустриалды мемлекеттер» деп атала басталды. Оларда тұрғындардың жасау дәрежесі күрт жақсарды.

Бұл мемлекеттерде өнеркәсіптің кеме жасау, машина жасау, мұнайды қайта өңдеу салалары мен жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын істеп шығару дамыған. Ғылым талап жоғары технологияларды енгізу, компьютерлендіру және роботтастыру бойынша жоғарыдағы мемлекеттер дүниеде ең жетекшілерден есептеледі.

## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Вьетнамда 1991 жылы басталған экономикалық реформалар қандай нәтижелерге алып келді?
2. ХХІ ғасырда Камбоджа мен Лаоста қандай өзгерістер болуда?
3. Шығыс Азия мемлекеттері дамудың қандай дәрежесінде тұр?
4. ОША аймағындағы «жаңа индустриалды мемлекеттерде» өнеркәсіптің қайсы салалары дамыған?

### Өзіндік жұмыс



Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінде жүзеге асырылған реформалармен тәуелсіздік жылдарында Өзбекстанда жүргізілген реформаларды салыстыр. Ұқсас және еркшеліктерін Венн диаграммасында көрсет.

## 19-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ҮНДІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

**1990 жылдарда Үндістан.** Бұл дәуірде Үндістанның экономикалық жағдайы нашарлады: дүние экономикасында пайда болған түңілген Үндістанды да шеттеп өтпеді. Экономикалық өсу дерлік тоқтады, инфляция күшейді, жұмыссыздық асты. Мемлекетте түрлі этникалық және діни топтар арасында қарама-қайшылық, жалпы қауырттылық жағдайы күшейіп барды. Осындай жағдайда 1991 жылы тамил терроршысы тарапынан Үндістан бас министрі Ражив Ганди өлтірілді.




**Махатма Ганди қызметі туралы нелерді білесің?**

Билікке келген Нарасимха Рао билігі базар реформаларының жаңа басқышын бастады. Мемлекет секторы қысқартырылып, ірі кәсіпорындар жекелендірілді. Экономикаға мемлекеттің араласуы тағы да азайтырылды. Бірқатар төтенше шаралар да жүзеге асырылды. Осы орайда, рупия девальвацияланды, салық реформасы



**Нарасимха Рао**

де экспорт жасайды. Мәселен, жоғары сапалы компьютер бағдарламаларын сатудан жылына бірнеше миллиард доллар пайда алуа. Үндістан компьютер бағдарламаларын жарату саласындағы жоғары тәжірибелі кадрлар саны бойынша дүниеде АҚШ-тан кейін екінші, ғылыми-техникалық қызметкерлер саны бойынша үшінші орында тұрады.



**Атал Бихари  
Важпай**

аймағын дамытуға үлкен көңіл бөлді, сол мақсатта бірінші рет арнайы министрлік құрылды.

А.Б.Важпай билігі дауыс берудің одан әрі еркіндігін, сайлауалды кампаниясында қаржылық қаражаттардың жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар сайлау реформаларын жүзеге асырды.

өткізілді, мемлекеттің валюта қоры толтырылды.

1990 жылдарда Үндістан шынайы жетістіктерге жетті. Сол дәуірде ЖІӨ көлемі бірнеше есе асты. Істеп шығарудың жоғары өсу қарқындары қамтамасыз етілді. Бұл дәуірде Үндістан өзінің алтын-валюта қорын асыруға ұмтылды, мұнай қазып алуды көбейтті.

Ауыл шаруашылығы да сәтті дамыды. 1992 жылдан Үндістан астық экспорт жасауды бастады. Мемлекет көптеген, жоғары технология өнімдерін

Мемлекет көптеген, жоғары технология өнімдерін

**Заманауи Үндістан.** 1998 жыл наурыз айында

болып өткен парламент сайлауларында Халық-демократиялық альянсы жеңіске жетіп, оның жетекшісі Атал Бихари Важпай бас министр лауазымын иеледі.


Көптеген табиғи қиындықтарға, соның ішінде, мемлекет Батысындағы құрғақшылыққа қарамай, А.Б.Важпай билігі өзінің бірқатар жоспарларын жүзеге асырды. Кашмирдегі мұсылман сепаратизмін күшсіздендіру шаралары өткізілді.

2000 жылы мемлекет солтүстік-батысында үш жаңа штат ұйымдастырылды. Үкімет мемлекеттің бұл



**1991 жылы тамил терроры тарапынан Үндістан бас министрі Ражив Ганди өлтірілді.**

**2000 жылы мемлекет солтүстік-батысында үш жаңа штат құрылды.**



Үндістан Республикасы

Экономикалық салада А.Б.Важпай кабинеті қожалық қызметіне үкіметтің тікелей араласуын қысқартыру шараларын көрді. Ол көптеген салаларда мемлекет монополиясын жоққа шығарды, кәсіпкерлер мен фирмалар қызметі үстінен бақылауды азайтты, салықтарды төмендетті. Үкімет тұрақты экономикалық өсуді, Үндістан өнеркәсібінің бәсекелестігін, компьютер технологиялары, транспорт және байланыс салалары дамуын қамтамасыз етті. Бірақ экономиканың одан әрі либералдауы әсіресе, жастар арасында жұмыссыздықтың өсуіне, кедейлік проблемасының шиеленісуіне алып келді. Нәтижеде 2004 жыл мамыр айында болып өткен сайлауларда Үндістан ұлттық конгресі (ҮҰК) солдармен қатынаста жеңіске шықты.

Үкіметті Манмохан Синх басқарды. Жаңа үкімет шағын істеп шығарушыларды қолдауға, жұмыссыздықты азайтуға, тұрғындардың аз пайда бөлігін азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға, кедейлердің санын азайтуға, адам мүдделері жолында экономикалық реформалар өткізуге уәде берді.

Үндістан–XXI ғасырда дүниенің экономикалық жетекшілерінің біріне айналуға дау етіп жатқан мемлекет. 2006 жылы жарияланған Әлем банкінің прогноздарына қарағанда, 2025 жылға келіп, Үндістан экономикасы дүниеде Қытай мен АҚШ-тан кейін үшінші орынға шығуы мүмкін. Үндістан қазірден-ақ тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, жоғары қосымша құнға ие болған секторды дамыту, сондай-ақ білім және денсаулықты сақтау жүйесін жетілдіру жолынан баруда. 2014 жылы Үндістан бас министрі болған Нарендра Моди да реформалар саясатын жалғастыруда.



Нарендра Моди

Үндістанның ішкі және сыртқы саясатының қалыптасуына, XXI ғасырда оның экономикалық жоғарылауына әсер еткен және көрсетіп жатқан шешуші фактор мемлекеттің демократиялық жолдан дамуы болды. Онда биліктің басшы органдарында қоғамның түрлі қабаттарының өкілдері қатысуы үшін мүмкіндік жаратылды.

Үндістанда әлеуметтік-экономикалық дамудың едәуір жоғары қарқындары тұрғындардың үлкен бөлігінің жасау жағдайын жақсарту мүмкіндігін берді. Бұл үнді қоғамы мен мемлекеті қол жеткізген ең үлкен жетістік есептеледі.



**1991 жыл ...**

**1998 жыл наурызда ...**

**Демографиялық проблема ...**

**Заманауи Үндістанның проблемалары ...**

Соған қарамай, кең деңгейдегі әлеуметтік проблемалар мемлекеттің тұрақты дамуына тосқауыл болып тұр. Олардың ең негізгісі демографиялық проблема. 2017 жылдың аяғына келіп, Үндістанда тұрғындар саны 1 млрд 350 млн кісіден артып кетті. Мемлекетте 400 млн кедейлер бар, тұрғындардың дерлік 1/3 бөлігі сауатсыз. Сондай-ақ Үндістан көп этносты, көп тілді, тұрғындары ең тез көбейіп жатқан мемлекет болғаны үшін этникалық проблемалар бірқалыпты сақталып қалуда. Олар, Мәселен, Панжобта сикхтар,



Ассамда бенгалдар, Оңтүстік Үндістанда тамилдер, Кашмир проблемасы сияқтылардан құралған. Бұлардан тыс, діни проблемалар да бар. Мәселен, қазір Үндістандағы мұсылмандардың саны 160 млн кісіден артып кеткен. Олардың үнділермен қатынасында келіспеушіліктер бар. Кедейлікті жою, жұмыссыздық дәрежесін төмендету және тұрғындар жасау дәрежесін асыру да әлі де мемлекет пен қоғамның ең өзекті проблемасы болып қалуда.

Бұл қиындықтарға қарамай, Үндістан демократиялық даму жолынан жедел кетуде. Бұл мемлекеттің жаңа дәуір үгіттеріне сай жауап беруі үшін күшті негіз болып табылады.

Сыртқы саясатта Үндістанның бас мақсаты дүниенің жетекші мемлекеттерінің біріне айналу. Экономиканы жедел дамыту негізінде мемлекеттің экономикалық және саяси күдіретін асыру, ядро қаруына және заманауи техникаға ие болған күшті армияны жарату осы мақсатқа қаратылған еді. Үндістан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болу үшін тынымсыз әрекет етіп келуде.

XXI ғасырда да Үндістан сыртқы саясаты дәстүрлі бағытта жалғасуда. Бұл саясаттың негізін қоғамда демократиялық құндылықтар үстем болған жағдайда мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету курсы құрып, бұл курс қоғамның үлкен бөлігі тарапынан қолдауда.



**Деволвация** – бұл қатаң халықаралық валютаға қарағанда ұлттық валютаның ресми курсы төмендету.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Нарасимха Рао билігі жүзеге асырған реформалар нәтижесінде Үндістан 1990 жылдары қандай жетістіктерге жетті?
2. А.Б.Важпай билігі қандай қажетті шараларды жүзеге асырды?
3. Үндістан XXI ғасырда қандай жетістіктерге қол жеткізуді мақсат етіп дамуда?
4. XXI ғасырда үнді қоғамы алдында қандай өзекті проблемалар тұр?

## Өзіндік жұмыс



Картадан 1991–2017 жылдарда Үндістан тарихында негізгі орын иелеген штаттарды тап және түсінік бер.

## 20-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

**XX ғасырдың 90-жылдары–XXI ғасыр бастарында Туркияның саяси дамуы.** XX ғасырдың 80-жылдарының аяғы–90-жылдардың бастарында дүниеде болып жатқан саяси өзгерістер Туркияға да өз әсерін көрсетті. 1989 жылы әйгілі реформатор Турғұт Өзел Туркия Республикасы президенті етіп сайланды. Сайлау туралы жаңа заң қабылданып, саяси партиялар үшін бірқатар жеңілдіктер жаратылды.

Бірақ бұл жеңілдіктерден бірінші кезекте түрлі ислам діні жақтастарының партиялары өнімді пайдаланды. М.К.Ататүрік дәуірінен бері Туркия Республикасының дүниелік өркендеу жолынан баруына өзін жауапты есептеп келе жатқан армия басшыларының ескертуіне қарамай, қоғамда исламшыл партиялардың әсері артып барды. Осындай жағдайда 1993 жылы Т.Өзел қайтыс болды. Туркия президенті етіп Сүлеймен Демирель сайланды.



**Туркия тарихында Мұстафа Камал Ататүрік қызметтері нелерден тұрады?**

1995 жылдың аяғында кезектен тыс парламент сайлаулары болып өтті. Сайлау қоғамда ислам дінінің әсері жақсарғандығын тағы бір рет көрсетті. Ислам діні жақтастарының Нежмиддин Ербакан басшылығындағы «Рефакс» (Фароғат) партиясы баршадан көп дауы күрттер проблемасы да өзекті болды. Үкімет саясатынан наразы болған Абдулла Ожалон басшылығындағы Күрт жұмысшы партиясы үкіметке қарсы соғыс жариялады. Көзге көрінген саясатшыларына қарсы террорлық акттер жүзеге асырылды. Тек А.Ожалон қамауға алынғаннан кейін Күрт жұмысшы партиясы жауынгер әрекеттерді тоқтатуға, проблемаларды тыныш жолмен шешуге шешім қабылдады.

Мемлекетте ислам діні жақтастарының абыройы күшеюде жалғасты, олар жергілікті билік органдарында барған сайын көп орындарды иеледі. Мұның үстіне үкіметін де басқарды. Көпшіліктің пікірінше, кезектегі сайлауларда ислам діні жақтаушылары толық жеңіске жетуі шарт еді. Мұнан наразы болған армия басшылығы президент С.Демирельді бірнеше рет ескертті.



**1993 жыл Т.Өзел қайтыс болғаннан кейін Сүлеймен Демирель Түркия президенті етіп сайланды. 2000 жылдарда да әскерилер мен исламшылар арасындағы қатынас Түркия үшін негізгі проблема болып қалды.**

2000 жылы болып өткен парламент сайлауларында демократиялық сол партия жеңіске жетті. Мемлекетте ислам діні жақтастарына қарағанда қатаң позиция сақталып тұрды. Түркия прокуратурасы «Нұршылар» ұйымын конституцияға қайшы деп тән алды. Бұл ұйым мен «Хизбуллах» партиясының түрік филиалы қызметіне тыйым салынды. Армия бас штабы жетекшісі егер исламшылар билікке келсе, әскерилер конституцияны қорғауға дайындығы туралы тағы бір рет ескертті. Соған қарамай, 2002 жылғы сайлауларда ислам діні жақтастарының Реджэп Тайип Ердоған басшылығындағы Әділет пен өркендеу партиясы (ӘӨП) парламент сайлауларында жеңіске жетті. Реджэп Тайип Ердоған сот үкіміне қарай саяси лауазымдарды иелеу құқығынан айрылғандығы үшін бас министр лауазымын Абдулах Гул иеледі.

Армия қырағы болып тұрды. Әскерилер жағдайды шын көңілмен бақылап барды және қажетті болғанда араласуға дайын еді. 2003 жылы Р.Ердоған Түркия бас министрі лауазымын иеледі.

**Экономикалық даму.** Түркияда экономикалық реформалар 1990 жылдарда да жалғастырылды. ЖІӨ-нің жылдық өсуі едәуір жоғары болып, 1990 жылдар аяғында экспорттың негізгі бөлігін өнеркәсіп өнімдері құрады. Жоғары сапалы өнімдер істеп шығарушы өте көптеген жекеменшік кәсіпорындар пайда болды. Түркияның валюта қоры көбейіп, ЖІӨ жан басына 3 мың доллардан артып кетті. Түркия дүние базарына бәсекелестікке шыдамды өнім жеткізіп беретін жоғары дәрежеде дамыған мемлекетке айналды. XX ғасырдың аяғына келіп Түркияның негізгі өнеркәсіп өнімдері Еуропа мемлекеттерінің осындай өнімдерімен беймарал бәсекелесе алатын.

Туркияның өте үлкен проблемасы мемлекеттің барлық салаларын қамтып алған коррупция болып қалды. Сол мәселе бойынша 2000 жылдар басында президент пен бас министр арасында ажыралу пайда болғаннан кейін қаржылық төңкеріс болды: мемлекеттен инвестициялар кете бастады. Туркия Орталық банкі араласуға мәжбүр болды, бұл қордағы шетел валютасының күрт азаюына алып келді. Нәтижеде еркін қойып жіберілген лира бірден күрт құнсызданды. Бірақ ыдыраулар Туркияның кейінгі жылдардағы экономикалық жетістіктерін жоққа шығара алмады. Туркия бүгін дүниенің ең жедел дамып жатқан мемлекеттерінің бірі болып, G-20 клубының мүшесі есептеледі.



Туркия Республикасы

**XXI ғасырда Туркия.** 2000 жылдарда да әскерилер мен ислам діні жақтаушылары арасындағы қатынас Туркия үшін негізгі проблема болды. 2007 жылы өте ұлтшыл «Ергенекон» жасырын ұйымның қызметімен байланысты тергеу мен қамауға алулар басталды. Туркия соты үш шақты отставкадағы генералдарды мемлекет төңкерісін жүзеге асыруға ұрынуда кінәлі деп тапты және 20 жылдан қамау жазасына үкім етілді. Түрлі мерзімге қамалғандар арасында жазушылар, журналистер, профессорлар мен парламент

депутаттары да бар еді. Бұл ұйым мүшелері Р.Ердоған үкіметін аударып тастауға дайындық көруде айыпталды. Ұйым мүшелері мен оларға жақтаушы болған кейбір журналисттердің пікірінше, бұл сот процесі мемлекетте өз абыройын нығайтуға ұмтылып жатқан үкімет тарапынан ұйымдастырылған арандату еді.

Сол дәуірден Туркия Сириядағы оқиғаларға белсенді араласа бастады. Сириямен шекаралас Дирбакир авиабазасына F-16 қыратын самолеттер жайғастырылды. НАТО да Туркияны қолдауға дайындығын білдірді.

2014 жылы болып өткен президенттік сайлауларында Р.Ердоған Туркия Республикасы президенті етіп сайланды. Бұл Туркияда президент тікелей халық тарапынан сайланған бірінші сайлау еді. Ілгері президент парламент тарапынан сайланған. Референдумда тұрғындар президенттің халық тарапынан тікелей сайлануы үшін дауыс бергеннен кейін 2012 жылы бұл туралы заң қабылданды.

2015 жылдың екінші жартысында Сирияда ИШИМ-ге қарсы антитеррорлық операциясында қатысып жатқан Ресейдің Су-24 әскери самолёті Туркия тарапынан атып түсірілді. Бұл екі мемлекет арасындағы қатынастарды шиеленістірді, Ресей Туркияға қарсы экономикалық санкциялар жариялады.



**2015 жылдың екінші жартысында ...**  
**2014 жылы ...**  
**Р.Ердоған дәуірі ...**

2016 жылы Туркия әскерилері кезектегі мемлекет төңкерісін жүзеге асыруға ұрынып көрді. Бірқатар әскери жасақтар Анкара, Стамбул, Мармарис, Кония және Малате қалаларында стратегиялық қажетті объекттерін өз бақылауына алуға ұрынды. Стамбул қаласындағы президент резиденциясы самолеттермен қиратылды. Дәл қазір көтерілісшілер Стамбул мен мемлекет астанасы Анкара қалаларындағы халықаралық аэропорттарды өз бақылауына алды. Р.Ердоған көтерілісшілер иелеуге үлгірмеген телеканал арқылы халыққа үндеу жасады. Тұрғындар президентті қолдап қалаларда ереуілдерге шықты. Төңкеріске ұрыну дүние қоғамы тарапынан да қараланды.

Көтеріліс бастырылды. 60 мыңнан астам адам, негізінен армия офицерлері қамауға алынды. Туркия армиясында, мемлекет аппаратында тазалау өткізілді. Оппозицияға байланысты деп есептелген ондаған газеттер, телеканалдар жабылды. 2017 жыл сәуірде референдум өткізіліп, оның нәтижелеріне сәйкес, Туркияда президент басқаруы енгізілді.

Әскери төңкеріске соғыстан кейін оппозицияға қарсы қатан әрекеттері үшін АҚШ және ЕО тарапынан сынға ұшыраған Туркия билігі Ресеймен жақындасу жолын ұстанды. Туркия президенті Р.Ердоған Ресей президенті В.Путинмен бірнеше рет кездесіп, екі мемлекет арасында үзіліп қалған сауда, экономикалық және гуманитар байланыстарды тіктеуге келісіп алды. 2017 жыл қараша айында Ресейдің Сочи қаласында В.Путин, Р.Ердоған және Иран президенті Х.Роухани арасында келіссөздер өткізіліп, онда террорға қарсы серіктестікте күресуге, Сирияда тыныштық орнатуға қаулы қабылданды.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. 1990-жылдар аяғы–2000 жылдары Туркиядағы саяси процестердің өзіне тән жағы нелерден тұрады?
2. Туркиядағы саяси процестерде ислам факторы қандай рөл атқарады?
3. Туркияның экономикалық дамуында қандай проблемалар бар?
4. Таяу Шығыстағы оқиғалар Туркияның сыртқы саясатында қандай рөл атқаруда?

### Өзіндік жұмыс



Тәуелсіздік жылдарында **Өзбекстан Республикасы** мен **Түркия** арасында байланыстардың хронологиясын құрастыр.

## 21-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫ

**XX ғасыр аяқтарында Иран.** XX ғасырдың екінші жартысы Иран қоғамында әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздық дәуірі болды. Бірақ дәл осы дәуірде мемлекет үшін ең қажетті оқиғалар орын алып, олар белгілі мағынада заманауи Иранның өркендеу жолын белгілеп берді.



**Иран тарихында «Ақ төңкеріс» қандай нәтижелермен аяқталды?**

Осы дәуірде Иран Ислам Республикасында қажетті саяси процестер болып, дүние тарихында алғаш рет төңкерісшіл

ислам XX ғасырда бүкіл ислам цивилизациясы алдында тұрған проблемаларды шешудің кұралына айналды. Ислам діні Таяу Шығыс және Солтүстік Африкада өте күдіретті әлеуметтік-саяси күш ретінде майданға шықты және бұл аймақтарда Батыс кұндылықтарының енгізілуіне белсенді қарсы тұруда.

1990 жылдар бастарында Иранның экономикасы да тұрақталып, ЖІӨ-нің жедел өсуіне алып келді. Ислам радикализмі де біраз әлсіреді. Иран дүние спорт пен мәдениет майданына қайтты. 1999 жылы Иранның «Аспан балалары» фильмі АҚШ-та «Оскар» сыйлығына ұсынылды. Мемлекетте шетел музыкасы мен интернет-кафелерге рұқсат берілді. Әйелдер де белсенді әлеуметтік өмірге қайтты.

Иран халықаралық дараланудан кұтылу үшін реформалар өткізуге мәжбүр болды. 1997 жылы реформашылық көзқарастарын қолдаушы М.Хотами президент етіп сайланды. Ол Иранда демократиялық және толеранттық қоғам кұруға қаратылған реформалардың басталғандығын, сондай-ақ Батыс мемлекеттерімен қатынаста оңды өзгерістер болуын жариялады. Бірақ реформаларды жүзеге асыруда Мұхаммед Хотами тақуалардың қатаң қарсылығына дұшар болды.

**Заманауи Иран.** 2001 жыл 11 кыркүйек күні Нью-Йоркте жүзеге асырылған террорлық актінен кейін АҚШ Иранды «халықаралық терроризмнің серігі» деп атады. Бұл тамғадан кұтылу үшін Иран едәуір істерін жүзеге асырды. «Хизбуллох» басшылары Иранның қуып шығарылды, Судан, Ливия, Босниядағы ирандық діни кеңесшілер шақырып алынды. Бірақ, соған қарамай, АҚШ Иранды жасырын түрде ядро қаруын жарату үстінде жұмыс алып бара жатқандықта айыптады. 2002 жылы АҚШ президенті Ж.Буш Иранды «жауыздық тірегі» мемлекеттері қатарына қосып, терроризмді қаржыландыруда айыптады. АҚШ Иранды халықаралық изоляциялауға әрекет жасады. Бірақ бұл әрекет Франция, Германия, Ұлыбритания тарапынан бекітілмеді әрі Иранға әскери техника жеткізіп беріп жатқан және атом электрстанциясын кұрып жатқан Ресейдің қарсылығына ұшырады.

2005 жылы ультраконсерватор Махмұд Ахмадинажодтың президент етіп сайлануы Иранда реформалардың барысын, мемлекеттің дүние қоғамдастығына қайтуын біраз әлсіретті. М.Ахмадинажод өзінен алдыңғы президенттердің бірқатар либерал реформаларын тоқтатып қойды.

Хумайнидің өлімінен кейін Иранда сақталып қала жатқан теократиялық режим одан әрі күшейді. Ислам кұқына (шариғатқа)



Махмұт Ахмадинажод

негізделген заңдар адам құқықтары бойынша бірқатар проблемаларды жүзеге асырды. Мәселен, осы дәуірде Иран өлім жазасын жүзеге асыру бойынша дүниеде екінші орында (Қытайдан кейін) тұратын. 2006 жылы мемлекетте екі жүзден астам адам, соның ішінде, жеті шақты балағат жасына жетпеген балалар өлтірілді. Сыртқы саясатта М.Ахмадинажод консервативті көзқарастарға мойынсұнды. Ол Ж.Буш әкімшілігін күрт сынға алды, Иранның араб мемлекеттері және Ресеймен ынтымақтастығын күшейттіру жақтаушысы болды.



Иран Ислам Республикасы



**1997 жылы Иранда реформашылық көзқарастарын қолдаушы М.Хотами президент етіп сайланды. 2002 жылы АҚШ президенті Ж.Буш Иранды «жауыздық тірегі» мемлекеттері қатарына қосып, терроризмді қаржыландыруда айыптады.**



2009 жылы кезектегі президенттік сайлаулары болып өтті. Сайлауларда амалдағы президенттен тыс тағы үш шақты кандидат қатысты. Негізгі күрес консерватор-президент М.Ахмадинаждпен реформалар уәде етіп жатқан Мір Хусайын Мусавий арасында болды. Бірақ бірінші шарттың өзінде-ақ М.Ахмадинажд жеңіске жетті.



Ирандық спортшы қыздар

Оппозиция сайлаулар нәтижесін тән алмады. Тегеран және басқа бірқатар қалаларда шерулер және полициямен қақтығыстар болып өтті. Кейбір оппозицияшыл партиялардың мүшелері қамауға алынды.

Бар проблемаларға қарамай, ХХІ ғасырда Иран кедейлік, сауатсыздық және надандық батқағына батқан мемлекетке шүбәсіз ұқсамайды. Заманауи Иран – Орта Шығыстың ең ірі экономикасына ие болған индустриалды мемлекет. Ол 2009 жылы Семнондағы космодромнан Сафир–2 ракетасының көмегінде өзінің «Үміт» атты жасанды серігін кеңістікке шығарып, дүниені меңгеріп жатқан мемлекеттер қатарынан орын иеленді.

Иранда білім және ғылым дамыған, урбанизация дәрежесі 70 %-ға жақындасуда, денсаулықты сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі жақсы жолға қойылған. Иран жастар мемлекеті, тұрғындарының жартысын 30 жастан кіші болған жастар құрайды. Иранның заманауи проблемалары ішінде ең өзектілері жұмыссыздық және инфляция дәрежесінің жоғары болып келуде.



**Толеранттылық** – бұл өзгеше дүниеге көзқарас, өмір салты, мінез-құлық, әдеп пен әдет-ғұрыптарға қарата сабырлы шыдамды болу.

**Изоляция** – халықаралық қауымдастықтан ажыратып қою, жекелену.

**Ультраконсерватор** – бұл күрт консервативті көзқарастарға ие болған тақуа адам.

2013 жыл маусым айында болып өткен президенттік сайлауларында Хасан Роуханидің жеңіске жетуі Иранда болып жатқан терең өзгерістерді көрсетеді. Иранның дүние қауымдастығына толық интеграциялануына тосқауыл болып тұрған ядролық бағдарламасы да он жылдан астам жалғасқан келіссөздерден кейін 2015 жыл шіл-



Хасан Роухани

деде Иранмен алты мемлекет (АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания, Франция, Германия) өкілдері тарапынан қол қойылған келісім шарт арқылы шешілді. Иран 15 жыл ішінде байытылған уран істеп шығармайтын, оның орнына Батыс мемлекеттері 2015 жылдың аяғынан бастап оған қарсы қолданылған санкцияларды басқышпа-басқыш жоятын болды. Осындай жағдайда, 2016 жыл ақпан айында Иранда парламент сайлаулары болып өтті. Сайлауларда реформашылар коалициясы консерваторлардан көбірек дауыс алды. Бұл мемлекеттегі оңды өзгерістер үшін жақсы көрсеткіш болып, президент Хасан Роухани абыройының жоғарылығын көрсетті.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Президент М.Хотами демократиялық реформаларды өткізуде қандай қарсылықтарға жолықты?
2. 2001 жыл 11 қыркүйектен кейін Иран мен АҚШ арасындағы қатынастарда проблемалардың күшеюіне нелер себеп болды?
3. М. Ахмадинаждтың ультраконсервативті саясаты Иран қоғамында қандай проблемаларды келтіріп шығарды?
4. Заманауи Иранның жетістік пен проблемалары туралы айтып бер.

### Өзіндік жұмыс



Тақырыпқа тиісті негізгі түсініктерді сөздік жәрдемінде аударма жаса және дәптеріңе жаз.

## 22-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ПӘКІСТАН ЖӘНЕ АУҒАНСТАН

**Пәкістан.** 1990 жылдары Пәкістанда қызу саяси процестер мен биліктің жоғары сатысында коррупциямен байланысты проблемалар жалғасты. Беназир Бхутто билігі қызметтен кетуге шығарылғаннан кейін 1990 жылы өткізілген сайлауларда жеңіске шыққан Мұсылман лигасы партиясының басшысы Навоз Шариф үкіметті басқарды.

Бірақ 1993 жылы президент Ғұлам Исхақхан жаңа үкіметін де коррупция және ағайын-туысқандықта айыптап, қызметтен кетті. Сол жылы болып өткен сайлауларда жеңіске жеткен Б.Бхутто тағы бас министр лауазымын иеледі. Бірақ 1996 жылы президент сардар Фаррук Ахметхан Легари Ұлттық ассамблеяны таратып жіберді де Б.Бхутто үкіметін тағы қызметтен кетірді. Өткізілген парламент сайлауларында Пәкістан халық партиясы (ПХП) аяусыз жеңіліске ұшырады.



Беназир Бхутто



### Пәкістан тарихында 1977 жылда қандай оқиға болған?

1999 жыл күзде Пәкістанда тағы әскери төңкеріс жүзеге асырылып, билікке генерал Парвез Мушарраф басшылығындағы әскери басқаруы келді. 2001 жыл 11 қыркүйекте Нью-Йоркте пайда болған террорлық актісінен кейін Пәкістан террорлыққа қарсы АҚШ басшылығында құрылған коалицияға қосылды. Бірақ көптеген Пәкістандықтар назарында АҚШ террорларға емес, мұсылмандарға қарсы күреске кірісті. АҚШ-пен жақындасу курсын таңдаған П.Мушаррафқа қарсы қастандықтар ұйымдастырылды. Ол қылмыстарда террорларды айыптады және мемлекетті олардан тазалауға уәде берді. 2003–2005 жылдары Пәкістан армиясы АҚШ көмегінде көрші Ауғанстан аумағында әскери операциялар алып барды. Ислам фундаменталистері П.Мушаррафты дұшпан деп жариялап, оны аударып тастауға уәде берді. Көпшіліктің пікірінше, П.Мушарраф мемлекетте жағдайды тұрақтандыруға қол жеткізе алмады және қызметтен кетуге мәжбүр болды. 2008 жылғы сайлауларда ПХП әрі төрағасы Асир Али Зардари президент етіп сайланды. 2013 жылғы парламент сайлауларынан кейін Мұхаммед Наваз Шариф бас министр лауазымын иеледі.



Правез Мушарраф

Пәкістан, дамып келе жатқан аграр-индустриалды мемлекет. Ол БРИКС мемлекеттерімен бірқатарда, ХХІ ғасырда дүниенің ең ірі экономикаларының біріне айналу мүмкіндігіне ие болған он бір мемлекет қатарына кіреді.



Наваз Шариф

Қазір тұрғындардың үлкен бөлігі ауыл шаруашылығымен айналысады. Экспортталатын негізгі өнімдерге тоқымашылық, тері өнімдері, спорт бұйымдары, химиялық заттар мен кілемдер кіреді.

Өнеркәсіптің қайта істеу, мұнай, тау-кен салалары дамуда. ШЫҰ-тың 2016 жылы Ташкентте болып өткен саммитінде Пәкістанды ұйымға қабылдау тәртібі мен мерзімдері туралы құжатқа қол қойылды.

**Ауғанстан.** СССР таралып кеткеннен кейін Ауғанстанда жағдай едәуір нашарлады. 1992 жыл сәуір айында Кабул қаласына муджахидтер отрядтары кіріп келді. Ауғанстан президенті Мұхаммед Нажибулло кашуға үлгірмеді. Муджахидтер оны ұстап алып, дарға асты.



**Совет мемлекетіне үндеу жасап, Ауғанстанға совет әскерлері кірітілуін сұраған тұлға кім еді?**

Ауғанстанда үкіметті Джихад кеңесі деп аталған топ өз қолына алды. Мемлекет аты Ауғанстан Ислам Республикасы деп өзгертірілді, барша заңдар жоққа шығарылып, шарифат ережелері енгізілді. Бірақ муджахидтер арасында басталған келіспеушілік жаңа соғыс әрекеттеріне алып келді, мыңдаған адамдар қайтыс болды, елшілік пен халықаралық миссиялар Ауғанстаннан кетті. 1994 жылы жанжалға жаңа саяси күш – ислам фундаменталистерінің талибандар әрекеті қосылды. Олардың жетекшісі молда Омар Ауғанстанда азаматтар соғысын аяқтап, ислами тәртіп орнатуды жариялады. Олар 1996 жыл қыркүйекте Кабулды иелеп, мемлекетті «Ауғанстан Ислам әмірлігі» деп жариялады.

Талибандар Ауғанстанда қатаң ислами тәртіптерін орната бастады. Дәл қазір бұл жерде әр түрлі террорлар қоныс тапты. Талибандар режимімен қатынасты жолға қойған халықаралық террор Усама бен Ладен де Ауғанстанға келді. Ол террорлар дайындау үшін әскери базалар мен лагерьлер жүйесін жаратты. Талибандар режимі Усама бен Ладен халықаралық сотқа тапсырудан бас тартқаннан кейін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі (ҚК) Ауғанстанға қарсы экономикалық санкциялар жариялады.

Халықаралық қауымдастығы тарапынан тән алудан үміт үзген молда Умар исламға дейін болған барша наным объекттері, тарихи ескерткіштерді жоюға бұйрық берді. V ғасырға тән екі сирек

ескерткіш–жартасқа ойып істелген Будданың үлкен ескерткіштері жойылды. Мұсылман болмаған тұрғындардың өз киіміне сары белгі тағып жүруі туралы қабылданған декрет дүние қауымдастығының ызасын келтірді. БҰҰ ХК талибандар билігіне қарсы санкцияларды күшейттіру туралы жаңа резолюциясы қабылданды.



Пәкістан мен Ауғанстан

2001 жыл 11 қыркүйекте Нью-Йоркте ұйымдастырылған террорлық акттері үшін жауапкершілікті АҚШ әкімшілігі «Аль-Каида» ұйымы мен Усама бен Ладенге жүктеді және террорлардың базаларын қиратты. Талибандар әскерлеріне қарсы күштердің сәтті шабуылдарынан кейін талибандар билігі аударылып, мемлекетке халықаралық әскери күштер жайғастырылды.



**1994 жылы ...  
V ғасырға тиісті ...**

**1996 жыл қыркүйекте ...**

2002 жыл маусым айында болып өткен жалпыауған Лоя Жирғасында Хамид Карзай Ауғанстан президенті етіп сайланды. Ауғанстанға 5 млрд доллар халықаралық көмек бөлінді. Бірақ мемлекет ішінде террорлық әрекеттері жалғасты.

2003 жылы Ауғанстанның жаңа конституциясы қабылданды. Мемлекет «Ауғанстан Ислам Республикасы» атын алды. Жаңа конституция мемлекетте президенттік басқаруын орнатты, екі палаталы парламент, тәуелсіз сот жүйесі құрылуын көзде тұтты, сондай-ақ азаматтардың демократиялық құқық пен еркіндіктерін жариялады. Конституция кіші ұлттардың құқықтарына кепілдік берді, баршаның, соның ішінде, еркек пен әйелдердің заң алдында теңдігін және сенім еркіндігін орнатты.



Хамит Карзай

Конституция сайлаулар мен саяси партиялар құру үшін жол ашып берді. 2004 жыл болып өткен президенттік сайлауларында Хамид Карзай Ауғанстан президенті етіп сайланды.

2005 жыл қыркүйек айында өткізілген парламент сайлауларында ислам діні жақтаушылары болған партиялар үлкен әсерге ие болды да мүлдем парламент оппозиция характерінде еді. Осы дәуірде мемлекеттің негізгі проблемаларының бірі есірткі саудасымен байланысты еді. БҰҰ ақпаратына қарай, 2005 жылы дүниедегі есірткі саудасының 87 %-ы Ауғанстанға тура келеді. 2007 жылдан есірткі саудасы әлсізденді, бірақ 2017 жылы тағы күрт өсті.



1970 жылдардағы және қазіргі ауған жастары



**2001 жыл 11 қыркүйекте Нью-Йоркте ұйымдас-тырылған террорлық акттері үшін жауапкершілікті АҚШ әкімшілігі «Аль-Каида» ұйымы мен Усама бен Ладенге жүктеді. 2002 жыл маусымда болып өткен жалпыауған Лоя Жирғасында Хамид Карзай Ауғанстан президенті етіп сайланды.**

Х.Карзай үкіметінің бар проблемаларын шешуге күшсіз дүние қауымдастығын Ауғанстанға көмекті күшейтуге, мемлекетті тіктеуде белсенді қатысуға үндеді. Сондай-ақ білім жүйесін кеңейттіру, әлеуметтік мәселелерді шешу және кедейлікке қарсы күрес, транспорт пен энергетика инфрақұрылымын модернизация жасау жоспарланды.



Мұхаммед Ашраф Гани

2014 жылы болып өткен президенттік сайлауларының екінші турында Мұхаммед Ашраф Гани Ауғанстан президенті, Абдулла үкімет төрағасы лауазымдарын иеленді.

Бірақ Ауғанстанда әлі де тығыз тыныштық орнатылмады. 2016–2017 жылдары бірқатар террорлық әрекеттері жүзеге асырылып, нәтижеде ондаған адамдар қайтыс болды, жүздеген адамдар жәбірленді. Ауғанстанның бұрынғы президенті Хамид Карзай мәлімдеме беріп, мемлекеттегі тұрақсыз жағдайдың себебі ретінде аймақта АҚШ алып бара жатқан саясатты көрсетті және АҚШ үкіметін өз қателерін тән алуға шақырды.



**Лоя жирғасы** – бұл ауған тайпалары тарапынан сайланған жалпыауған ақсақалдар кеңесі.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Пәкістанда П.Мушаррафтың қандай саясаты оның отставкасына себеп болды?
2. Пәкістанда экономиканың қайсы салалары жақсы дамыған?
3. СССР таралып кеткеннен кейін Ауғанстанда қандай саяси жағдай жүзеге асты?
4. Заманауи Ауғанстанның негізгі проблемалары нелерден құралған?

## Өзіндік жұмыс



Ауғанстан саяси картасымен таныс және тарихи болмыстармен байланысты түрде түсініктеме жаз



Тақырыптың мәтінін оқу барысында бейтаныс болған сөздерді дәптеріңе жаз және сөздіктер көмегінде түсініктерге талдау жаса.

## 23-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА СИРИЯ ЖӘНЕ ИРАК

**Сирия.** 1943 жылы Сирия өз тәуелсіздігін жариялады. Бүгін ол осы қысқа тарих барысындағы ең терең саяси дағдарысты бастан кешіруде.



**Көне дәуірде Сирия және Мысырда қандай мемлекеттер бар болған?**



Башар Асад

1970 жылы әскери төңкеріс арқылы билікке келген Хафиз Асад Сирияны 2000 жылға дейін басқарды. Осы дәуірде және газ қорлары іске түсірілді, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы дамыды, тұрғындар саны көбейіп, жасау дәрежесі жақсарды. Бірақ 1990 жылдарда экономикада тұрғындық басталды. Мұның себептері сол дәуірде пайда болған социалистік жүйенің құлдырауынан тыс Сирияның жаңа тарихындағы ең қорқынышты құрғақшылықпен де байланысты еді.

Осындай жағдайда 2000 жылы Х.Асад қайтыс болды. Мемлекетте өткізілген референдум нәтижесінде билікке Х.Асадтың ұлы Башар Асад келді. Б.Асад атасынан ерекшеленген түрде сыртқы саясатта «жұмсақ» курс алып барды. Израиль мен Жолан төбелері мәселесінде келісімдерді тіктеді. 30 жылдан бері Ливанда тұрған



Сирия әскерлерін ол жерден алып шықты. Ирак диктаторы Саддам Хусейнмен жарасты.

Ішкі саясатта саяси партиялар қызметіне рұқсат берді, коррупцияға қарсы өте кең шаралар қолдады. Дәл қазір атасы билік жасаған дәуірін сынға алған шенеуніктері де жазаланды.

Экономикадағы тұрғындыққа Б.Асад сауда және қаржы саласын либералдастыру арқылы жеңіп өтуге ұрынды. Бірақ бұл тек Дамаск пен Халаб сияқты ірі қалаларда экономиканың жандануына алып келді. Ауылдар мен кіші қалаларда жұмыссыздар саны артып кетті. Мұнан тыс, сол дәуірде көрші мемлекеттерден келген босқындар да Сирияның үлкен проблемасына айналды. 2011 жылы Сирияда жарты миллионға жақын палестиндік және бір миллионнан астам Ирактық босқындар бар еді.



Сирия және Ирак



**1970 жылы әскери төңкеріс арқылы билікке келген Х.Асад Сирияны 2000 жылға дейін басқарды. Сирияда 2000 жылы Х.Асад қайтыс болды, референдум нәтижесінде билікке Башар Асад келді.**



Сирияда аянышты соғыс салдары

2000 жылдары араб мемлекеттерінде басталған «Араб көктемi» атты төңкерісшіл процестер Сирияны да қамтып алды. 2011 жылы мемлекеттің оңтүстігіндегі Даря қаласында жұма намазынан кейін басталған көтерілістер «Жұма төңкерісі» атын алды. Көтерілісшілер Б.Асад режимін аударып, демократиялық реформаларды өткізуді талап етті.

Қақтығыста амалдағы президент Б.Асад тарапында Сирия араб армиясы және оған қарсы болған Сирия «ұстанымды» оппозицияның Сирия азаттық армиясы, күрдтер отрядтары, сондай-ақ әр түрлі террор ұйымдар – «Ирак және Шом ислам мемлекеті» (ИШИМ), Жибхат ан-Нусра және осы сияқтылар қатысты. Сөйтіп мемлекетте азаматтар соғысы басталып, араб мемлекеттерінен, бүкіл дүниеден келген әр түрлі террор топтар үкімет әскерлерімен соғыс алып баруда.

2013 жылы Ирак және аздап Сирия аумағында террор топтар «Ирак және Шом ислам мемлекеті» деп аталатын мемлекетті құрды. 2014 жылы ол «Жалпы дүние халифаты» деп жарияланды. Бұл жайт АҚШ пен оның одақтастарын әскери интервенцияны жүзеге асыруға үндеді. Олар 2014 жыл қыркүйектен бастап Сириядағы террорлар позицияларын қиратуда. 2015 жыл қыркүйектен дәл осындай әскери операцияны өткізуде Ресей әскери-космостық күштері де қатысуда. Қақтығыста Туркия, Иран, Сауд Арабстан, Иордания, Ирак, Ливан, Израиль сияқты мемлекеттердің де мүдделері көрінді. Солай етіп, Сирия территориясы өте үлкен, әрбірі өз мүддесін көздеген халықаралық күштердің қақтығыс майданына айналды.

Соғыс нәтижесінде 2017 жыл қыркүйек айына дейін мемлекеттен 4 млн-нан астам адам кеткен. 2017 жылдың аяғына келіп, Сирия армиясы Ресей әскери-космостық күштері мен АҚШ басшылығындағы халықаралық коалиция көмегінде мемлекет өңірін соғыстардан дерлік толық босатты. Тұрғындардың бір бөлігі өз үйлеріне қайтуда. Желтоқсан айында В.Путин Сириядағы Ресей әскери-космостық күштерінің негізгі бөлігін өз өңіріне қайтару туралы бұйрық берді.

**Ирак.** 1932 жылы өз тәуелсіздігін жариялаған Иракта 1968 жылы билікке Араб социалистік ояну (АСП) партиясы келді. Үкіметін президент Хасан әл-Бәкір басқарды, бірақ реал билік қорғаныс министрі Саддам Хусейн қолына өтті. Бұл процестер Иракта мұнайдан келетін пайданың шексіз артуы дәуіріне тура

келді. Тұрғындардың өмір дәрежесі сезілерлі жақсарды.

1979 жылы Саддам Хусейн ресми Ирак президенті етіп сайланды. 1980 жыл қыркүйекте Ирак Иранға қарсы соғыс бастады. Бұл соғыс ХХ ғасырдың ең ұзақ жалғасқан өңірлік қақтығысы болды. Ол көптеген құрбандарға алып келді.

1990 жылы Ирак тағы бір халықаралық жанжалға себеп болды. Ол Кувейтке бастырып кіріп, оның өңірін иелеп алды. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі кувейттен Ирак әскерлерінің тез арада алып шығып кетілуін талап етті. Иракқа қарсы санкция жарияланды. Бірнеше айлық дипломатиялық әрекеттерден кейін 1991 жыл қаңтарда АҚШ басшылығындағы халықаралық күштер Кувейтті босату бойынша «сахарадағы боран» операциясын бастады. Ирак армиясы толық қиратылды. Күзетушілер С.Хусейннің құлауын күні бұрын болжаған еді, бірақ ол өз үкіметін сақтап қалды.

Өкіметті нығайтып алып, С.Хусейн БҰҰ-ның Ирак әскери бағдарламаларын тоқтатуға бақытталған ұрынуларына қарсылық жасады. Ол БҰҰ инспекторларын АҚШ пайдасына сатқындық жасауда айыптады және барша халықаралық инспекторларды мемлекеттен қуып шығарды. Содан кейін, 1999–2000 жылдары АҚШ басшылығындағы халықаралық күштер Ирак әскери объекттерін қиратты. 2003 жылы АҚШ пен Ұлыбритания әскерлері Бағдатқа бастырып кірді. С.Хусейн үкіметі құлады. Америкалықтар мен олардың одақтастары бүкіл мемлекет аумағында өз бақылауын орнатты. Олар С. Хусейннің екі ұлы мен жас немересін өлтірді. 2003 жыл желтоқсанда С.Хусейннің өзі де қолға алынды және асып өлтірілді.

Диктатор өлтірілді. Бірақ уәде берілгендей Иракта демократия мен тыныштық орнатылмады. АҚШ пен оның одақтастары Ирактағы жағдайды жүгендей алмады. Террорлық әрекеттері өріс алды. Бұлардың нәтижесінде көптеген күнәсіз адамдар құрбан болды.

2005 жылы қабылданған конституцияға сәйкес Ирак оның халқын құрайтын үш этнос–араб-сунниттер, араб-шиалар және күрдтер келісіміне негізделген парламентар федеративті республика деп жарияланды.

С.Хусейн кезінде билікте болған сунниттер енді оппозицияға өтті. Бірақ 2010 жылы болып өткен парламент сайлауларында күтілмегенде оппозициядағы сунниттер жеңіске жетті. Бірақ, жерлерде реал би-



Саддам Хусейн

лік түрлі қарулы топтар қолында қалды. Олар өздері иелеген өңірде шариғат заңдарын енгізіп, мыңдаған күнәсіз адамдарды орта ғасырлық әдістерімен дарға асты. Миллиондаған адамдар босқынға айналды.



**1990 жылдарда ... 1991 жыл қаңтарда ...**  
**2013 жылы ... «Сахарадағы боран» операциясы ...**

АҚШ үкіметі, дегенмен, президент Б.Обама АҚШ-тың Иракқа болған саясаты қате екендігін тән алды. Көпшілік мамандар дәл Америка саясаты Таяу Шығыста жағдайдың шиеленісуіне, ИШИМ сияқты террор ұйымдардың пайда болуына себеп болды, деп есептеуде. 2016 жыл желтоқсанда АҚШ президенті етіп сайланған Д.Трамп Таяу Шығыстағы өз саясатын қайта көріп шығуға уәде берді.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Сирияда саяси ыдыраудың келіп шығуы мен азаматтар соғысының басталуына қандай факторлар себеп болды?
2. Сириядағы соғыста қайсы мемлекеттердің мүдделері көрсетілген?
3. Саддам Хусейннің қандай әрекеттері Ирактың халықаралық күштері тарапынан талқандалуына алып келді?
4. С.Хусейннің аударылуы не үшін Иракқа тыныштық алып келмеді?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып 1991–2017 жылдар Сирия және Ирак мемлекеттеріндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық дамудағы проблемалар мен олардың шешімдерін дәптеріне кесте көрінісінде жаз.



«Ирак пен Шам ислам мемлекеті», «Жалпыдүние халифаты» түсініктерін салыстырмалы талдау жасау негізінде қазіргі күндегі ақпарат шабуылдарын сызба көрінісінде дәптеріңе жаз.

## 24-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ИЗРАИЛЬ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ПАЛЕСТИН ПРОБЛЕМАСЫ

**Израильдің әлеуметтік-экономикалық дамуы.** 1947 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Палестин бойынша резолюция қабылдады. Оған сәйкес 1948 жыл 1 тамыздан Палестинде екі–яхудилердің Израиль мен арабтардың Палестин мемлекеттерін құру ұсынылды.



**Көне дүние тарихында Палестин аумағында Израиль патшалығы қашан жүзеге асты?**

Израиль яхудилердің ұлттық мемлекеті есептеледі. Ол алғаш яхудилердің ұлттық ошағы, баспанасы ретінде құрылды және сондай болып қалуда. Отанға қайту туралы заңға сәйкес әрбір яхуди өз жанұясы, яғни тұрмыс жолдасы, перзенттері, немерелерімен әрдайым жасау үшін Израильге келу құқығына ие. Содан кейін қабылданған азаматтық туралы заңға сәйкес Израильге келген барша яхудилер өз-өзінен азаматтыққа ие болу тәртібі орнатылды. Бұл заңдар репатриация есебіне Израиль тұрғындарының тез өсуіне алып келді.

Өз тәуелсіз өркендеуінің бірнеше он жылы ішінде Израиль әскери-өнеркәсіп кешені өте дамыған мемлекетке айналды. Әскери-өнеркәсіп кешенінің дамуы металға өңдеу беру, машина жасау, электротехника, электроника мен алмасқа өңдеу беру сияқты басқа тірек салалардың да жедел өркендеуіне себеп болды.

1990 жылдардан Израиль экономикасы жедел дамып келе жатқан мемлекеттер қатарына кірді. Мамандардың пікірінше, бұл мемлекетте шынайы экономикалық жоғарылау басталды. Израиль қожалығы өз құрылымына сәйкес АҚШ пен Батыс Еуропа мемлекеттеріне жақындады және постиндустриалды модельге бейімделді.

Мұндау жетістіктерге жетуге ішкі және сыртқы жағдайлардың қолайлығы көмек берді. 1990 жылдары бұрынғы СССР-ден 600 мың кісінің Израильге көшіп келуі құрылыс, өнеркәсіптің кейбір салаларында жедел дамуды қамтамасыз етті. Жоғары мәлімет дәрежесі және экономикалық белсенділікке ие болған жаңа иммигранттар Израильдің көрінісін өзгертіп жіберді.

Дәл қазір көптеген факторлар тұрғысынан мемлекет экономикасы сыртқы қаржылық деректерге күшті байланған (АҚШ әр жылы 3 млрд доллар мөлшерінде міндетсіз көмек көрсетеді) және оның үшін жоғары милитаризация дәрежесі характерлі болды.



Израиль



Ясир Арафат

**XX ғасырдың аяқтарында Палестин проблемасының шешілуі.** 1948 жылы Израиль мен Палестин мемлекетін құру жоспарын араб тұрғындары әділетсіз деп есептеді және қабылдамады. Сол дәуірден бастап палестин халқының өз мемлекетін құру үшін күресі басталды. Бұл күрес араб мемлекеттері және бұрынғы Одақ тарапынан қолдау тапты. Палестин арабтардың күресіне басшылық жасау үшін Палестинді

азат ету ұйымы (бұл ұйым арабша ПАЕӘ атымен атақты) құрылып, оған ұзақ жылдар Ясир Арафат басшылық жасады.

Бірақ тек 1990 жылдарға келіп, Палестин проблемасын шешу мүмкіндігі пайда болды. 1991 жыл қазанда Мадридте Таяу Шығыс бойынша халықаралық конференция жұмыс бастады және онда Палестин делегациясы да қатысты. Кейін Норвегия үкіметінің ұсынысына сәйкес Осло қаласында Израиль мен ПАЕӘ арасында келіссөздер басталды. Келіссөздер нәтижесінде 1993 жылы Израиль және ПАЕӘ бірін-бірі тән алғандығы жарияланды.

**Палестин мемлекетін құру жолындағы алғашқы жетістіктер.** 1993 жылы Вашингтонда Израиль және ПАЕӘ делегациялары Палестин автономиясын құру туралы келісімге қол қойды. Автономияны құру басқышпа-басқыш 5 жыл ішінде жүзеге асырылуы көзде тұтылды.



**1990 жылдардан ...**

**1993 жылы ...**

**1991 жыл қазанда Мадридте ...**

**ПАЕӘ – бұл ...**

Бірінші басқышты жүзеге асыру Газа секторы мен Иордан өзенінің Батыс жағалауын ПАЕӘ-нің автономдық басқаруына беру туралы келісімге қол қоюмен басталды. Бұл келісім Палестин ұйымдарында наразылықты күшейттіріп жіберді және ПАЕӘ-ге бөліну орын алды. Я.Арафат экстремистер тарапынан «сатқын» ретінде өлімге үкім етілді. Радикал ислам бағытындағы ұйымдар – «Хамас», «Джихад» және «Хизбуллах» (бұл ұйымдарға Өзбекстанда тыйым салынған) белсенді болып кетті. Олар түрлі жолдармен келісімді бұзуға әрекет жасады. Соған қарамай, келісім процесі жалғасты.



Исхак Рабин



**1947 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Палестин бойынша резолюция қабылдады.**

**1990 жылдары бұрынғы одақтан 600 мың кісінің Израильге көшіп келуі құрылыс, өнеркәсіптің кейбір салаларында жедел дамуды қамтамасыз етті.**

1995 жылы ПАЕӨ-мен Израиль арасында уақытынша келісімге қол қойылды. Бұл Палестин автономиясын құрудың кейінгі басқышы болып, Иордан өзенінің батыс жағалауындағы көптеген қала мен ауылдар ПАЕӨ қарамағына өткізілді. Палестин автономиясында сайлаулар болып өтті және ПАЕӨ еркіндегі аумақтарды бақылау жасау үшін полиция күштері құрылды.

Бұл келісім Израиль қоғамында да ажырасуды келтіріп шығарды. 1995 жыл қарашада Израиль бас министрі Исхақ Рабин жауыз яхуди тарапынан өлтірілді. Бұл палестиндіктерге жасалған қолдаулардан Израиль қоғамының бір бөлігінің наразылығын көрсететін еді. Сол жылы болып өткен сайлауларда «Ликуд» блогы жеңіске жетті және Палестинге қарағанда қатаң бағыт жақтаушысы болған Биньямин Нетаньяху бас министр лауазымын иеледі.

1996 жыл қаңтарда Я.Арафат басшылығында Палестин заң шығару кеңесі сайланды. Палестин мемлекеттерін құру процесі қиындықпен болса да жалғасты.



**1995 жыл қарашада ...**      **1996 жыл қарашада ...**  
**Радикал ұйымдар ...**  
**Палестин заң шығару кеңесі – бұл ...**

2006 жылы Палестиннің өзіне тән рәмізіне айналған Я.Арафат қайтыс болды. Оның орнына Махмұд Аббас Палестин автономиясының төрағасы мен ПАЕӨ жетекшісі етіп сайланды. 2012 жылы Палестин күзетуші-мемлекет мақамында БҰҰ қызметінде қатысу құқығын алды. Бұл процесс пен М.Аббастың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзі Израиль өкілдері тарапынан наразылықпен қарсы алынды. Соған қарамай, 2017 жылға келіп, Палестинді 140-қа жуық мемлекет тән алды.



**Репатриация** – бұл отанға қайту. Термин, әдетте, әскери тұтқындар, көшірілген тұлғалар, босқындар, эмигранттарға қарай қолданылады. Яхудилердің тарихи отаны болған Палестинге қайтуы да репатриация деп аталады.

**Иммиграция** – тұрғындардың бір мемлекеттен басқасына уақытынша яки үнемі жасау үшін көшіп өтуі.

**Милитаризация** – бұл мемлекет органдарының экономика, саясат пен әлеуметтік саладағы әрекеті болып, ол мемлекеттің әскери құдіретін асыруға бақытталған.



## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Израиль мемлекеті өз тарихының қысқа дәуірі ішінде қандай факторлардың есебіне дамыған мемлекетке айналды?
2. Палестин проблемасының негізгі себептері неде және олар қалай шешілуде?
3. Палестин мемлекетін құру жолындағы негізгі тосқауылдар нелерден құралған еді?
4. Израиль мен Палестин қатынастарына халықаралық саяси жағдайдың ықпалы нелерде көрініс тапты?

### Өзіндік жұмыс



Картадан пайдаланып Израиль мен Палестинге тиісті аймақтарды дәптеріңе ажыратып жаз және өңірлік бөлінуіне өз қатынасыңды білдір.

## 25-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

**XX ғасыр аяғында Латын Америкасы мемлекеттері.** XX ғасырдың аяғына келіп Латын Америкасы өңірінде 34 тәуелсіз мемлекет пен бірнеше тәуелді аймақтар бар еді. XX ғасырдың екінші жартысында болған жедел экономикалық өсуге қарамай, Латын Америкасы мемлекеттері дүние саясатының шет өңірі болып қалуда. Ғасырдың аяғына келіп өңірде әлеуметтік-экономикалық өркениеттің неолиберал моделі алдыңғы орынға шықты. Негізінде бұл модель Августо Пиночет дәуірінде **Чилиде** сәтті жүзеге асырылған еді. Бүгін де Чили тұрақты дамып жатқан мемлекет болып, өңірде жетекші орынды иелейді. Бірақ, жалпы, Латын Америкасы мемлекеттері үшін неолиберал реформалардың нәтижелері қарама-қайшылықты болып шықты. Егер бұл реформалардың бірінші басқышы экономикалық өсуге түрткі болған, модернизацияға көмектескен болса, кейіннен тосқауыл пайда болды, кейбір жайттарда реформалар рецессияға, қожалықты терең түңілушілікке алып келді.



## XX ғасырда Латын Америкасы үшін жалпы болған модернизацияның қандай варианттары бар еді?

Өңірде бірінші болып неолиберал реформалар жолына кірген **Мексикада** 1994 жыл желтоқсанда қаржылық-экономикалық дағдарыс басталды. Мемлекетте әлеуметтік-экономикалық жағдай нашарлады. Осындай жағдайда Мексикадан капиталдың жаппай АҚШ-қа көшуі басталды. ұлттық валюта – песо күрт түсіп кетті, іс-жүзінде ұлттық қаржы жүйесі ізден шықты, 20 мың кәсіпорын күйзеліске ұшырады, мемлекет ЖІӨ-і күрт түсіп кетті.

Мексика дағдарысы 1990 жылдарда Латын Америкасы мемлекетін әлекке салған әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстар шынжырының біріншісі еді. Неолиберал реформалар нәтижесінде өңір мемлекеттерінің сыртқы факторға тәуелді болып қалуы Бразилия мен Аргентина сияқты ең ірі мемлекеттер экономикасына да ауыр соққы берді.

Әсіресе, 1990 жылдары «неолиберал реформа жетістіктерінің көрінісі» болған **Аргентина** экономикасы қатты зиян көрді. 2001 жылы Аргентинада дефолт жариялануы дүние тарихындағы ең ірі банкрот жағдайы болып, Латын Америкасы мемлекеттеріндегі неолиберал тәжірибелерге нүкте қойды және өңірде саяси әрі экономикалық дамудың жаңа дәуірін бастап берді.

Бұл процестердің әсерінде экономикалық курстан наразылық, дәстүрлі партиялар мен олардың жетекшілеріне сенімсіздік жайттары күшейді, қарсылық әрекеті, соның ішінде, радикал көріністегі ұйымдардың (көтерілісшілер, террор ұйымдар, наркомафия) белсенділік танытуы үшін жағдай туылды.

XX ғасырдың 90-жылдарында **Колумбияда** қаруланған сол радикал әрекет реңк алып, олардың әскерлері мемлекет аумағының 40%-ын бақылау жасайтын. 1992 жылы **Перуде** де «Айқын жол» көтерілісші-террорлық ұйымы белсенділік танытты. 1994 жылы Мексикада үнділердің бұқаралық көтерілісі басталды. Үкімет саясатының әлеуметтік салдарына қарсы Аргентина, Мексика, Эквадор және басқа бірқатар мемлекеттерде тұрғындардың бұқаралық шерулері болып өтті.



**Мексика төңкерісі ...**  
**1994 жылы ...**

**1992 жылы ...**  
**2001 жылы ...**



Латын Америкасы мемлекеттері

Әлеуметтік-саяси қатынастарда үнді халықтарының өз құқықтары, өзіне тән мәдениетін сақтап қалу, автономия және жерге болған құқы үшін күресі жеке орынға ие. XX ғасырдың аяғына келіп

үнділер Боливия, Гватемала, Перу, Мексика, Эквадор сияқты мемлекеттер тұрғындарының 25–50%-ын құрайды.

1990 жылдардың бастарында Х.Колумб тарапынан Американың ашылуына 500 жыл толуы кең атап өтілді. Бірақ бұл оқиға аймақ тұрғындары тарапынан бірдей оңды қабылданбады. Таза мәдени проблемалардан тыс неолиберал реформалар нәтижесінде үнді қоғамдарының жерлерін тартып алу жайттарынан наразылық күшейді. Үкіметтердің үнді тұрғындарына қарата алып барған әділетсіз саясаты нәтижесінде өңірдің кейбір мемлекеттерінде үнділердің тәртіпсіз шерулері болып өтті. Бұл әрекет Эквадор, Боливия, Перу, Бразилияда және Мексиканың оңтүстігінде әсіресе бұқаралық реңк алды.

**Латын Америкасы мемлекеттері ХХІ ғасыр бастарында.** Жаңа ғасыр басына келіп Латын Америкасы мемлекеттері өз тарихында бірінші рет диктатураларсыз даму жолына кірді, дерлік барша мемлекеттерде сайлау жолымен үкіметке конституциялық режимдер келді. Өңір мемлекеттерінің шүбәсіз көпшілігінде өзіне тән ерекшелігі кеменгерлік және популизм болған саяси жүйе мен президенттік басқаруы орнатылды.



**«Неолиберал реформа жетістіктерінің шығуы» ...  
1992 жылы ...  
1990 жылдардың бастарында ...**

XX ғасыр аяғынан бастап тұрғындардың дәстүрлі партияларға сенімі сөніп барды және мұның нәтижесінде ХХІ ғасыр басында Бразилия, Перу, Венесуэла, Эквадор сияқты мемлекеттерде билікке жаңа, тәуелсіз деп аталып жатқан кандидаттар келді.

XX ғасырдың аяғы–ХХІ ғасыр бастарында өңірдегі мемлекеттер саяси өмірінің басқа бір характерлі тұсы коммунистік партиялары өз абыройын жоғалтуы болды. Бұл, әлбетте, дүниеде болып жатқан глобалды процестермен байланысты еді.

1959 жылғы төңкерістен кейін өзіне тән коммунистік саяси режим қалыптасқан Кубада да осындай процестер болды. Социалистік жүйе жойылғаннан кейін Куба сыртқы материалды-техникалық және қаржылық көмектен айрылды, бұл бірінші кезекте, тұрғындардың жағдайына кері ықпал жасады. Бірақ бұл қиыншылықтарға қарамай, ХХІ ғасырда да Куба әлеуметтік мемлекет болып қалуда.

XXI ғасырдың бастарында Латын Америкасы мемлекеттерінде интеграциялану процестері күшейді. Бұл процестердің негізгі бағыты өңірлік еркін сауда зоналарын құру болды. Болашақта Солтүстік және Оңтүстік Америка деңгейіндегі еркін сауда зоналарын құру, сауда және өнеркәсіпті өркендету көзделген.

Бірақ ірі жоспарлар және үлкен мүмкіндіктерге қарамай, бұл мемлекеттер, қажет болса Бразилия мен Мексика сияқты гиганттар да бүгін глобалды саяси және экономикалық проблемаларды шешу процесінде арзитардай ықпалға ие емес. 2008 жылдан өңірдегі ең ірі үш мемлекет–Бразилия, Мексика және Аргентина G-20 («Үлкен жиырмалық») абыройлы клубына мүше болса да, дүние саясатында әлі үлкен рөл атқармайды. Соған қарамай, бұл мемлекеттер үлкен болашақты мүмкіндіктерге ие. Мәселен, Мексика 1994 жылы Солтүстік Америка еркін сауда зонасына кірді және 1994 – 2010 жылдары Мексикаға енгізілген Шетел инвестициялар мөлшері төрт рет өсті. Соның 75 %-ы АҚШ үлесіне тура келеді. Егер жақын өту кезеңінде экспорттың негізін мұнай құраған болса, қазір Мексика экспортының 80%-ын кәсіпорын өнімдері құрайды.



**XXI ғасыр басында Бразилия, Перу, Венесуэла, Эквадор үкіметіне жаңа, тәуелсіз кандидаттар келді. 1994 – 2010 жылдары Мексикаға енгізілген шетел инвестицияларының мөлшері төрт рет өсті.**

Бразилия бүгін дүниенің ірі экономикаларының бірі, жедел дамып жатқан Қытай, Үндістан, Оңтүстік Африка Республикасы және Ресеймен бірге БРИКС ұйымының мүшесі есептеледі. Бразилия XXI ғасырда Латын Америкасының тән алынған жетекшісіне айналу, АҚШ-тың тұрақты әсерінен бүтіндей құтылу және БҰҰ ХК-ның тұрғылықты мүшелерінің бірі болу сияқты дүниежүзілік міндеттерді қойып, соған ұмтылуда.

Айтқан жөн, Латын Америкасы мемлекеттері XX ғасырда өз алдына қойған күрделі проблемаларды толық шеше алмады, Бірақ мұның жолдарын іздеуді жалғастыруда. XXI ғасырда бұл проблемалар өз шешімін қалай табуын өмір көрсетеді.



**Популизм** – сараланған азаматтардың қажеттіліктерін емес, халық бұқарасы қажеттіліктеріне қаратылған саяси позиция яки сөйлеу формасы.

## Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Дамудың неолиберал жолы Латын Америкасы мемлекеттері үшін қандай маңызға ие және қандай проблемаларды келтіріп шығарды?
2. XX ғасыр аяғына келіп Латын Америкасы мемлекеттерінің АҚШ-пен қатынастарында қандай модельдер қалыптасты?
3. XX ғасыр ақырынан бастап Латын Америкасы мемлекеттерінде дәстүрлі саяси партияларға тұрғындар сенімінің сөніп баруына қандай процестер себеп болды?
4. Латын Америкасының ірі мемлекеттері XXI ғасырда қандай мақсаттарын алдына қойып дамуда?

### Өзіндік жұмыс



Интернет негізінде Латын Америкасы мемлекеттеріне виртуал саяхат ұйымдастыр және тақырыпта үйренілген материалдар негізінде тарихи болмысты талда.

## 26-ТАҚЫРЫП. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА АФРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІ

**Солтүстік Африка.** Солтүстік Африка мемлекеттеріне Мысыр, Судан, Ливия, Израиль, Тунис, Марокаш, Мавритания және Батыс Сахара кіреді.



### 5-Панафрика конгресі қашан болып өтті?

**Мысыр** цивилизациялық тұрғыдан көбірек Шығыс Жерорта теңізіне тиісті болса да, Африканың араб мемлекеттері өмірінде үлкен рөл атқарады. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасыр бастарында Мысыр экономикалық дамуда, ауыл шаруашылығы, мәдениетте үлкен жетістіктерге қол жеткізді, дамыған туристік индустриясын жаратты, мемлекеттің валюта қоры тоқтаусыз артып барды. Бұл жетістіктер Мысырға араб және мұсылман дүниесінің жетекшісі болу мүмкіндігін берді.

Бірақ 2000 жылдарға келіп, Мысырда да ислам фундаментализмі белсенді болып қалды. Олардың сығымы астында Мысыр президенті Хусни Муборак 2011 жылы қызметтен кетті. Содан кейін болып өткен президенттік сайлауларында «Мұсылман ағалар» радикал ұйымынан кандидат Мұхаммед Мурси жеңіске жетті. М.Мурси мемлекет президенті «төңкеріс қорғанына бағытталған әрқайсы декретті» қол қоюы және ол сотта бас тартуы мүмкін еместігін белгілеп қойды. Бұл әрекеті үшін оппозицияшылар М.Мурсиді үкіметті иелеп алуда, диктатураны тіктеуде айыптады. Армияда наразылық басталды. Нәтижеде 2013 жылы М.Мурси әскерилер тарапынан аударылды және қамауға алынды. Үкіметке қорғаныс министр генерал Абдул Фаттах ас-Сиси келді. Ол 2014 жылы болып өткен сайлауларда Мысыр президенті етіп сайланды.

«Мұсылман ағалар» террор ұйымы деп жарияланды, оның белсенділері қатағанға ұшырады. М.Мурси мен ұйымның тағы бір-қатар белсенділері өлім жазасына бұйырылды.

Бірақ Мысырда террорлық қатер жоғарылығынша қалуда. 2017-жыл 24-қарашада ИШИМ құрамына кіретін «Облыс Синай» террор ұйымы өкілдері Синай жартыаралындағы мешітте жұма намазы кезінде жарылыс ұйымдастырып, намаз оқитындарға қарсы автоматтардан оқ атты. Нәтижеде 235 адам, соның ішінде балалар қайтыс болды, 100-ден астам адам жарақаттанды.

**Судан** XX ғасыр аяғы–XXI ғасыр бастарында аймақтың ең нашар мемлекеті болып қалуда. Мемлекет тұрғындарының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Өнеркәсіпорын өте әлсіз дамыған, мемлекет тұрғындарының тек 5%-ы бұл салада істейтін еді.

Суданның шекарасы отарлық дәуірінде жасанды бөлінген болып, бұл көптеген этно-конфессионалды проблемаларға себеп болып келуде.

**Ливияда** М.Каддафийдің ұзақ үстемдігі дәуірінде мұнайдан алынған пайда ірі әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру мүмкіндігін берді. Ливиялықтар Солтүстік Африкада ең қамтамасыз етілген тұрғындарға айналды.



### **Солтүстік Африка мемлекеттері – бұл ...**

**2011 жылы ...**

**2013 жылы М. Мурси ...**

Бірақ сыртқы саясатта М.Каддафий билігі төңкерісшіл және террор ұйымдарына, әсіресе, ислам діні жалауы астында әрекеттенушілерге көмек көрсетті. М.Каддафийдің аты бірқатар террорлық

акттермен байланысты болды және бұл халықаралық қоғамның наразылығына себеп болды.

2011 жылы Ливияда да үкіметке қарсы көтерілістер басталды. Көтерілісшілер уақытынша үкімет құрып, көмек сұрап НАТО-ға қайрылды. НАТО күштері Ливияны талқандады, М.Каддафий өлтірілді, бірақ түрлі топтар арасында қақтығыстар тоқтамады. 2016 жылы мемлекетте азаматтар соғысы басталып кетті. Бұл соғыста түрлі діни ұйымдар қатысуда. Соғыс Ливияны экономикалық апат жағасына алып келді. Миллиондаған адамдар мемлекетті тастап, қашқынға айналды.



Африка мемлекеттері



Аймақтың Израиль, Тунис, Марокаш және Мавритания сияқты мемлекеттерінде да осы дәуірде пайда болған көтеріліс пен төңкерістер күрделі көрініске, көбінесе діни негізге ие болып, бұл қоғамдардың модернизацияға мұқтаждығын көрсетуде.

**Тропикалық және Оңтүстік Африка.** 1990 жылдары Тропикалық және Оңтүстік Африка мемлекеттерінде де қажетті және өте күрделі өзгерістер болды. Бұлар Африка мемлекеттерінің өзіндегі даму тенденциялары және бүкілдүние мәніне ие болған оқиға—«суық соғыстың» аяқталуымен байланысты еді. Екі қарама-қарсы блоктар арасында Африкаға әсер үшін күрес аяқталды.

Африка мемлекеттерінде демократияландыру тенденциялары, азаматтық қоғамын құруға ұмтылу пайда болды. Бір партиялы жүйедегі мемлекеттердің көпшілігі көп партиялы жүйеге өтті. Бағдарламасында марксизм-ленинизм туралы ереже сақталып қалып жатқан билеуші партиялар бұл ережелерден жалтарды, марксизмге сенімді қалған **Эфиопиядағы** Менгисту Хайле Мариям билігі 1991 жылы аударып тасталды.

Бірақ бұл процестер өңірдегі саяси жағдайды шиеленістіріп жіберді. 1989 жылы **Либерияда** этникалық негізде басталған азаматтар соғысы көптеген құрбандар мен 1 млн тұрғындардың көрші мемлекеттерге жаппай қашуына алып келді. Мемлекет күйреген жағдайға келді. Тек либерияға халықаралық әскери күштерді кіргізу жағдайды біраз тәртіпке келтірді.

**Серра-Леонеде** де әскери төңкерістер және қарулы қақтығыстар азаматтар соғысына алып келді. Тек БҰҰ-ның араласуы шиеленісті біраз жұмсатты, бірақ мемлекет экономикасы қиратылған еді.


**Руанда және Бурундида** да қанды проблемалар болып өтті. 1990 жылдар орталарына келіп тутси және хуту халықтары арасындағы күрес шиеленісіп, геноцитке алып келді. Нәтижеде Руанданың 1 млн-ға жақын тұрғындары қайтыс болды, Бурундида 1 млн-ға жуық адам қашқынға айналды.

1997 жылы **Конго Демократиялық Республикасында** Мобутунның диктаторлық режимі аударылды. Бірақ жаңа үкімет ұзақ жылдар барысында жиналып қалған әлеуметтік-экономикалық ыдырауын жеңіп, этникалық қарама-қайшылықтарды жұмсата алмады. БҰҰ Конго Демократиялық Республикасын Дүниенің ең кедей мемлекеті деп тән алды.

Конго дағдарысына Африкадағы қатар мемлекеттер: Оңтүстік Африка Республикасы, Ангола, Намибия, Уганда, Руанда, Зимбабве

да ол яки бұл дәрежеде үлес қосты. Олардың баршасы қақтығысты тыныш жолмен шешу туралы мәлімдеме берсе де, бір тобы Орталық үкіметті, басқалары көтерілісшілерді қолдады.

Қазіргі күнде кедейлік және коррупциямен бірге мемлекеттің ең үлкен проблемаларының бірі гендер теңсіздігі болып калуда. Әйелдерге қарата зорлық қарапайым жағдай болып, ең қорқыныштысы, тұрғындардың үлкен бөлігі мұны қарапайым жағдай ретінде қабылдады. Басқа бір проблема Африка мемлекеттерінде заманауи құлдықтың сақталып қалғандығында. Әсіресе, балалардың құлдық жағдайы дүние қоғамын әлекке салуда. Бүгін Африка мемлекеттерінде миллиондаған балалар құлдық жағдайында өмір сүріп жатыр.



Гендер теңсіздік картасы: жасыл түр-гендер теңсіздіктің төмен дәрежесі; қызыл түс-гендер теңсіздіктің жоғары дәрежеде



**2011 жылы Ливияда билікке қарсы көтерілістер басталды.**

**2014 жыл Мысырда болып өткен сайлауларда Абдул Фаттах ас-Сиси мемлекет президенті болып сайланды.**

Бұл сияқты қасіреттер Тропикалық және Оңтүстік Африканың үлкен бөлігіндегі жағдайды көрсетеді. Әлеуметтік-экономикалық дағдарыс барған сайын күшейіп барды. Тұрғындар өсу дәрежесінің жоғарылығы жұмыссыздық проблемасын одан әрі шиеленістірді.

Дүние базарында Тропикалық және Оңтүстік Африка шикізатына болған талаптың азаюы аймақ мемлекеттері экономикасына үлкен соққы болды. Африканың көптеген мемлекеттерінде тұрғындардың жан басына жылдық пайда 1960 жылдағыдан да төменге түсіп кетті. Тек ХХІ ғасыр бастарында оң жаққа өзгеріс басталды. Бірақ ХХІ ғасырда африкалықтар алдында үлкен проблемалар тұрғандығы анық. Бұлардан ең үлкені демографиялық проблема. Кедейлік, аянышты ауруларға қарамай, ХХІ ғасыр бастарында Африканың көптеген мемлекеттерінде тұрғындардың жылдық өсуі өте жоғары. БҰҰ-ның есебіне сәйкес, Африка тұрғындары 2050 жылға келіп 2 млрд кісіге жетеді. Бұл жана ғасырда Африка өте үлкен проблемалар алдында тұрғандығынан дерек береді.



**Этно-конфессионалды проблема** – бұл этникалық проблеманың формаларының бірі болып, онда этникалық қарсылық діни қарсылықпен қосылып кетеді.

**Гендер теңсіздігі** – бұл әлеуметтік жүйенің қажетті белгісі болып, оған сәйкес түрлі әлеуметтік топтар, дәл қазір ерлер мен әйелдердің қоғамдағы мүмкіндігі бір-бірінен **күрт** ерекшеленеді.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. ХХІ ғасыр басына келіп Мысырдың саяси өмірінде ислам фундаментализмі қандай рөл атқарды?
2. ХХ ғасыр аяғы – ХХІ ғасыр бастарында Ливия және басқа Солтүстік Африка мемлекеттеріндегі көтеріліс пен төңкерістер қандай жағдайларға алып келді?
3. «Суық соғыстың» аяқталуы Африка мемлекеттерінде қандай процестерді келтіріп шығарды?
4. ХХІ ғасырда Африка мемлекеттері алдында қандай өзекті проблемалар тұр?

### Өзіндік жұмыс



Африка мемлекеттері өркениетіндегі проблемалар мен жетістіктер мәселесін Т-сызба негізінде талдау жасап дәптеріңе жаз.

### III ТАРАУ. ЖАҢА МЫҢЖЫЛДЫҚ БАСТАРЫНДА ДҮНИЕ ЦИВИЛИЗАЦИЯСЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

#### 27-ТАҚЫРЫП. XX ҒАСЫР АЯҒЫ–XXI ҒАСЫР БАСТАРЫНДА ЖАҢАНДАНУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ӘСКЕРИ, ЭКСТРЕМИСТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

**Жаһандану проблемалары.** Жаһандану (globus – Жер шары) дегенде бүкілдүние экономикалық, саяси және мәдени интеграциялануы және унификациялану процесі түсініледі. Жаһандану объективті және жүйелі процесс болып, қоғам өмірінің барша салаларын қамтып алуға.

Экономиканың жаһандануы нәтижесінде экономикалық дамулар мен ыдыраулар бүкіләлемдік деңгейінде глобалды характерге ие болып баруда. Заманауи ақпарат жүйелері қаржы капиталына өте тез әрекеттену, қаржы базарларан тоқтаусыз қызмет жүргізу мүмкіндігін жаратты.



Жаһандану – бұл батыстану ма?

Мәдени салада жаһандану процесі қарама-қайшы нәтижелерге де алып келуде. Бір жақтан, мәдени жаһандану процесінде Интернет, халықаралық туристік, кинофильмдер, кітаптар және шығармашылық еңбектің басқа өнімдері үлкен рөл атқарады. Басқа тараптан, көбінесе сапа оншалықты жоғары болмаған халықаралық мәдени оқиғалардың бұқаралануы, ұлттық мәдениеттердің дамуы үшін қауіп сала бастады. Мәселен, қазір «бұқаралық мәдениет»

деп аталып жатқан процесс осындай кері жағдайларға ие болған оқиғалардың бірі.



**1927 жылда Нью-Йоркте көрсетілген бірінші дауысты кино қалай аталады?**

Жаһандану – бірдей бағалануы мүмкін болмаған өте күрделі процесс. Бұл процесте әрбір халық өз орнын иелеуге, өздігін сақтап қалуға ұмтылуда. Азия мен Африкадағы дәстүрлі цивилизациялардың батыстану процесі өте күрделі өтуде. Бұл қоғамдарда Батыстың құндылықтар жүйесін, оның дәстүрлі қоғамдар рухани-ақылақтық негіздеріне қайшы болған мөлшерлерді сөзсіз және толық қабылдаудың жақын ғасырлар ішінде лажы жоқтай түйіледі. Керісінше, Қытай және Үндістан сияқты мемлекеттердің дүние экономикасы, саясатындағы рөлінің артып баруы бұл қоғамдар рухани-ақылақтық құндылықтарының да дүние майданына шығуына алып келуі, бұл Батыс қоғамында барған сайын тереңдесіп бара жатқан рухани төңкеріс жағдайынан шығып алу мүмкіндігін беруі мүмкін.



**«Бұқаралық мәдениет» – бұл ...  
Жаһандану – бұл ...  
Дәстүрлі цивилизациялардың батыстануы ...**

**Әскери қауіп-қатерлер.** ХХ ғасырдың 50-жылдарында дүниенің бір топ атақты ғалымдары ядро қаруын бұқаралық қолдау цивилизацияның толық жойылуына алып келеді, деген ескертулермен шықты. Шындығында, ядро қаруы барша табиғи апаттарға қарағанда да көбірек жою құдіретіне ие. Бұл қарудың пайда болу кесірінен тарихта алғаш рет адамзаттың өзін-өзі жою қаупі пайда болды. Қазірде цивилизацияны міндетті түрде апатқа алып келуі үшін Жер шарында жиналған ядро қаруларының 1%-ын қолдау жеткілікті екен. Дәл қазір адамзат үшін әскери қауіп-қатер ХХІ ғасырда да жойылмады. АҚШ және Ресей сияқты жетекші ядролық мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылық және сенімсіздік сақталып қалады екен, ядро соғыс қаупі де жойылмайды, адамзат мұндай соғыс қаупінен құтылмайды. Сондай-ақ дүниеде ядро қаруына яки оны тез жарату мүмкіндігіне ие мемлекеттер санының ұдайы артып баруы да адамзат үшін үлкен қауіп болып қалуда.

Химия және ген инженерлігінің жетістіктері салдарынан химиялық әрі бактериологиялық қаруларды жетілдіру мүмкіндіктері де адамзатты әлекке салуда. Мұндай қаруларды жаратудың дерлік арзандығы, бақылаудың күрделілігі, көптеген адамдарды жою мүмкіндігі бұл қарулардың кіші қақтығыстар ошақтарында пайда болу қаупін асыруда.

**Экстремизм және терроризм.** Заманауи қоғамның көптеген проблемалары арасында кейінгі кезде бір-бірімен тығыз байланысты екі проблема—экстремизм мен терроризм жеке орын тұтады. Экстремизм және терроризм адамзаттың әлеуметтік құндылықтарына үлкен зиян жеткізеді, қоғамда адамның қорғалмағандық сезімін аяқ-асты етеді.

Экстремизм—бұл әлеуметтік-саяси, діни, ұлттық мақсаттарға тыйым салынған әдістер арқылы жетудің теориясы және практикасы. Тыйым салынған әдістер дегенде адам құқығы мен еркіндіктеріне заңда тыйым салынған күш жұмсау, зорлық жолымен қорқыту түсініледі.



Терроризмнің аянышты көрінісі

Экстремист өзінің саяси, діни яки басқа әлеуметтік қауіпті идеяларының хақтығына сенген және оларды адамдар, әсіресе, жастар санасына сіндіру үшін әрекет ететін «идеялық» қылмыскер. Бүгін өзінің тақуа идеяларын дәлелдеу және оларды қоғамның негізіне айналдыру үшін әрекет етіп жатқан, өз қызметі барысында қорқынышты адамгершілікке қарсы әдістерден пайдаланып жатқан бұл топтар осындай экстремисттер болып табылады.

Экстремизмнің ең қауіпті формасы терроризм. Терроризм – бұл мемлекет үкіметі және жергілікті басқару органдары әрі халықаралық ұйымдардың қаулылар қабылдау процесіне тұрғындарды қорқыту яки заңға қайшы басқа әрекеттермен байланысты зорлық арқылы әсер ету идеологиясы мен практикасы. Яғни террорлар ешнәрсемен шекараланбаған жабайылық, мәселен, тұрғындар топталған жерде жарылуды болдыру, бұқаралық дарға асып өлтіру сияқты әдістер арқылы саяси билікке ұмтылады. Олар қазірде әсіресе діни пердеден кең пайдалануда. Мәселен, «Аль-Каида», ИШИМ сияқты ислам дінін перде етіп алған террор ұйымдар бүгін дүниенің ең үлкен экстремистік және террорлық қаупіне айналды. Бұл қауіпті білмейтін яки аяғына дейін түсініп жетпеген адамдар, әсіресе, жастар террорлар торына ілініп қалуда. Экстремистік идеялардың жайылуында Интернет және басқа заманауи ақпарат құралдары да белгілі кері рөл атқаруда.

Таяу Шығыстағы жағымсыз жағдай, ол жерден он мыңдаған босқындардың Еуропаға ұмтылуы бүкіл дүниеде терроризм қаупін күрт асырды. Ең қауіптісі, заманауи адамдарға жат болған қорқынышты және абыржыған бүкіл әлемді қамтуда.

**Табиғи ресурстар проблемасы және биосфераның ластануы.** Жер шарындағы өмірге қорку салып жатқан қауіптердің тағы бірі адамның істеп шығару қызметімен байланысты. Адам істеп шығару қызметінің Жер биосферасына кері әсері күн сайын артып баруда. Кейінгі жылдарда планетамызды күннің радиоактив нұрларынан қорғап тұрған озон қабаты бұзылуда. Нәтижеде адамдардың рак ауруына шалдығуы, жануар және өсімдіктердің ауруға шалдығу қаупі артуда. Атмосфераға иіс газдарының көптеп шығарылуы глобальды ауа-райы өзгеруі процесін бастап берді. Нәтижеде планетамызда ауа-райы жыл сайын артып баруда. Болашақта полюс мұздықтары, Гренландия және Антарктида мұз қабаттарының еруі, дүние мұхиты деңгейінің көтерілуі, жағалаудағы жүздеген қалаларды, кең өнімді жерлерді су басуы күтілуде.

Өзбекстанда шешілуі шарт болған осындай ең үлкен проблема – бұл Арал теңізі проблемасы. Соңғы қырық жыл барысында Арал теңізі бассейні күрт қысқарды, су көлемі азайды, ал оның минералдануы ондаған есе артып, теңізді тірі организмдердің жасауы үшін жарамсыз жағдайға келтірді. Бүгінге келіп, теңіздің 90 %-ынан артығы құрып болған. Мұндай бейне Арал бойы

тұрғындары, әсіресе, балалардың денсаулығы, ұлт генефоны, қоршаған-орта тазалығына шынайы зиян жеткізуде.

Соңғы дәуірде Жер шары тұрғындарының үлкен бөлігі жиналған қалаларда адам өткеніне қарай едәуір үлкен ақпарат әсеріне ұшырауда. Нәтижеде жүйке-психологиялық, рак және жүрек-қан тамыр аурулары көбейіп баруда. Жүз жылдардың барысында қалыптасқан тұрмыс салтындағы өзгерістер, әсіресе, заманауи қолайлықтар нәтижесінде әрекеттің азаюы да адам денсаулығына кері әсер етуде.



Ұлы газдар – адамзаттың глобал проблемасы

Әлбетте, жоғарыда келтірілген адамзат шешуі қажет болған проблемалардың баршасын қамти алмайды. Олардың кейбіреулері, мәселен, адамзаттың рухани дағдарысы, ақылақтық бұзылу сияқты проблемалар өте күрделі болып, олардың шешілуі Жер шарында адамзатты сақтап қалу және кейінгі дамуын қамтамасыз ету үшін төтенше қажетті есептеледі. Сол сияқты адамзат алдында қоғам және табиғат арасындағы тепе-теңдікті тіктеу, экологиялық, технологиялық және әлеуметтік процестерді сәйкестендіруі, әлеумет-



тік қауырттылықты жою және нәтижеде адамзат цивилизациясын сақтап қалудай дүниежүзілік күрделі міндет тұрыпты. Бұл проблемаларды шешу адамзаттан, ең алдымен, ынтымақтастық пен татулықты талап етеді.



**Унификация** – бұл бір жүйе яки формаға келтіру.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Саяси, экономикалық және мәдени салалардағы жаһандану процесі неде көрінеді?
2. Қоршаған-орта және адам салауаттылығының нашарлауына қандай факторлар себеп болуда?
3. Экстремизмнің идеялық қаупі қандай көріністерде көрініс табады?
4. Заманауи тақуа діни топтардың экстремистік қаупі неде?
5. Не үшін терроризм экстремизмнің ең қауіпті түрі есептеледі?
6. Табиғи ресурстардың азаюы және атмосфераның ластануы адамзат алдына қандай проблемаларды қоюда?

### Өзіндік жұмыс



«Экстремизм мен терроризм – өркениет құлдырауы» тақырыбында презентация дайында және видеоролик көрінісінде үйірме жаттығуында көрсет.



Интернет көмегінде дүниеде табиғи ресурстар проблемасы мен биосфераның ластануы мәселесін талдау жаса. Аталмыш проблемалардың шешімдерін дүние тәжірибесінде қалай шешілуін дәптеріңе жаз

## 28-ТАҚЫРЫП. XX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ–XXI ҒАСЫР БАСТАРЫНДА ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ЭТНО-ӘЛЕУМЕТТІК ПРОБЛЕМАЛАР

**Тұрақты қауіпсіз даму проблемалары.** Тұрақты даму – бұл экономикалық және әлеуметтік өзгерістер процесі болып, онда табиғи ресурстардан пайдалану, инвестицияларды бағыттау, ғылыми-техникалық өркениеттің бағытын белгілеу, тұлғаның дамуы және институционалды өзгерістер бір-бірімен сәйкестендіріледі, адам қажеттіліктері мен ұмтылуларын қандыру үшін бүгінгі және болашақты мүмкіндіктер күшейтіледі. Бұлардан мақсат, әлбетте, адамдардың сапалы жасау дәрежесін қамтамасыз ету.



**Біріккен Ұлттар Ұйымы қандай мақсатта құрылған?**

Адамзаттың тұрақты қауіпсіз дамуы көп тұрғыдан халықаралық қатынасқа да байланысты. Өнеркәсіптің энергия және ресурстар жұмсалуды азайтушы жоғары технологияларға негізделген постиндустриалды жүйеге өткізу қазіргі цивилизация міндетіне түсіп жатқан жүкті едәуір азайтуы мүмкін. Мәселен, кейінгі 50 жыл ішінде ғылымның жетістігі нәтижесінде дүниеде жанармай жұмсалудың күрт азаюы табиғаттан артық байлықтарын алмай, қоршаған ортаны ластамай жоғары технологиялар негізінде өнім алу мүмкіндігін дәлелдеді.

Табиғатты қорғау бойынша жеке мемлекеттер тарапынан алып барылып жатқан шаралармен бірқатарда, бұл саладағы халықаралық қатынас та дамуда. Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты өркендеу бойынша 1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында өткізілген конференцияда XXI ғасырдағы әрекет, атап айтсақ, бүкіл адамзат үшін тұрақты-қауіпсіз даму концепциясын істеп шығу бағдарламасы қабылданды. Дүниенің жетекші мемлекеттері азон қабатын қиратушы заттарды атмосфераға шығаруды азайту және кейіннен мүлдем тоқтату міндетін алды. Ядро технологияларынан пайдаланушы мемлекеттер атом электростанциялары қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына мойынсұнуда.

Соған қарамай, глобалды, бүкіләлем шеңберінде тұрақты-қауіпсіз өркендеу моделіне өту проблемасын шешу үшін қазірше жағдай

жаратылған емес. Бірақ адамзат осы бағытта дамуда, ынымақтастық жасауда жалғасып келуде. Бұл адамзаттың ертеңгі күніне сенімін нығайтады.



Қоршаған ортаның ластануы дәуіріміздің ең өзекті глобалды проблемасына айналуға

**Нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітуге қарсы күрес.** Қоғамдағы нәсілдік шиеленісті жұмсатуға қаратылған шаралар этникалық азшылықтың тең құқықтарын, атап айтқанда, әлеуметтік саладағы құқықтарын нығайтуға қаратылған заңдар қабылдануын өз ішіне алады. Осындай заңдар алғаш СССР-де, АҚШ және Батыс Еуропа мемлекеттерінде қабылданды. Әсіресе, Еуропада нәсілдік кемсітуге қарсы заңдарды нығайтуға қаратылған шаралар жүзеге асырылды.



**Нәсілшілдік кемсіту – бұл ...**  
**Атом электростанциялары – ...**  
**Тұрақты қауіпсіз даму концепциясы – бұл ...**



Дүние халықтары нәсілшілдікке қарсы

Этникалық азшылықтың әлеуметтік проблемалары мен саяси атағына азаматтық қоғамының мемлекеттік болмаған жүйелері әсіресе, үлкен көңіл бөлді. Мәселен, кәсіподақ ұйымдарында этникалық азшылық өкілдері мүдделерін көрсететін бөлімдер пайда болды. Жетекші саяси партиялар да этникалық азшылық өкілдері үшін өз бөлімдерін ашты. Парламентке, жергілікті билік органдарына этникалық азшылық өкілдерінің кандидаттары көрсетілді. 1987 жылы Ұлыбританияда алғаш бар топ палатасына этникалық азшылық өкілдерінің төрт шақтысы сайланды. Кейін кара денелі Дэвид Динкинс Нью-Йорк қаласы мэрі, афро-америкалық Барак Хусейін Обама АҚШ президенті, келіп шығуы белудждардан болған Садық Омонхон Лондон қаласының мэрі етіп сайланды.

Бірақ 2015 жылы АҚШ-тың бірнеше қалаларында полицияшылар мен нәсілшілдер тарапынан кара денелі америкалықтардың өлтірілуі артынан президент Б.Обама АҚШ үшін нәсілшілдік әлі де өзекті проблема екендігін тән алды.

**XX ғасыр аяғы–XXI ғасыр бастарындағы этно-әлеуметтік проблемалар.**

XX ғасыр аяғына келіп үлкен материалды ресурстарға ие болмаған мемлекеттер де этно-әлеуметтік проблемалармен қақтығыса басталды. Дегенмен, XXI ғасырда этно-әлеуметтік проблемалар өткен ғасырдағы сыныптық күрестерге қарағанда да байыпты проблемалар көзі болуы бүгінгі оқиғалар көрсетуде.



Ұлтаралық ынтымақтастық – этникалық проблемалардың алдын алудың тиімді жолы

Дүниеде тұрғындары 1 миллионнан астам болған 164 мемлекеттің жартысынан кемі шамамен бір ұлтты, яғни негізгі тұрғындары бір ұлтқа тиісті мемлекеттер. Қалған мемлекеттер көп ұлтты есептеледі.

Тұрғындардың көп ұлтты құрамы осы мемлекетте этно-әлеуметтік проблемалар келіп шығуын анық етіп қоймайды. Көпұлтты мемлекеттер, мәселен, Өзбекстанда түрлі ұлттардың тыныштату жасау дәстүрі қалыптасқан. Бірақ дүниенің кейбір территорияларында этникалық проблемалардың шиеленісуі болуда. XX ғасырдың 80-жылдарының аяғына келіп, пайда болған жалпы әскери проблемалардың жартысынан көбі бір мемлекет ішкерісінде, этносаралық проблемалар еді. Сол кезде бұл проблемалардың негізгі алаңы Азия және Африка мемлекеттері болды.

Бірақ СССР-дің таралып кетуімен оның бұрынғы аумағында ондаған этносаралық шиеленіскен ошақтары жүзеге асты. СССР-де ұлттық-өңірлік шекаралану өткізілген XX ғасырдың 20-жылдарында советтік республикалары арасындағы шекараларды белгілеуде этникалық фактор жақсы ескерілмеген, нәтижеде көптеген тұрғындар өз ұлттық республикалары аумағынан сыртта қалып кеткен. Бұл проблема әсіресе Күнгей Кавказ республикалары мен Орталық Азияда СССР құлағаннан кейін жеке дара сезіліп қалды. Бұл өңірлерде көптеген этносаралық проблемалардың келіп шығуына себеп болды.



**1992 жылы Рио-де-Жанейро қаласында қоршаған ортаны қорғау және тұрақты өркендеу бойынша конференция өткізілді.**

**Қара денелі Девид Динкинс Нью-Йорк қаласы мэрі, афро-америкалық Барак Хусейін Обама АҚШ президенті, келіп шығуы белудждардан болған бұрынғы Омонхан Лондон қаланың мэрі етіп сайланды.**

Советтік дәуірінде барша республикалардың өнеркәсіп әлеуеті бірдей дамытылмағандығы да СССР ыдырағаннан кейін бірқатар этно-әлеуметтік проблемалар көзіне айналды. Әсіресе, 2000 жылдардан бастап бұрынғы советтік республикаларынан еңбек босқындарының жаппай Ресей Федерациясына келуі бұл жерде этно-әлеуметтік жағдайды шиеленістіріп жіберді.

Сонымен, ХХ ғасырдағы өте үлкен саяси және әскери қақтығыстардың өнімі болған этно-әлеуметтік проблемалар ғасыр аяғында Еуропада пайда болған саяси дағдарыстар, СССР мен социалистік лагерьдің таралып кетуі нәтижесінде одан әрі күшейді. ХХІ ғасырға келіп, адамдарды нәсілдік және дінге тиістілік негізінде кемсітулер азайған болса да, әлеуметтік теңсіздік, миграция процестерімен байланысты проблемалар әлі де сақталып қалуда.



**Институционалды өзгерістер**—бұл әлеуметтік-экономикалық өркениеттің құрамдық бөлігі болып, әлеуметтік институттардағы даму және өзгерістерде көрініс табады.

**Потенциал**—бұл қайсы бір сала бар барша мүмкіндіктер, құралдар жиынтығы кең мағынада «қор» құралдары.

**Нәсілшілдік**—бұл нәсілдердің тең еместігі, «Жоғары» нәсілдердің «төмен» нәсілдер үстінен билік етуі туралы ғылыми болмаған, реакцияшыл теория.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. Этно-әлеуметтік проблемалар дегенде нені түсінесің?
2. Миграциялық процестер этно-әлеуметтік қатынастарға қалай әсер етеді?
3. Нәсілшілдік және нәсілдік кемсіту дегенде нені түсінесің?
4. Этно-әлеуметтік қатынастарға миграциялық процестердің әсері нелерде көрініс табада?

5. СССР ыдырағаннан кейін бұрынғы советтік республикаларында этносаралық проблемалар келіп шығуының қандай себептері бар еді?

### Өзіндік жұмыс



«Нәсілдік кемсітулерге қарсы күрес» және «Этно-элеуметтік проблемалар» түсініктерін салыстырмалы талдау жасау негізінде олардың формаларын дәптеріңе жаз.

## 29-ТАҚЫРЫП. XX ҒАСЫР АЯҒЫ–XXI ҒАСЫР БАСТАРЫНДА ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУ. ПӘН, ӘДЕБИЕТ, ӨНЕР


**ҒТТ және оның нәтижелері.** XX ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми-техникалық төңкеріс кейінгі жүз жыл барысында пән дамуының заңды нәтижесі болды. Бұл төңкерістің негізгі белгілері табиғи және синтетикалық материалдардан өнімдерін жаппай істеп шығару, машиналардан кең пайдалану, істеп шығарудың конвейерлі линияларын, зауыт-автоматтарды және өнеркәсіп роботтарын жарату болды. ҒТТ дүниенің жетекші мемлекеттерін цивилизацияның индустриалды басқышынан постиндустриалды дәуіріне алып шықты.



**Интернеттің өткендегі Арпанет қашан ойлап табылған?**

Ақпарат және жаңа технологиялардың жедел дамуы, XX ғасырдың кейінгі 30 жылында пайда болған жаңа технологиялық төңкеріс, жалпы компьютерлендіру және қоғамның ақпараттануы, істеп шығарудың интеллектуалдануы сияқты процестер дамыған мемлекеттерде қоғамның шүбәсіз о жаңа жағдайын келтіріп шығарды. Мұны ғалымдар «ақпарат қоғамы» деп атауда. Ғалымдардың пікірінше, «ақпарат қоғамы» индустриалды қоғамнан кейін келетін, қоғамның едәуір жоғары басқышы. Қазір индустриалды дамыған мемлекеттерде интеллектуалды еңбекпен жұмыс істеген тұрғындар саны бүкіл жұмысшы күшінің жартысына жақындасуда. АҚШ және Жапонияда

бұл көрсеткіш одан әрі жоғары. Егер Африкада тұрғындардың 2/3 бөлігі ауыл шаруашылығы саласында істесе, АҚШ-та бұл көрсеткіш 3%-дан аспайды. АҚШ-та ақпарат технологиялары саласында 80% тұрғындар еңбек етуде.



Пән және технологиялар

**Табиғи пәндер және медицина.** XX ғасырдың екінші жартысында биология, биохимия және медицинаның дамуы адам өмірінің күрт өзгеруіне, индустриалды қоғамның жаңа сапа басқышына өтуіне алып келді. XX ғасырда қарашешек, испан грипі, лаң, оба, сүзек, туберкулез, безгек сияқты аурулар Жер шарында 1 млрд.-қа жуық кісінің өліміне алып келді. Ғасыр соңына келіп жаңа жұқпалы ауру – ОИТС пайда болды. Соған карамай, дәл XX ғасырда тарихта бірінші рет жұқпалы аурулар адамдар өлімінің негізгі себебі болмай қалды. XX ғасырдың екінші жартысы, әсіресе, ғасыр аяғына келіп, жүрек-қан тамыр жүйесі және рак аурулары адамдар өлімінің бас себепшілеріне айналды. Биология, ауыл шаруашылығы және медицина пәніндегі төңкерістік жетістіктер нәтижесінде Жер шары тұрғындары ғасыр басындағы бір жарым



миллиард кісіден ғасыр аяғына келіп алты миллиард кісіге дейін көбейді. Өте көптеген ауруларға қарсы вакциналар жаратылды. Медицина техникасы саласындағы жетістіктер адамдардың өмір жасампаздығын жақсартты мірін ұзартты.

**Құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер.** Бұқаралық ақпарат құралдарының жетілуі оны адамдардың санасына, жүріс-тұрысына және көңіл-күйіне әсер етуші құдіретті құралға айналдырды. XX ғасырдың екінші жартысында жасанды серік арқылы телехабарларды көрсету, глобалды компьютер тармағын жарату арқылы адамзаттың рухани өмірін интернационализациялау үшін жағдай туылды. Осы қатынаспен адамдарда сұрақ туыла бастады: дәл қайсы құндылықтар, идеялар, фигуралар, көзқарастар енді универсал характерді көрсетеді, барша үшін жалпы болады? Айту мүмкін, қазір идеялар, мәдени құндылықтардың өзіне тән дүние базары пайда болды. Онда күшті мемлекеттер өзінің саяси және мәдени әсерін қамтамасыз ету үшін күресуде.

Барлық жерде радио мен телевиденияның кең таралуы, көпшілік мемлекеттерде тұрғындар сауат дәрежесінің өсуі тез пайда келтіретін, бұқаралық пайдаланушыға арналған көркем өнімдерге қажеттілігін келтіріп шығарды.

Бұқаралық мәдениет тек қана көңіл көтеретін, сондай-ақ белгілі идеологиялық мақсатты да көздеген жаппай көңіл көтерудің аудио және видео өнімдерін істеп шығарушы бүкіл өнеркәсіптің пайда болуына алып келді. Дүниенің жетекші корпорациялары мұнда өз өнімдерін тікелей және сатылы жарнама жасаудың күшті мүмкіндіктерін көрді. Кино, эстрада және спорт «жұлдыздарының» әйгілігі олардың өмір салтын, киіну әдісін, өмірлік және саяси көзқарастарын көпшілік, әсіресе, жастар еліктеуі үшін үлгіге айналдырды.



**XX ғасырдың екінші жартысында...**

**ГТТ – бұл ...**

**«Ақпарат қоғамдастығы» – бұл ...**

**Жаңа жұқпалы ауру ...**

Соңғы кезде көптеген халықтардың ұқсату объектісіне айналған Батыс цивилизациясы техникалық және технологиялық инновациялар, демократия және адам құқықтары сияқты түсініктермен бірге мәдени толеранттылық жаңадан жаңа ерекшеліктерін көрсетуде.

Бірқатар Батыс мемлекеттерінде бір жынысты адамдар арасында жанұя құрудың заңдастырылуы, әдет-ғұрыптар және діннің қарсылығына қарамай, бұл әдетті басқа жерлерде да бұқаралық етуге ұрынуы көпшілік тарапынан бүгінгі Батыс қоғамының рухани дағдарысы ретінде қаралуда. Осы себепті Батыстың өзінде де бұқаралық мәдениет көпшілік философтар, қоғамтанушы және мәдениеттанушылар тарапынан өте уайымшыл оқиға ретінде қаралуда. Ол әлемді өте орынды қабылдауға шақырғаны үшін интеллектуалды бұзылу көзі ретінде суреттелуде. Ғалымдардың пікірінше, бұқаралық мәдениет тұлғаның терең қажеттіліктерін жүзеге асыруға қарсылық етеді. Мінез-құлықтың еліктеу моделі адамдарда сылбыр, бейімделу, яғни дүниені қандай болса, осылайша қабылдауға дайындық психологиясын қалыптастырады.

**Әдебиет.** XX ғасыр аяғы–XXI ғасыр бастарына келіп әдеби процесер тез өзгерді, әр он жылда әдебиетте жаңа бағыт пайда болуда, жаңа мектептер қалыптасуда. Бұл дәуір әдебиетінде интеллектуалды іздену процесін жалғастыруда, ол заманауи қоғамның қажеттіліктерін және даму әдістерін танып білуге ұмтылуда.

Жаңа ғасырдың басында көптеген тілдерде басылған және үлкен тәртіпсіздікке себеп болған осындай шығармалардың бірі ауғанстандық Холид Хумайнидің «Самал артынан жүгіріп жатқан адам» деп аталған романы болды. Роман оқиғалары Кабулда «талибан» әрекеті шыңына шыққан дәуірде болды. Бұл– Әмір мен Хасан арасындағы достық тарихы. Онда адамдар арасындағы достық және міндеттің рухани негіздері туралы пікір жүргізіледі. Шығарма 2001 жыл қыркүйек оқиғаларынан кейін басылғаны үшін де үлкен қызығушылық оятты.

XXI ғасырда өзбек кітапсүйеріне жетіп келген тағы бір атақты шығарма бразилиялық жазушы Пауло Коэльоның «Алхимик» романы. Шығарма жастық, арман және оған ұмтылу туралы. «Өз тағдырына жету–міне адамның шынайы борышы», деп жазады П. Коэльо.

XX ғасырдың аяғы–XXI ғасыр бастарында дүние қауымдастығының назары түскен ең атақты шығармалардың бірі ағылшын жазушысы Жоан Роульдің атына тиісті «Гарри Поттер» туралы романдар болды. Ғалымдар үлкен тәрбиелік маңызға ие деп есептейтін бұл романдар өлімді де жеңіп өткен құдайжан өспірім Гарри Поттердің оқиғаларына арналған. Шығарма бүгінгі дүние әрдайымғыдай жақсылыққа, адамдарға жақсылық жетелеуші ұлы затқа мұқтаж екендігі, жақсылық жолы қазір әлдеқашаннан ауыр және қарама-

қайшылықты болса да, Гарри Поттердей таза ақкөңілді адамдар оларды жеңіп өтуі мүмкіндігі туралы баяндайды. Дәстүрлерді сақтап қалуға ұмтылған жазушы бұл шығармаларда қайталанбас образдар көмегінде өзінің өте сенімді көркем әлемін жаратуға қол жеткізді.

Бұл түрдегі шығармалардың көптігіне қарамай, бүгінгі әдебиеттің көп бөлігін негізінен коммерциялық және жарнама характердегі шығармалар құрауда.

Заманауи қоғам өз дамуының қажетті интеллектуалды бөлігі болған әдебиеттің мәні және проблемаларын, қоғамның әдебиетсіз бар болуы және дамуы мүмкін еместігін толық танып білуі шарт. Телевидение, радио және Интернет тармақтары арқылы берілетін күннің қажетті жаңалықтары қатарында баспадан шыққан кітаптарды ұсыну, оларды жарнама жасау күнделікті жайтқа айналуы шарт. Бұл негізінде заманауи қоғам мәдениетінің қажетті бөлігі, оны есепке алмау мүмкін емес.

**Өнер.** Заманауи өнер XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан дәстүрлер негізінде құрылды. Бұл дәуір өнері модернизмге қарама-қарсы, кейде оған күрт қарама-қарсы бағыттарды істеу, жаңа өнер тілін жаратуға ұрынумен характерленеді. Ол жаңа образдарды, көрсетудің жаңа материалды емес құрал және материалдарын іздеу процесінде пайда болды.

Ақпарат дәуірінің жаңа технологиялары, ақпараттың шектен көп екендігі, адам мен машина арасында қарама-қайшылыққа алып келді. Бұл қарама-қайшылықты шешу жолы ретінде телекоммуникацияға эстетикалық негіздерді алып кіру, оны ақпарат жеткізу функциясынан азат ету, осы орайда, көрсетілімдер мазмұнын шығыстық мистицизм, иррационалды негізбен толтыру ұсынылады. Интеллектті «іске салмай», тікелей адамның ішкі әлеміне назар салу – бұл фактор компьютер графикасы, видеоклиптер жарату сияқты өнердің жаңа түрлерінде, шамалы заманауи кино өнерінде қолданылуда.



**XX ғасырдың екінші жартысы, әсіресе, ғасыр аяғына келіп, жүрек-қан тамыр жүйесі және рак аурулары адамдар өлімінің бас себепшілеріне айналды.**

**Биология, ауыл шаруашылығы және медицина пәніндегі төңкерісшіл жетістіктер нәтижесінде Жер шары тұрғындары ғасыр басындағы бір жарым миллиард кісіден ғасыр аяғына келіп алты миллиард кісіге дейін көбейді.**

Телекоммуникациялардың глобалды тармағы, бұқаралық мәдениет пайда болуының ең қажетті нәтижесі көркем өнердің әлеуметтік-саяси рөлі асқандығында көрініс тапты. Енді өнер тек өмірдің көрінісі болмай, әлеуметтік реалдықты қалыптастыратын факторға да айналды. Содан келіп шығып, бірқатар суретшілер «пост-демократиялық қоғамда» өнер билік қолындағы қаруға айналады, деп мазасыздану білдіруде.



**Вакцина** – жұқпалы ауруларға қарсы емдеуде қолданылатын құрал.

**Мистицизм** – бұл мистикаға бейімділік, мистикаға негізделген діни-идеалистік дүниеге көзқарас формасы.

**Иррационалды** – бұл болмысты білуде сананың мүмкіндіктерінен бас тартушы яки оны өте шектелген деп білетін философиялық концепсия.

**Бұқаралық мәдениет** – бұл заманауи қоғам өмірінің дерлік барша салаларына кіріп келген тұрмыстық, ойын-сауық пен ақпарат мәдениеті.

### Пысықтау үшін сұрақ пен тапсырмалар

1. ҒТТ дамыған мемлекеттерде қоғамның қандай сапа өзгерістері көзге түсті?
2. Сен құндылықтар жүйесінің интернационалдану процесіне қалай қарайсың? Онда ұлттық мәдениеттер үшін қандай қауіп жасырынған?
3. Бұқаралық мәдениет қоғамдағы құндылықтар жүйесіне қалай әсер етуде?
4. Заманауи ақпарат құралдары әдебиет және өнерде қандай жаңа бағыттар мен проблемаларды келтіріп шығаруда?
5. Қазіргі дәуір әдебиетінің кітапта келтірілген үлгілерінен қайсысын оқығансың? Олар туралы айтып бер.

### Өзіндік жұмыс



Интернет көмегінде «XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың бастарында ғылым, әдебиет, өнер» тақырыптарын көрсететін видеоролик дайында және презентацияға дайындық жаса.

## МАЗМУНЫ

Кіріспе ..... 3

### I ТАРАУ. XX ҒАСЫР АЯҒЫ–XXI ҒАСЫР БАСТАРЫНДА ДҮНИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

1-тақырып. XX ғасыр аяғы–XXI ғасыр бастарында халықаралық қатынастар.....	4
2-тақырып. Шығыс Еуропа мемлекеттерінде демократиялық төңкерістер мен социалистік лагерьдің ыдырауы.....	9
3-тақырып. Советтік мемлекеттің ыдырауы және бұрынғы советтік республикаларында тәуелсіздіктің жариялануы .....	15

### II ТАРАУ. 1991–2017 ЖЫЛДАРДА ДҮНИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

4-тақырып. 1991–2017 жылдарда Ресей федерациясы .....	19
5-тақырып. 1991–2017 жылдарда Украина, Беларусь және Молдова Республикалары.....	23
6-тақырып. 1991–2017 жылдарда Балтық бойы мемлекеттері.....	29
7-тақырып. 1991–2017 жылдарда Күнгей Кавказ мемлекеттері .....	33
8-тақырып. 1991–2017 жылдарда Орталық Азия мемлекеттері .....	38
9-тақырып. Батыс мемлекеттерінде интеграциялану процестерінің жеделдеуі. Еуропа одағы және АҚШ қатынастары .....	44
10-тақырып. 1991–2017 жылдарда Америка құрама штаттары .....	48
11-тақырып. 1991–2017 жылдарда Германия Федеративтік Республикасы.....	52
12-тақырып. 1991–2017 жылдарда Ұлыбритания .....	55
13-тақырып. 1991–2017 жылдарда Франция .....	60
14-тақырып. 1991–2017 жылдарда Италия .....	64
15-тақырып. Азия, Африка және Латын Америкасы мемлекеттерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары.....	68
16-тақырып. 1991–2017 жылдарда Қытай Халық Республикасы .....	72

17-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Жапония .....	77
18-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері.....	81
19-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Үндістан Республикасы.....	85
20-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Туркия Республикасы .....	90
21-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Иран ислам Республикасы .....	94
22-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Пәкістан және Ауғанстан.....	98
23-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Сирия және Ирак.....	104
24-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Израиль мемлекеті және Палестин проблемасы.....	109
25-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Латын америкасы мемлекеттері...	113
26-тақырып.	1991 – 2017 жылдарда Африка мемлекеттері.....	118

### **III ТАРАУ. ЖАҢА МЫҢЖЫЛДЫҚ БАСТАРЫНДА ДҮНИЕ ЦИВИЛИЗАЦИЯСЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

27-тақырып.	XX ғасыр аяғы – XX ғасыр бастарында жаһандану проблемалары, әскери, экстремистік және экологиялық қауіп-қатерлер .....	124
28-тақырып.	XX ғасыр аяғы – XX ғасыр бастарында тұрақты даму және этно-әлеуметтік проблемалар .....	130
29-тақырып.	XX ғасыр аяғы – XX ғасыр бастарында ғылыми-техникалық өркендеу. Пән, әдебиет, өнер .....	135

Shuhrat Ergashev, Begzod Xodjayev,  
Jamshid Abdullayev

# JAHON TARIXI

(1918 – 1991-yillar)

O'rta ta'lim muassasalarining 11-sinfi uchun darslik

Birinchi nashr

*(qozoq tilida)*

«TURON-IQBOL»

Toshkent, 100182. H.Boyqaro ko'chasi, 51-uy.  
Toshkent–2018

Аудармашы	Д. Бектаева
Редакторы	Ф. Есиркепова, У.Байқабилов
Көркемдеуші редакторы	Е. Абдикайырова
Техникалық редакторы	А. Юлдашева
Корректоры	Б. Шухратов
Компьютерде беттеген	А. Мухаммадиев

Баспа лицензиясы АІ №223, 16.11.12.

Басуға 2018 жылы 29 июньде қыркүйекте рұқсат етілді. Пішімі 70×100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Офсеттік әдіспен басылды. «Times New Roman» гарнитурасы.

Шартты баспа табағы 10,53. Есептік б. т. 9,95. Таралымы 5 190 нұсқа.

Тапсырыс 18-279.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің «O'zbekiston»  
баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100011, Ташкент, Науаи көшесі, 30 ф.

*Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте*

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						

*Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жогарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемі негізінде толтырады:*

<b>Жаңа</b>	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
<b>Жақсы</b>	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
<b>Орташа</b>	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлы жөндеген.
<b>Нашар</b>	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.